2 Шетелдік компания ауылды дамытуға 1,5 млрд теңгеге дейін қаржы бөлмек



3 «Ауыл мектебі» жобасы бастау алады



16+

DIDAR

«DIDAR» ГАЗЕТІ SHYĠYS AQPARAT ТАУАР МАРКАСЫМЕН ҰСЫНЫЛҒАН

Altainews MEDIA CENTRE

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

1931 жылдың 24 қазанынан шығады №39 (18599) 24 қыркүйек 2026 жыл WWW.DIDARGAZETI.KZ

6

МАРҚАКӨЛ АУДАНЫНДА ТУРИЗМ МЕН ӨНДІРІС ӨРКЕНДЕЙДІ

12 Той жасау ма, жарысу ма: қуаныштың құны қанша?











17 Еліміздегі ең биік көпірдің құрылысы аяқталуға жақын





#ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Олжас Бектенов бейнебақылау жүйелері мен автомектептерді тексеруді тапсырды

Роксана ГЛЫБОВА, Айгүл ӘЛІМСЕЙІТ
Ақорда

Қазақстанда жол қауіпсіздігін бақылауға арналған барлық камераның қаншалықты тиімді жұмыс істеп тұрғаны тексеріледі. Премьер-министр Олжас Бектенов Ішкі істер министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, орнатылған бейнебақылау жүйелерін түгел тексеруді тапсырды.

Үкімет отырысында жол-көлік оқиғаларының алдын алу шаралары қаралды. Жиында жол апаттарының басым бөлігі елді мекендерде болатыны айтылды. Соның ішінде көлік жүргізу кезінде ұялы телефон пайдалану да апатқа әкелетін факторлардың бірі ретінде аталды.

Премьер-министр автоматтандырылған жүйелер жүргізушілердің рөлде отырып телефон пайдалану фактілерін анықтауға басымдық беруі қажет екенін айтты.

– Жолдардағы автоматтандырылған жүйелер көлік жүргізу кезінде телефон пайдалану фактілерін барынша анықтауға бағытталуы тиіс. Жалпы Ішкі істер министрлігі әкімдіктермен бірлесіп, орнатылған барлық камераның жұмысын тексеріп шыққаны жөн, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Үкімет басшысы жаяу жүргіншілер қатысатын жол апаттарына да тоқталды. Осыған байланысты әкімдіктерге қауіпті учаскелердегі бейнетіркеу жүйелерін көбейту тапсырылды. Әсіресе білім беру ұйымдарының маңында қауіпсіздікті күшейту қажет.

«Әкімдіктерге осындай учаскелерде бейнетіркеу жүйелерін орнату ауқымын кеңейтуді тапсырамын. Әсіресе, білім беру ұйымдарының маңында кері санау таблосы бар заманауи бағдаршамдар орнатуды қамтамасыз ету қажет. Ішкі істер министрлігі көшелердің қауіпсіз дизайны элементтерін енгізу бойынша халықаралық тәжірибені зерделеуі тиіс, – деп тапсырды Олжас Бектенов.

Премьер-министр жолға жаңадан шыққан жүргізушілерге де ерекше назар аударды. Оның айтуынша, бұл санаттағы жүргізушілердің жол жағдайын және өз мүмкіндігін дұрыс бағаламауы, сондай-ақ жол ережесін бұзуы жол-көлік оқиғаларына себеп болып жатады. Сондықтан автомектептердің жұмысына қойылатын талаптарды күшейту ұсынылды.

– Ішкі істер министрлігіне көлік жүргізушілерін даярлау сапасын арттыру мақсатында оқу ұйымдарының қызметін реттеу және үйлестіру жұмыстарын күшейтуді тапсырамын. Бұзушылықтар анықталған жағдайда міндетін адал атқармаған автомектептерді жалпы тізілімнен шығару қажет, – деді Олжас Бектенов.

ЖОЛ АПАТЫНАН ҚАЗА ТАПҚАНДАР САНЫ 37,5%–ҒА АЗАЙДЫ

Шығыс Қазақстан облысында жол-көлік оқиғаларының саны 16,3%-ға, жол апатынан қаза тапқандар 37,5%-ға, ал жарақат алғандар 18,1%-ға азайған.

Ішкі істер министрі Ержан Саденовтің мәліметінше, жыл басынан бері республика бойынша жол-көлік оқиғаларының саны 5%-ға төмендеген. Жол апаттарынан қаза тапқандар 15%-ға, жарақат алғандар 6%-ға азайған. Шығыс Қазақстандағы көрсеткіштер де оң динамиканы көрсетіп отыр. Өңірде тіркелген жол апаттары 16,3%-ға кемісе, қаза болғандар саны 37,5%-ға, жарақат алғандар 18,1%-ға азайған.



Жол қозғалысын бақылауда цифрлық технологияларды қолдану да кеңейіп келеді. Атап айтқанда, «ТОР» цифрлық платформасы, мобильді кешендер, орташа жылдамдықты бақылау жүйесі және жасанды интеллект элементтері енгізілуде. Қазір жол қауіпсіздігін бақылауға 372 дрон, жасырын патрульдеуге арналған 80 автокөлік, сондай-ақ лазерлік жүйелер мен орташа жылдамдықты өлшейтін құралдар жұмылдырылған.

Сонымен қатар, өңірлерде, оның ішінде Шығыс Қазақстанда да бірқатар жаяу жүргіншілер өткелінде «ақылды» өткелдер мен бағдаршамдардың жеткіліксіз екені айтылды. «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашевтің айтуынша, 2026 жылдың сегіз айында республикалық маңызы бар жолдарда жол-көлік оқиғалары 10%-ға, қаза болғандар саны 14%-ға, жарақат алғандар 11%-ға азайған. Жол апаттарының негізгі себептерінің қатарында жылдамдықты шамадан тыс арттыру, қарсы бағытқа шығып кету, арақашықтықты сақтамау және көлік құралын басқаруды жоғалту бар.

Апат қаупі жоғары республикалық жолдардың қатарында Алматы – Өскемен бағыты да аталды. Бұл трассада жыл басынан бері 12 адам жол апатынан қаза болған.

Жолдардың сапасын жақсарту мақсатында биыл орташа жөндеу жұмыстарына жалпы ұзындығы 4 242 шақырым болатын 141 учаске қамтылған. Сонымен қатар, атқарылған жұмыстардың кепілдік мерзімі екі жылдан бес жылға дейін ұзартылған.

МЕКТЕП МАҢЫНДА ПАТРУЛЬ САНЫ АРТТЫ

Облыста жол қауіпсіздігін бақылау күшейтілді. Мектептер маңында және республикалық маңызы бар автожолдарда патрульдік нарядтардың саны артты. Бұл туралы ШҚО Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Талғат Нұриев мәлімдеді.

Өңірде 15 тамыздан 30 қыркүйекке дейін «Абайлаңыз, балалар!» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтіп жатыр. Осыған байланысты мектептер маңына патрульдік нарядтар қойылып, балалардың сабаққа келіп-кету уақытына ерекше назар аударылуда.

Талғат Нұриевтің айтуынша, аталған кезеңде мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардың маңында кәмелетке толмағандар қатысқан ауыр жол-көлік оқиғалары тіркелмеген. Республикалық маңызы бар автожолдарда да патрульдік бақылау күшейтілді. Жекелеген учаскелерде үш нарядтың орнына алтыға дейін патрульдік көлік шығарылған. Бақылау мереке күндерімен қатар, жұма, сенбі және жексенбі күндері де күшейтіледі.

Жылдамдық режимін сақтау тәртібін бақылау үшін облыста 20 «Кибер-шериф» автопатрулі жұмыс істейді. Сонымен қатар, жасырын патрульдеу әдісі қолданылады. Бұл жағдайда арнайы бояуы мен жарқылдауық шамдары жоқ, сырт көзге қарапайым көліктен айырмасы байқалмайтын автомобильдер пайдаланылады.

Республикалық маңызы бар трассаларда жол қозғалысын бақылау үшін дрондар да тұрақты түрде қолданылады.

Полиция электросамокат пен мопед пайдаланушылардың қауіпсіздігіне де ерекше назар аударып отыр. Еске сала кетейік, 2026 жылғы 25 тамыздан бастап Қазақстанда электрсамокаттарды пайдалануға қатысты жаңа талаптар күшіне енді. Енді электрсамокатпен тротуарда жүруге тыйым салынған. Ал жолдың жүріс бөлігіне шығу үшін жүргізуші куәлігі қажет. Сонымен қатар, электрсамокаттарды міндетті түрде тіркеу енгізілді.

– Бұл заң кикшеринг компанияларына да бірқатар міндет жүктейді. Олар тіркеу нөмірлерін орнатуы тиіс. Бұл қажет болған жағдайда электрсамокатты нақты сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Барлық дерек кикшеринг компаниясының базасында сақталады. Қазіргі таңда облыста 350 электрсамокат тіркелген. Жаңа талаптардың арқасында бүгінгі күні электрсамокаттардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалары тіркелген жоқ, – деді Талғат Нұриев.

#МЕМОРАНДУМ

Қытай компаниясы ауылды дамытуға 1,5 млрд теңгеге дейін қаржы бөлмек

Наргиз ЕРКІНБЕКОВА
Ринат ЖҰМАГҰЛОВ

Облыста қытайлық компаниялармен әріптестік аясын кеңейтуге бағытталған жұмыстар жалғасуда. Осы орайда облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов пен «Dengbo Success Minerals Ltd.» компаниясының бас директоры Цзинь Шэн өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Құжат өңірдегі әлеуметтік жобаларды қолдауды көздейді. Атап айтқанда, халыққа көмек көрсету, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу және жергілікті бизнесті қолдау мәселелері қамтылған.

Меморандум аясында Верхнеберезовский ауылына ерекше назар аударылған. Компания 2027-2035 жылдар аралығында елді мекеннің әлеуметтік қажеттіліктеріне 1,5 млрд теңгеге дейін қаржы бөлуді қарастырып отыр. Бұл қаражат әлеуметтік осал санаттағы тұрғындарға көмек көрсетуге, қоғамдық және әлеуметтік іс-шараларды өткізуге, сондай-ақ әлеуметтік нысандардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталмақ.

– Бұл меморандумға қол қою – өзара іс-қимылды нығайтып, ұзақ мерзімді серіктестік қатынастарды қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Қол жеткізілген уағдаластықтар іс жүзінде кезең-кезеңімен жүзеге асып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосатынына сенімдімін. Ынтымақтастықтарыңыз үшін алғыс айтамын және бірлескен жұмысымызға табыс тілеймін, – деді облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов.

Компания өкілдерінің айтуынша, әлеуметтік қолдау өңір тұрғындарына «Инватакси» автокөлігін алып беруден басталады. Көлік мұқтаж жандардың игілігіне беріледі.

– Бізді тау-кен өндірісі саласындағы жұмыс қана емес, әлеуметтік бастамаларды қолдау да қызықтырады. Ең алдымен, «Инватакси» автокөлігін сатып алып, оны өңірдегі мұқтаж тұрғындарға беруді жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар, компаниямыздың Ұлан ауданында литий өндіру жобасын жүзеге асыруға да мүдделі екенін атап өткім келеді, – деді «Dengbo Success Minerals Ltd.» компаниясының бас директоры Цзинь Шэн.



Айта кетейік, бұдан шамамен бір жыл бұрын аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағанов пен «Dengbo Success Minerals Ltd.» компаниясының басшылығы «Ново-Березовское» кен орнындағы полиметалл кенін өндіру және өңдеу саласындағы ынтымақтастықты көздейтін алғашқы меморандумға қол қойған болатын. Осылайша, жаңа құжат Шығыс Қазақстан облысы мен қытайлық компания арасындағы бұған дейін басталған әріптестікті жалғастырып, ынтымақтастықтың әлеуметтік бағытын толықтырып отыр.

#БІЛІМ

«Қазақстан халқына» қорының «Ауыл мектебі» жобасы бастау алады

Елизавета СЕДЫХ,
Айгүл ӘЛІМСЕЙІТ
Ринат ЖҰМАҒҰЛОВ

Шығыс Қазақстанда ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасындағы алшақтықты азайтуға бағытталған ауқымды жоба жүзеге асырылады. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Қамқоршылық кеңесі облыс әкімдігінің қатысуымен өткен отырыста «QH Ауыл мектебі: тең мүмкіндік – Шығыс Қазақстан облысы» қайырымдылық жобасын мақұлдады. Жобаның жалпы құны 2,88 млрд теңгені құрайды.



Жобаны қаржыландырудың негізгі бөлігін – 2,46 млрд теңгені «Қазақстан халқына» қоры бөледі. Бұл қаражат облыстағы 36 шағын жинақты және 30 толық жинақты ауыл мектебінде 151 заманауи оқу кабинетін жабдықтауға бағытталады.

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің үлесі 346,7 млн теңгені құрайды. Облыстық бюджет есебінен жаңа кабинеттерге арналған бөлмелерді жөндеу, педагогтердің біліктілігін арттыру, тірек мектептердегі интернет жылдамдығын арттыру және онлайн сабақ өткізетін мұғалімдерге қосымша ақы төлеу қарастырылған.

– Облыс әкімдігі өз тарапынан жобаны толық әкімшілік және инфрақұрылымдық тұрғыдан сүйемелдеуді қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта жаңа кабинеттер орнатылатын мектептерде жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Олар қазан айының басында аяқталады, – деді облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов.

Аймақ басшысы қордың облыстағы білім беру саласын дамытуға қосып отырған үлесі үшін алғыс білдірді.

– Бұл жұмыстың жүзеге асырылуын білім басқармасымен қатар, цифрландыру басқармасы да қадағалайтын болады, – деді аймақ басшысы.

Осы ретте Нұрымбет Сақтағанов жоба жүзеге асатын мектептердегі интернет сапасына ерекше назар аударуды тапсырды. Жоба облыстағы ауыл мектептерінің өзекті мәселелерін жүйелі түрде шешуге бағытталған. ШҚО-дағы 258 мемлекеттік мектептің 195-і шағын жинақты білім беру ұйымдарына жатады.

Білім сапасындағы алшақтық МОДО-2025 нәтижелерінен де байқалады. Мәселен, 9-сынып оқушыларының математикалық сауаттылығы бойынша қала мектептері 55 баллға жоғары нәтиже көрсеткен – тиісінше 578 және 523 балл. Ал ауыл мектептеріндегі химия пәні бойынша дұрыс жауаптардың үлесі небәрі 38,9 пайызды құраған.

Жоба екі негізгі бағытты қамтиды. Біріншісі – шағын жинақты мектептерді дамыту. 14 тірек мектепке шағын жинақты білім беру ұйымдары бекітіледі. 5-11 сынып оқушылары үшін жеті пән бойынша – физика, химия, биология, математика, география, информатика және ағылшын тілі – шағын топтарда онлайн сабақтар ұйымдастырылады.

Оқу процесінің сапалы өтуі үшін тірек мектептердегі интернет жылдамдығы секундына 100 Мбитке дейін арттырылады. Сонымен қатар 36 шағын жинақты мектепте 61 цифрлық және ғылыми кабинет жабдықталады.

Екінші бағыт – толық жинақты ауыл мектептерін дамыту. Өңірдегі 30 толық жинақты мектепте физика, химия және биология пәндеріне арналған 90 мамандандырылған зертхана ашылады.

Жобада педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыруға да басымдық берілген. Облыстық бюджет есебінен 1255 мұғалім мен мектеп басшысы біліктілікті арттыру курстарынан өтеді. Мұғалімдерге менторлық қолдау көрсетіп, құндылыққа бағдарланған білім беруді енгізуді «Білім-Инновация» халықаралық қоғамдық қоры жүзеге асырады. Ал оқушылардың білім деңгейіндегі өзгерістерге тәуелсіз бағалауды «EduCon» ЖШС сарапшылары жүргізеді.

Жобаны іске асыру нәтижесінде Шығыс Қазақстанның ауыл мектептеріндегі оқушылардың заманауи білім беру технологияларына қолжетімділігін арттырып, қала мен ауыл балаларына білім алуда тең мүмкіндік жасалмақ.

#ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

267 келі есірткі тәркіленіп, мыңға жуық заңсыз интернет-ресурс бұғатталды



Облыста есірткі қылмысына қарсы күрес тек құқық бұзушылықтарды анықтаумен шектелмей, оның алдын алу, тәуекел тобындағы азаматтарды ерте анықтау және есірткінің интернет арқылы таралу арналарына тосқауыл қою бағытында жүргізіліп жатыр. Жыл басынан бері өңірде есірткіге қатысты 202 құқық бұзушылық анықталып, заңсыз айналымнан 267 келі есірткі тәркіленген. Бұл туралы Өңірлік ведомствоаралық штаб отырысында айтылды.

Жиында есірткі қылмысының қазіргі ахуалы мен оның алдын алу бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижелері талқыланды. Мамандардың айтуынша, бұл бағыттағы жұмыстың маңызды бөлігі – есірткіге тәуелділіктің алдын алу және психобелсенді заттарды қолдануға бейім азаматтарды ерте анықтау.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, психикалық денсаулық орталығының медицина қызметкерлері прокуратура, полиция, Қаржылық мониторинг агенттігінің аумақтық департаменті және төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп, ақпараттық әрі емдеу-профилактикалық жұмыстар жүргізген.

Науқан аясында дәрігерлер мен сарапшылардың қатысуымен 25 ірі ведомствоаралық іс-шара ұйымдастырылды. Негізгі назар жасөспірімдер мен студенттерге, әскери қызметшілерге және еңбек ұжымдарына аударылды. Дәрістер, семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізіліп, тұрғындарға психиатр-наркологтардың анонимді консультациясы ұсынылды. Сонымен қатар тәуекел тобындағы адамдарды ерте анықтау үшін психобелсенді заттарды қолдануға қатысты ерікті тестілеу жүргізілді.

Есірткі бизнесінің интернет кеңістігіне ауысуы құқық қорғау органдары үшін жаңа міндеттерді алға шығарып отыр. Осы бағытта «Кибербақылау» жүйесі арқылы есірткі таратумен байланысты мыңға жуық сайт пен интернет-ресурс бұғатталған.

Ал полиция дерегіне сәйкес, жыл басынан бері облыста 202 есірткіге қатысты құқық бұзушылық анықталған. Оның 92-сі есірткі заттарын өткізу фактілеріне қатысты. Заңсыз айналымнан 267 келі есірткі тәркіленген.

Есірткі қылмысының алдын алуда халықпен тікелей жұмысқа да басымдық берілген. Өңірдің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының мәліметінше, полицияның мемлекеттік органдармен, волонтерлермен және қоғам өкілдерімен бірлескен жұмысы профилактикалық шараларды, әсіресе, жастар арасында күшейтуге мүмкіндік берген.

Жыл басынан бері 31 мыңнан астам адамды қамтыған 43 профилактикалық іс-шара өткізілді. Акциялар, рейдтер мен спорттық шараларға 45 волонтер және есірткіге байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңес мүшелері қатысты.

Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне орай өткен облыстық «Free Life Fest» фестиваліне 2,5 мыңнан астам адам жиналды. Жалпы, жыл басынан бері өңірде есірткіге қарсы бағытта 500-ге жуық іс-шара өткізіліп, олармен 107 мың адам қамтылған.

Жиын қорытындысында облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов есірткі бизнесінің цифрлануына байланысты профилактикалық жұмысты тұрақты әрі жүйелі түрде жүргізудің маңызын атап өтті.

– Нашақорлық пен есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл – өңір деңгейінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі элементтерінің бірі. Есірткі бизнесінің цифрлануына байланысты қазіргі сын-қатерлер профилактикалық жұмыста жекелеген акциялардан үздіксіз әрі жүйелі жұмысқа көшуді талап етеді.

Полиция департаментіне білім, цифрландыру және ішкі саясат басқармаларымен бірлесіп, интернет кеңістігіне мониторинг жүргізуді күшейтуді тапсырамын. Бұл заңға қайшы ресурстарды жедел анықтап, бұғаттауға, синтетикалық заттарды тарату арналарының жолын кесуге мүмкіндік береді. Денсаулық сақтау басқармасы тәуекел тобына жататын адамдарды ерте анықтау алгоритмдерін жетілдіріп, емдеу және оңалту жұмыстарын күшейтуі қажет. Осы бағыттағы барлық мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының үйлесімді жұмысы менің жеке бақылауымда, – деп қорытындылады аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағанов.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

#ОБЛЫС ӘКІМІ: ІССАПАР, БАҒЫТ-БАҒДАР

Катонқарағайда ендігі міндет – қызмет сапасын арттыру



Қуаныш РАХМЕТОЛЛАҰЛЫ
Ринат ЖҰМАҒҰЛОВ, облыс әкімінің баспасөз қызметі

Катонқарағай ауданында туризм біртіндеп экономиканың маңызды бағыттарының біріне айналып келеді. 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығында ауданға 11 300 турист келген. Осы кезеңде көрсетілген туристік қызмет көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда екі есеге артқан.

Бұл туралы облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановтың Катонқарағай ауданы тұрғындарымен кездесуінде айтылды. Бүгінде ауданда туристерді қабылдайтын жалпы сыйымдылығы 1289 орынды құрайтын 66 нысан жұмыс істейді. Жыл басынан бергі статистикаға «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» халықаралық фестиваліне келген қонақтар енгізілмеген.

Бұл Катонқарағайдағы туристік сұраныстың артып келе жатқанын көрсетеді. Алайда туристер санының өсуі ауданның әлеуетін толық пайдаланғанын білдірмейді. Алдағы кезеңде туристік нысандарды дамыту, қызмет көрсету сапасын жақсарту және инфрақұрылымды жетілдіру негізгі міндеттердің қатарында тұр.

Облыс әкімі ауданның туристік мүмкіндігі бұдан да жоғары екенін атап өтті.

– Катонқарағай ауданының туристік әлеуеті өте жоғары. Бүгінде бұл бағытта нақты өсім бар. Туристік қызмет көлемінің екі есеге артуы – атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесі. Ендігі міндет – туристер санын ғана көбейту емес, оларға көрсетілетін қызмет сапасын арттырып, ауданның туристік инфрақұрылымын одан әрі дамыту, – деді аймақ басшысы.

Аудандағы табиғи және тарихи-мәдени нысандардың көптігі туризмді тек келушілер санын арттыратын сала емес, жергілікті экономиканы әртараптандырудың тетігі ретінде дамытуға мүмкіндік береді. Туристік ағынның өсуі орналастыру орындары, тамақтану, көлік, гид қызметі мен шағын кәсіпкерлік сияқты ілеспе бағыттарға да сұранысты арттырады.

Сондықтан алдағы міндет туристік ағынды ұлғайтумен қатар, оның аудан экономикасына беретін әсерін күшейтуге бағытталмақ. Бұл ретте инфрақұрылымның қолжетімділігі, қызмет көрсету сапасы және туристер үшін ұсынылатын қызмет түрлерін көбейту маңызды.

Кездесуде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен алдағы міндеттер де талқыланды.

ДАЙЫН ӨНІМ ӨНДІРІСІНЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛМЕК

Катонқарағайда ауыл шаруашылығы тек дәстүрлі мал шаруашылығымен шектелмейді. Таулы өңірдің табиғи ерекшелігі марал өсіруге, құс шаруашылығын дамытуға және омарташылықпен айналысуға мүмкіндік беріп отыр. Қазір ауданда осы бағыттардың әрқайсысында өндірісті ұлғайтуға бағытталған жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінде Катонқарағайда 11 марал шаруашылығы жұмыс істейді. Бұл – өңір үшін тарихи қалыптасқан кәсіптің бірі. Ауданның табиғи жағдайы марал өсіруге қолайлы болғандықтан, алдағы уақытта шаруашылықтарды асыл тұқымды маралдармен толықтыру жоспарланып отыр.

Құс шаруашылығында да алғашқы қадамдар жасалуда. Қазір Башқұртстаннан әкелінген 1000 бас қаз өсіріліп жатыр. Жаңа бағыттың кеңеюі ауданның жергілікті өнім көлемін арттыруға мүмкіндік бермек.

Ал омарташылық Катонқарағай үшін қалыптасқан әрі өнімді шаруашылық бағыттарының бірі саналады. Таулы өлкенің гүлді алқаптары ара өсіруге қолайлы. Бүгінде аудан бал және басқа да ара өнімдерін өндіру көлемі бойынша облыста екінші орында. Өткен кезеңде 588 тонна өнім өндірілген.

> ***Нұрымбет Сақтағанов:*** *«Катонқарағай сияқты туристік әлеуеті жоғары аудандарда тұрғын үй мәселесі ерекше назарды қажет етеді. Ауылға қажетті мамандарды тарту үшін оларға тек жұмыс орнын емес, баспана мәселесін де шешуге жағдай жасауымыз керек. Сондықтан құрылыс басқармасына осы бағытта арнайы бағдарлама әзірлеуді тапсырамын. Оның аясында жас мамандарға арналған тұрғын үйлер салу мүмкіндігін қарастыру қажет».*

– Бұл – үлкен көрсеткіш. Ең бастысы, осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, өндіріс көлемін арттырумен қатар, дайын өнімді өткізу нарығын кеңейтуіміз керек, – деді облыс әкімі.

Катонқарағайдағы бұл үш бағыттың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Марал шаруашылығы – ауданның тарихи бренді, омарташылық – табиғи жағдайға негізделген қалыптасқан кәсіп, ал құс өсіру – өндірісті әртараптандырудың жаңа бағыты. Оларды дамыту ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттырумен бірге, жергілікті кәсіпкерліктің аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

АРНАЙЫ ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ ТАПСЫРЫЛДЫ

Катонқарағай ауданында баспана бағасының қымбаттығы ауылға келген жас мамандарға қиындық туғызып отыр. Бұл мәселе кездесу барысында көтерілді.

«Дипломмен – ауылға» бағдарламасы арқылы ауданға келген дәрігердің айтуынша, бүгінде Катонқарағайда тұрғын үй бағасы шамамен 20 миллион теңгеге дейін жетеді. Ал бағдарлама аясында мамандарға берілетін тұрғын үйге арналған қолдау көлемі шамамен 2500 АЕК, яғни, 10 миллион теңге көлемінде. Бұл қаражат ауданнан үй сатып алуға жеткіліксіз.

Ауыл тұрғынының айтуынша, Катонқарағай – туристік әлеуеті жоғары аудан. Соңғы жылдары туристік нысандардың көбейіп, сұраныстың артуы тұрғын үй бағасына да әсер етіп отыр. Сондықтан ол ауылға қызмет етуге келген дәрігерлер, мұғалімдер және басқа да қажетті мамандар үшін қолжетімді тұрғын үйлер салу мәселесін қарастыруды ұсынды.

Мәселені тыңдаған облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысына жас мамандарды баспанамен қамтуға бағытталған арнайы бағдарлама әзірлеуді тапсырды.

– Катонқарағай сияқты туристік әлеуеті жоғары аудандарда тұрғын үй мәселесі ерекше назарды қажет етеді. Ауылға қажетті мамандарды тарту үшін оларға тек жұмыс орнын емес, баспана мәселесін де шешуге жағдай жасауымыз керек. Сондықтан құрылыс басқармасына осы бағытта арнайы бағдарлама әзірлеуді тапсырамын. Оның аясында жас мамандарға арналған тұрғын үйлер салу мүмкіндігін қарастыру қажет, – деді аймақ басшысы.

Баспана мәселесінің шешілуі – ауылға кадр тартудың ғана емес, олардың елді мекенде тұрақтап қалуының да маңызды шарты. Әсіресе, шалғай аудандарда дәрігер, мұғалім және басқа да әлеуметтік сала мамандарына қолайлы жағдай жасау өзекті.

Катонқарағайдағы ұсыныс осы мәселені жүйелі түрде шешуге бағытталған жаңа тетіктің негізі болуы мүмкін.

ЖАҢА ӘУЕЖАЙ ҚҰРЫЛЫСЫ 76 ПАЙЫЗҒА АЯҚТАЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Катонқарағай ауданында салынып жатқан жаңа әуежай құрылысының жалпы дайындық деңгейі 76 пайызға жуықтады. Қазір нысан аумағында 350 адам мен 158 техника жұмыс істеп жатыр.

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов әуежайдағы құрылыс жұмыстарын тексеріп, нысандағы негізгі инфрақұрылымның жай-күйімен танысты. Қазір ұшу-қону жолағы, перрон және рульдеу жолы дайын. Республикалық маңызы бар автомобиль жолы мен блокты-модульдік қазандықтың құрылысы да аяқталған.

Бүгінде негізгі жұмыстар аэровокзал ғимаратында, диспетчерлік мұнарада, қызметтік нысандар мен инженерлік желілерде жүргізіліп жатыр.

Жаңа әуежай нөлден бастап салынып жатқандықтан, құрылыс жұмыстарының ауқымы үлкен. Нысанның іске қосылуы Катонқарағайдың туристік әлеуетін арттырып, ауданның өңір тұрғындары мен қонақтары үшін қолжетімділігін жақсартуға мүмкіндік береді.

Аймақ басшысы мердігерге құрылыс кестесін қатаң сақтап, жұмыстардың сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.



Үлкен Нарынның әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін берілмек

Қуаныш РАХМЕТОЛЛАҰЛЫ
Ринат ЖҰМАҒҰЛОВ

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов Үлкен Нарын ауданының халқымен кездесіп, өлкенің әлеуметтік-экономикалық даму барысын талқылады. Кездесуде ауданның негізгі даму бағыттарымен бірге туризм саласының әлеуетін тиімді пайдалану және туристерге қолайлы жағдай жасау мәселесі көтерілді.

ҮЛКЕН НАРЫННЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛМЕК

Табиғаты көркем, тарихи-мәдени нысандары мол Үлкен Нарын ауданы туризмді дамытуға қолайлы өңірлердің бірі. Соңғы жылдары мұнда саяхатшыларды қабылдауға қажетті инфрақұрылымды қалыптастыруға көңіл бөлініп келеді.

Қазір аудан аумағында туристерді орналастыруға арналған 9 нысан жұмыс істейді. Сонымен қатар, ауылдың кіреберісінде заманауи жол бойы сервисі іске қосылған. Мұндай нысандар саяхатшыларға қолайлы жағдай жасаумен қатар, жергілікті кәсіпкерліктің дамуына да мүмкіндік береді.

Кездесуде аймақ басшысы туризмді экономиканың маңызды бағыттарының бірі ретінде атап, туристер ағынын арттыру үшін қажетті жағдайды одан әрі жетілдіру керектігін жеткізді.

– Үлкен Нарынның туристік әлеуеті жоғары. Сондықтан келетін туристерге жағдай жасауымыз керек. Орналастыру орындарын, жол бойындағы сервисті және қызмет көрсету саласын дамыту маңызды. Туристер саны артқан сайын бұл жергілікті тұрғындар үшін де жаңа жұмыс орындары мен қосымша табыс көздерін қалыптастырады, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Облыс әкімі аудан басшылығына туристік инфрақұрылымды жетілдіру, қызмет көрсету сапасын арттыру және жаңа нысандарды іске қосу барысындағы жұмысты күшейтуді тапсырды.

СПОРТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Қайта құрылған Үлкен Нарын ауданында аудан орталығының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға басымдық беріліп отыр. Әсіресе, балалар мен жастардың спортпен айналысуына және бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасау өзекті. Қазір ауылда балаларға арналған ойын алаңдары жеткіліксіз. Сонымен қатар, тұрғындар көптен күткен дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен бассейннің құрылысы әлі аяқталған жоқ.

Үлкен Нарын ауылында бес жылдан бері құрылысы аяқталмаған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін, әсіресе, аудан жастары ерекше үмітпен күтуде. Өскелең ұрпақтың спортпен тұрақты айналысуына мүмкіндік беретін бұл нысанның құрылысы 2022 жылы мердігер «QazConstructions» ЖШС-нің шарттық міндеттемелерін орындамауына байланысты тоқтаған. Кейін мәселе сотта қаралған.

Қазіргі уақытта құрылыс-монтаж жұмыстары қайта жанданып, қарқынды жүргізіліп жатыр. Жобаны аяқтау міндетін бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында «Элхон» ЖШС өз мойнына алған. Сонымен қатар кешеннің жанынан бассейн салу жұмыстары да қатар жүргізілуде.

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов құрылыс барысын тексеріп, екі нысанды да белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

– Бұл нысанның құрылысы ұзақ уақытқа созылып кетті. Енді жұмысты сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтау қажет. Дене шынықтыру-сауықтыру кешенімен қатар бассейннің құрылысы да жүріп жатыр. Жыл соңына дейін екі нысанның да құрылысын аяқтап, тұрғындардың игілігіне беру керек. Балалар мен жастардың спортпен тұрақты айналысуына барлық жағдай жасалуы тиіс, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы аудан әкімдігіне балаларға арналған ойын және воркаут алаңдарын жыл сайын көбейтуді тапсырды. Себебі, қазіргі таңда Үлкен Нарын ауылында талапқа сай келетін небәрі үш балалар ойын алаңы бар. Тұрғындардың айтуынша, елді мекендегі бала санының артуына байланысты ойын алаңдарымен қатар спортпен айналысуға, қимылды ойындар ойнауға мүмкіндік беретін нысандарға да сұраныс жоғары.

– Ауылымызда балалар көп. Бірақ ойын алаңдары жеткіліксіз. Қазіргі таңда небәрі үш алаң бар. Әсіресе, жаз мезгілінде балалардың бос уақытын өткізетін, спортпен айналысатын орындарға қажеттілік анық сезіледі. Балаларымызға заманауи ойын және спорт алаңдары салынса, ауыл тұрғындары үшін үлкен қуаныш болар еді, – деді ауыл тұрғындары аймақ басшысымен өткен кездесуде.

Үлкен Нарын ауданы үшін балалар мен жастарға арналған спорт инфрақұрылымын дамыту – аудан орталығын қалыптастырудың маңызды бағыттарының бірі. Дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен бассейннің іске қосылуы, сондай-ақ ойын және воркаут алаңдарының көбеюі тұрғындардың спортпен айналысуына мүмкіндік беретін ортаны кеңейте түспек.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫН АЛАДЫ

Соңғы жылдары ауданда тұрғын үй құрылысы қарқын алып, аудан орталығындағы әлеуметтік инфрақұрылымға түсетін жүктеме де артып келеді. Қазіргі таңда ауылда жалпы ауданы 1,3 мың шаршы метр болатын 30 пәтерлі тұрғын үй салынуда. Жаңа баспана әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға беріледі.

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов тұрғын үйлердің салыну барысын бақылады. Аймақ басшысы құрылыс жұмыстарын тиісті мерзімінде аяқтап, нысан сапасына қойылатын талаптардың қатаң сақталуын тапсырды.



– Бұл нысанның құрылысы ұзақ уақытқа созылып кетті. Енді жұмысты сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтау қажет. Дене шынықтыру-сауықтыру кешенімен қатар бассейннің құрылысы да жүріп жатыр. Жыл соңына дейін екі нысанның да құрылысын аяқтап, тұрғындардың игілігіне беру керек. Балалар мен жастардың спортпен тұрақты айналысуына барлық жағдай жасалуы тиіс, – деді облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов.



– Үлкен Нарын ауданында тұрғын үйге қажеттілік бар. Қазір салынып жатқан 30 пәтерлі үйдің құрылысын жыл соңына дейін аяқтап, пайдалануға беруіміз керек. Бұл баспана әлеуметтік осал топтағы азаматтарға арналған. Сонымен бірге ауданда тұрғын үй құрылысының көлемін одан әрі ұлғайту бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырамын. Халықты баспанамен қамтамасыз ету – маңызды міндеттердің бірі, – деді облыс әкімі.

Жаңа үйдің жыл соңына дейін пайдалануға берілуі ауданның тұрғын үй қорын ұлғайтып қана қоймай, инженерлік инфрақұрылымға түсетін жүктемені де арттырады. Осыған байланысты елді мекендегі жылумен қамту жүйесінің тұрақты жұмысына да ерекше мән беріліп отыр. Сондықтан қазандықтың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және жылу маусымына дайындықты алдын ала пысықтау маңызды.

Бүгінде Үлкен Нарынның негізгі жылу көзі – 2015 жылы іске қосылған орталық қазандық. Оның қуаты сағатына 10,4 Гкал. Қазір қазандық арқылы 300-ден астам жеке абонент пен 90-ға жуық заңды тұлға жылумен қамтылады. Жалпы аумағы 38 мың шаршы метрден асатын нысандар орталық жылу жүйесіне қосылған.

Аймақ басшысы жауапты органдарға көмір жеткізу жұмысын жүйелі ұйымдастырып, жылу желілерінің жағдайын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

#ОБЛЫС ӘКІМІ: ІССАПАР, БАҒЫТ-БАҒДАР

Марқакөл ауданында туризм мен өндіріс өркендейді

Айдос МЫРЗАХМЕТОВ
Жәнібек ЫРЫСБАЙ

Марқакөл ауданында тау-кен өндірісін кеңейтіп, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру жоспарланып отыр. Ауданда өндірістік қуатты арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу және табиғи ресурстарды экономикалық айналымға тиімді тарту мәселелері облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановтың аудан тұрғындарымен кездесуінде айтылды.

Бүгінде Марқакөл ауданы облыстың жалпы өнеркәсіп өндірісінің 0,6 пайызын қамтамасыз етеді. Аудан экономикасындағы негізгі бағыттардың бірі – тау-кен өнеркәсібі. Оның көлемі 7,1 млрд теңгеге жетіп, ауданның өнеркәсіп өндірісінің 54 пайызын құрайды. Өңдеу өнеркәсібінің үлесі – 43% немесе 5,6 млрд теңге. Аудандағы өнеркәсіп өндірісінің негізгі көлемін Ақбұлақ ауылдық округінде жұмыс істейтін мыс өңдеу және байытумен айналысатын кәсіпорын қамтамасыз етеді. Үлесіне ауданның өнеркәсіп өнімінің 91 пайызы тиесілі. Қазір өндірісті кеңейтуді көздеп отыр. Келер жылы іске қосылуы жоспарланған жобаның құны – 1 млрд теңге. Нәтижесінде металлургиялық мақсаттағы өнім шығару көлемін ұлғайтуға мүмкіндік тумақ.

Алдағы жылдары ауданның өнеркәсіптік әлеуетін арттыратын жаңа жобалар қатарын толықтыру көзделіп отыр. Атап айтқанда, 2028-2030 жылдары алтын өндіру фабрикасын салу межесі бар.

– Сонымен қатар, Қалжыр өзенінде шағын су электр станцияларының каскадын салу көзделген. «Kalzhyr river energy» ЖШС жүзеге асыратын жобаның құны 7,3 млрд теңгені құрайды, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Облыс әкімі инвестициялық жобаларды іске асыруға кедергі келтіретін мәселелерді жедел шешуді тапсырды. Атап айтқанда, алтын өндіру фабрикасы жобасын ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға енгізу, өндірістік нысандарға қажетті жер учаскелерін беру бойынша аукциондарды жеделдету міндеті тұр.

Сондай-ақ, Қалжыр өзеніндегі шағын ГЭС жобасын жүзеге асыруға қажетті жер мәселесін қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес шешу тапсырылды.

МАРҚАКӨЛ ТУРИСТІК БРЕНДІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛМЕК

Марқакөл ауданы үшін туризм – табиғаттың көркін танытумен ғана шектелмейтін, ауыл экономикасына серпін беретін маңызды бағыт. Бүгінде ауданға жылына шамамен екі мың турист келеді. Алайда 73 орынға ғана есептелген бес туристік нысан бұл әлеуетті толық пайдалануға жеткіліксіз.

Кездесу барысында туризмді жаңа деңгейге көтеру мәселесіне ерекше назар аударылды. Ауданның басты туристік нүктелері – Марқакөл көлі мен Ескі Аустрия жолы. Мұнда экологиялық, рекреациялық және экстремалды туризмді дамытуға мүмкіндік мол.

Соңғы жылдары туристік инфрақұрылым да біртіндеп қалыптасып келеді. Ұрынқай ауылында 200 млн теңгеге рекреациялық аймақтың инженерлік инфрақұрылымы абаттандырылды. Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығында 11 туристік маршрут жұмыс істейді. Ақжайлауда ұлттық дәстүрді дәріптейтін «Уасси» этноауылы келушілерге табиғат аясында демалып, атпен серуендеуге мүмкіндік береді. Ал «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы Ұрынқайда жалпы құны 61 млн теңге болатын қонақ үй мен демалыс базасының жобалары жүзеге асуда.

Ауданның туристік әлеуетін танытуда фестивальдер де маңызды рөл атқара бастады. Биыл алғаш рет ұйымдастырылған «Марқакөл – Шығыстың інжу-маржаны» халықаралық фестиваліне Қазақстанның өңірлерімен қатар Қытай, Аустрия, Ресей және Моңғолиядан қонақтар келіп, шамамен 2 мың адам қатысты. Қалжырдағы «Марқа Фест – 2026» фестивалі де ауданның туристік тартымдылығын арттырған шаралардың бірі болды.

– Біздің ендігі мақсатымыз – бір реттік іс-шаралармен шектелмей, ауданның кешенді оқиғаларға толтырылған күнтізбесін жасау. «Марқакөл – Шығыстың інжу-маржаны» халықаралық фестивалін облыстан тыс, Қазақстанның түкпір-түкпірі мен шетел асып танымал болатын, алыс-жақыннан туристерді тартатын ауданның брендтік іс-шарасы ретінде дамытуымыз қажет. Сонымен қатар туристік ағынның өсуі табиғи аймақтарға қосымша жүктеме артады. Туристер ең көп баратын аумақтарды күтіп-ұстауды, қалдықтарды жүйелі түрде шығарып отыруды және нысандарды орналастыру талаптарын сақтауды қамтамасыз ету керек. Туризмді дамыту табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану және рекреациялық аймақтарды реттеу принциптеріне негізделуі керек. Әрбір туристің жергілікті бизнестің қызметтерін пайдаланып, маусым сайын қайта оралып отыруы маңызды, – деді аймақ басшысы.

Марқакөлдің табиғаты – оның басты капиталы. Сондықтан туристік ағын артқан сайын табиғи аумақтарды қорғау, тазалықты сақтау және рекреациялық орындарға түсетін жүктемені реттеу де қатар жүруге тиіс. Осы ретте облыс басшысы жол жөндеу жұмыстарына тоқталып, аудандағы көрікті орындарға апаратын жолдарға қатысты жоспарларды баяндады.

– Алдағы уақытта жалпы ұзындығы 56 км Ескі Аустрия жолын одан әрі дамыту жоспарлануда, – деді Нұрымбет Аманұлы. – Сонымен қатар Марқакөл көліне шығуды қамтамасыз ететін жалпы ұзындығы 91 шақырымды құрайтын Теректі – Ұрынқай – Төсқайың автомобиль жолында дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Жол инфрақұрылымының жақсаруы Марқакөлге туристік сапарларды қолжетімді етіп қана қоймай, ауданның бірнеше туристік нүктесін бір маршрутқа біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде туристің ауданда болу уақытын ұзартуға, жергілікті қонақүй, тамақтану, көлік және экскурсиялық қызметтерге сұранысты арттыруға жағдай жасайды.

ҚАЛЖЫРДА ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ АТЫНДАҒЫ КАБИНЕТ АШЫЛДЫ



Марқакөл төріндегі Қалжыр ауылында ел тарихындағы елеулі есімдерге тағзым етіліп, жас ұрпаққа өнеге боларлық тағылымды кездесу өтті. Халық Қаһарманы, қазақтың тұңғыш ғарышкері, Қазақстанның еңбек сіңірген ұшқыш-сынақшысы, авиация генерал-майоры Тоқтар Әубәкіров атындағы алғашқы әскери дайындық сыныбы ашылды. Салтанатты шараға ғарышкердің өзі қатысып, мектеп оқушыларымен кездесіп, жас ұрпақты білімге ұмтылып, елге адал қызмет етуге шақырды.

Салтанатты шара алдында Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлердің рухына арналған Даңқ мемориалына Халық Қаһарманы, қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров пен облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов гүл шоқтарын қойды.

Қалжырдан майдан даласына аттанған азаматтардың есімі туған жерінде сақталып, олардың ерлігі кейінгі буынға аманат болып келеді. Мемориалдағы әр есім, әрбір ескерткіш тақта – сол бір сұрапыл жылдардың үнсіз шежіресі.

Қадірлі қонақтар мен аудан тұрғындары аласапыран соғыста қаза тапқан жауынгерлерді бір минуттық үнсіздікпен еске алып, олардың рухына тағзым етті. Гүл шоқтарын қою рәсімі ел үшін от кешкен азаматтардың ерлігін ұлықтап қана қоймай, бейбіт күннің қадірін сезінуге үндеді. Тарихты есте сақтау – өткенді ғана еске алу емес. Бұл – бүгінгі ұрпақтың алдындағы жауапкершілік. Қалжырдағы мемориал да осы сабақтастықтың айқын көрінісіндей. Мұнда есімі жазылған әр жауынгердің артында бір әулеттің, бір отбасының, бір ауылдың тағдыры жатыр.

Осыдан кейін Қалжыр орта мектебінде алғашқы әскери дайындық сыныбының салтанатты ашылуы өтті.

Жаңа сыныптың ашылуының орны бөлек. Себебі, оның аты ел тарихында өшпес із қалдырған, қазақ баласының ғарышқа қанат қағуына жол ашқан тұлғаның есімімен байланысты. Бұл кабинетте оқушылар алғашқы әскери дайындық негіздерін меңгеріп қана қоймай, Отанға қызмет етудің, тәртіп пен жауапкершіліктің мәнін түсінуге мүмкіндік алады.

– Кабинеттің ашылуына Тоқтар ағаның тікелей қатысуы іс-шараның ерекше бір мәні мен маңызын көрсетіп отыр. Осы кабинетте білім алған балалар Тоқтар ағадай еліміздің туын көкте де, жерде де желбіретіп, білімді, білікті, Абай атамыз айтқандай «Толық адам» болып шығуға құқылы, – деді аймақ басшысы.

Қалжыр мектебіндегі бұл күн оқушылар үшін де ерекше есте қалды. Өйткені олар ел тарихындағы аңыз тұлғамен жүздесіп, оның өмір жолы мен азаматтық ұстанымынан тағылым алды.

Өз кезегінде Тоқтар Әубәкіров жас ұрпаққа білімнің маңызын айтып, мектеп қабырғасында уақытты тиімді өткізуге шақырды.

– Менің тілегім – балалар үлкен биіктерге жетсін, қанат қақсын, самғасын. Білім деген көп болмайды. Оның түбіне жеткен әлі ешкім жоқ. Сіздер қазір бізден артық білесіздер. Мектепке келгенде жай ғана уақыт өткізбеңдер, білім үйретуге келген ұстаздарыңыздан үйреніңіздер, – деді Тоқтар Әубәкіров.

Халық Қаһарманы Қалжырдан



шыққан азаматтардың ел тарихындағы орнын ерекше атап өтті. Жауынгерлердің ерлігін ұмытпау – кейінгі ұрпақтың парызы екенін жеткізді.

– Сіздердің ауылдарыңыздан шыққан мықты азаматтар бар. Жаңа ғана Даңқ мемориалына барып гүл шоқтарын қойдық. Көптеген бабамыз майданнан қайтып келмеді. Кейбірінің сүйегі қайда жатқаны белгісіз. Сіздер ер есімін ұмыттырмадыңыздар. Шаршамаңыздар, талмаңыздар, – деді Халық Қаһарманы.

Кездесу соңында Тоқтар Оңғарбайұлы оқушыларды биік мақсат қоюға, білімге ұмтылуға және елге адал қызмет етуге шақырды. Сонымен қатар, мектептің құрмет кітабына тілегін жазып қалдырды.

ШЕКАРАЛЫҚ АУЫЛДА ЖАҢА СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес шекара маңындағы елді мекендерді кешенді дамыту, соның ішінде әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Осы бағыттағы жұмыстардың бірі – шалғайдағы шекаралық Қалжыр ауылында жаңа спорт кешенінің пайдалануға берілуі. 853,1 шаршы метрлік нысан балалар мен жасөспірімдердің спортпен тұрақты айналысуына мүмкіндік береді.

«Марқакөл ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің» спорттық модулінің құрылысы 2022 жылы басталған. Биыл құрылыс жұмыстары аяқталып, нысан ауыл тұрғындарының игілігіне берілді.

Шалғай елді мекендегі жаңа кешенде футбол, волейбол, қазақ күресі және еркін күрестен жаттығулар өткізіледі. Осылайша ауыл балаларына спортпен тұрақты айналысып, жарыстарға дайындалуға мүмкіндік беретін қажетті жағдай жасалды. Кешенді ересек тұрғындар да пайдалана алады.

Спорттық модульдің ашылу рәсіміне қатысқан облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов бұқаралық спортты дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын атап өтті.

– Президентіміздің тапсырмасына сәйкес спортты, оның ішінде бұқаралық спортты дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Қалжыр ауылындағы спорт модулі осы тапсырма аясында жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстардың бірі. Бұл спорт кешенінде тек балалар ғана емес, ересек азаматтар да дене шынықтырумен айналысып, денсаулықтарын нығайтады деп ойлаймын. Ата-бабаларымыз айтып өткендей, басты байлық – денсаулық. Ал денсаулықтың басты кепілі – спортпен шұғылдану, – деді аймақ басшысы.

Жаңа спорт кешенінде жаттығатындардың бірі – Қалжыр ауылының тумасы Ақжан Есімханов. Ол волейболдан Қазақстан Республикасының екі дүркін чемпионы.

– Қалжыр ауылының тумасымын. Спорт саласында Қазақстан Республикасының екі дүркін чемпионы, күміс және қола жүлдегерімін. Аудандық және облыстық «Ақбидай» ұлттық спорт ойындарының жеңімпазымын. Осындай спорт кешені үшін Мемлекет басшысына алғысымыз шексіз. Жаттығуларымыз өте тиімді өтіп жатыр. Алдағы уақытта аудандық, облыстық және республикалық ойындарда өнер көрсететін боламыз, – деді Ақжан Есімханов.

Шекарадағы шалғай ауылда жаңа спорт нысанының іске қосылуы балалардың спортқа қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың тұрақты жаттығуына және жарыстарға дайындалуына жағдай жасайды. Бұл Қалжырдағы әлеуметтік инфрақұрылымды толықтыратын нысандардың бірі болмақ.

Облыс әкімі Қалжыр ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның материалдық-техникалық жағдайымен де танысты.

#АГРОСЕКТОР

Биыл 8 мың гектардан астам егістік алқабы суарылды

Дмитрий ЧЖАН, Ержан ӘБІШ
altainews.kz



Шығыс Қазақстанда су ресурстарын басқару мен ауыл шаруашылығын сумен қамту мәселесі жыл сайын өзекті бола түсуде. Биылғы вегетациялық кезеңнің қорытындысы өңірдегі су шаруашылығы жүйесінің ауқымын ғана емес, қолдағы ресурсты тиімді пайдаланудың маңызын да көрсетті.

Шығыс Қазақстандағы су шаруашылығы нысандарының едәуір бөлігі «Қазсушар» кәсіпорны облыстық филиалының қарамағында. Филиал директоры Дәулет Жанысовтың айтуынша, филиалдың қарамағында Үйдене, Қандысу және Ұлан өзеніндегі Алебастр су қоймалары бар. Сонымен қатар филиал жеті гидроторап пен су алу құрылысын, сондай-ақ 45 магистральдық каналды күтіп-ұстайды.

Бұл нысандардың тұрақты жұмыс істеуі ауыл шаруашылығы алқаптарын суаруға ғана емес, жалпы су ресурстарын реттеуге тікелей әсер етеді.

– Кәсіпорын қызметін жүзеге асыру үшін 14 арнайы су пайдалану рұқсаты рәсімделген. Олар бойынша жалпы су алу лимиті 214 млн текше метрді құрайды. Оның 110 млн текше метрі су ресурстарын кейіннен электр энергиясын өндіретін гидроэлектр станцияларының екінші реттік су пайдаланушыларына беруге байланысты. Вегетациялық кезең қорытындысында облыстың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне 40 млн текше метрден астам су берілді. Суару жұмыстары 8473 гектар алқапта жүргізілді, – дейді филиал директоры Дәулет Жанысов.

Зайсан өндірістік учаскесінде 510 келісімшарт жасалып, ауыл шаруашылығы алқаптарын сумен қамтуға 26 млн текше метрден астам су берілді. Нәтижесінде 4732 гектар жер суарылды. Ақжар учаскесінде 158 келісімшарт бойынша 2 млн текше метрден астам су беріліп, 419 гектар алқап қамтылды. Ал Күршім өндірістік учаскесінде жоспарланған су көлемі толық беріліп, 3321 гектар ауыл шаруашылығы алқабы суарылды. Жалпы үш өндірістік учаске бойынша 809 келісімшарт жасалған.

Бұл жерде жоспар мен нақты көрсеткіштің арасындағы айырмашылыққа да назар аударған жөн. Шаруашылықтар үшін 9606 гектар жерді суаруға 47 млн текше метр су беру жоспарланғанымен, нақты берілген көлем 40 млн текше метр болды. Соған қарамастан, нақты суару жұмыстары 8473 гектар алқапта жүргізілді.

Мұндай көрсеткіштер су шаруашылығында әрбір текше метрдің есеппен жұмсалуы қажеттігін көрсетеді. Өйткені суармалы егіншілік көлемінің ұлғаюы судың өздігінен көбейетінін білдірмейді. Керісінше, ауыл шаруашылығы өндірісі дамыған сайын суға деген сұраныс та артады.

Бұл ретте каналдардың техникалық жағдайы, су қоймаларының мүмкіндігі, су алу құрылыстарының тұрақты жұмысы және суды тұтынушылар арасындағы келісімшарттық тәртіп маңызды рөл атқарады. Суару маусымына алдын ала дайындық жүргізіп, нақты қажеттілікті есептеу де артық шығынға жол бермеуге мүмкіндік береді.

Шығыс Қазақстан үшін бұл мәселенің тағы бір ерекшелігі бар. Өңірдің табиғи-климаттық жағдайы әр ауданның суға деген қажеттілігін бірдей етпейді. Бір жерде суармалы жер көлемі ауқымды болса, екінші жерде суға деген сұраныс өзгеше. Сондықтан су ресурстарын басқаруда бірыңғай тәсілмен қатар, әр өндірістік учаскенің нақты жағдайын ескеру қажет.

Биылғы суару маусымы аяқталғанымен, су шаруашылығы саласының жұмысы тоқтамайды. Керісінше, келесі кезеңге дайындық дәл қазір басталады. Ал оның басты өлшемдерінің бірі – қолдағы суды тиімді пайдаланып, әр текше метрдің нақты нәтижеге айналуын қамтамасыз ету.

#САЛЫҚ

Камералдық бақылау: *салық төлеушілер нені білуі керек?*

Арман САПАРҒАЛИ

Осы жылдан бастап камералдық бақылау хабарламаларын орындау тәртібіне бірқатар өзгеріс енгізілді. Салық органдары анықтаған сәйкессіздіктер бойынша хабарлама алған салық төлеушілер белгіленген талаптарды орындауға немесе өз ұстанымын негіздейтін түсініктеме ұсынуға тиіс.

ШҚО бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Шәріп Сейкеновтің айтуынша, камералдық бақылау барысында салық есептілігіндегі және салық органдарында бар өзге де мәліметтердегі алшақтықтар анықталған жағдайда салық төлеушіге тиісті хабарлама жіберіледі.

Егер салық төлеуші анықталған сәйкессіздіктермен келіссе, оларды жоюға міндетті. Ол үшін хабарламада көрсетілген тиісті салық есептілігін ұсынуы, қажет болған жағдайда бюджетке тиісті сомаларды және өсімпұлды төлеуі, арнайы мобильді қосымшада қажетті деректерді көрсетуі немесе тиісті салық режиміне көшуі керек.

Ал салық төлеуші анықталған сәйкессіздіктермен келіспеген жағдайда, олардың туындау себептерін негіздей отырып, салық заңнамасын бұзуға әкеп соқпайтын түсініктеме беруге құқылы. Егер сәйкессіздіктердің бір бөлігі ғана расталса, хабарламамен ішінара келісіп, қалған алшақтықтар бойынша түсініктеме ұсынуға болады.

– Хабарламаны орындау кезінде салық органдары қосымша құжаттарды талап етуге құқылы емес. Алайда камералдық бақылау туралы хабарлама орындалмаған жағдайда заңнамада көзделген шектеу шаралары қолданылуы мүмкін, – деді Шәріп Сейкенов ШҚО Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында.

Мұндай шаралардың қатарында банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, электрондық шот-фактураларды жазып беруді тоқтата тұру және жеке интернет-ресурстарға қол жеткізуді шектеу бар.

Сонымен қатар ұсынылған түсініктемелердің дұрыстығын тексеру үшін немесе хабарлама орындалмаған жағдайда салық органы камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктерге қатысты салықтық тексеру жүргізуге құқылы.

Шәріп Сейкеновтің айтуынша, камералдық бақылау барысында ең жиі анықталатын бұзушылықтардың бірі – қосылған құн салығы бойынша декларацияларды толтыру кезінде жіберілетін арифметикалық қателер. Сондай-ақ электрондық шот-фактуралар, 300.07 нысанының тізілімдері және бақылау-касса машиналарының деректерімен салыстыру кезінде сатылған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша ҚҚС сомасын төмендету фактілері анықталады.

Жыл басынан бері 2025 жылғы есепті кезең бойынша корпоративтік табыс салығына қатысты 1378 камералдық бақылау хабарламасы, жеке табыс және әлеуметтік салық бойынша 1244 хабарлама жолданған. Қосылған құн салығына қатысты 1601 хабарлама жіберілген.

Брифинг барысында Шәріп Сейкенов жұмыс берушілерге қызметкерлердің кірістерін салықтық есептілікте уақтылы әрі дұрыс көрсету қажеттігін де еске салды. Оның айтуынша, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар мен аударымдар да белгіленген мерзімде есептеліп, бюджетке және тиісті қорларға аударылуы керек.

#ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Жаңа мүмкіндіктер: ШҚТУ Корея университеттерімен әріптестікті нығайтуда

Айша ДӘУЛЕТБАЙҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Корея Республикасына мемлекеттік сапары аясында Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ кореялық жетекші жоғары оқу орындарымен жаңа келісімдерге қол жеткізді. Университет Hanbat National University және Kyungsung University-мен өзара түсіністік туралы меморандумдарға қол қойып, білім, ғылым және технология салаларындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың негізін қалады.



Қазақстан мен Корея Республикасының ғылым, білім және жоғары технологиялар салаларындағы ынтымақтастығының кеңеюі инженер кадрларды даярлауға және елдің өнеркәсіптік әлеуетін дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл әріптестік еліміздің негізгі индустриялық өңірлерінің бірі саналатын Шығыс Қазақстан облысы үшін айрықша маңызды.

Шығыс Қазақстан техникалық университетінің ғылыми және инженерлік құзыреттері геология мен металлургия, критикалық және сирек металдар, энергетика, жасанды интеллект, цифрлық және автомобиль технологиялары салаларындағы халықаралық жобаларды жүзеге асыруға негіз бола алады.

Hanbat National University-мен жасалған меморандум инженерлік білім беру, қолданбалы зерттеулер мен технологиялық әзірлемелер бағытындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашады. ШҚТУ мен кореялық университетті заманауи білім беру бағдарламаларын дамыту, ғылым мен өндіріс байланысын нығайту, инновацияларды енгізу және тәжірибеге бағдарланған мамандар даярлау секілді ортақ басымдықтар біріктіреді.

Тараптар академиялық ұтқырлықты дамытып, студенттер мен оқытушылар алмасуды жолға қоюға, бірлескен зерттеулер жүргізуге және ғылыми іс-шаралар ұйымдастыруға ниетті. Университеттердің ғылыми әлеуеті мен инженерлік құзыреттерін біріктіретін жобаларға ерекше назар аударылады.

Сапар аясында Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ Басқарма төрағасы – ректор Сәуле Рахметуллина Пусан қаласына барып, Kyungsung University басшылығымен кездесті.

Келіссөздер барысында тараптар университетаралық ынтымақтастықты дамытудың келешегін және бірлескен білім беру мен ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру мүмкіндіктерін талқылады. Цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, инженерлік білім, инновациялар және университеттердің өндірістік серіктестермен байланысын нығайту мәселелеріне баса назар аударылды.

Кездесу қорытындысында қос тарап ұзақ мерзімді әріптестікті дамытуға уағдаласып, өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

– Корея Республикасының жетекші университеттерімен ынтымақтастықты дамыту – ШҚТУ-дың халықаралық қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі. Оңтүстік Корея инженерлік білім беру, технологиялық инновациялар және университеттердің өнеркәсіппен өзара іс-қимылы саласында мол тәжірибеге ие. Біз бірлескен жобалар мен академиялық алмасуды дамыту үшін үлкен әлеует бар екенін көріп отырмыз, – деді Сәуле Жәдігерқызы.

Сапарға университеттің стратегиялық индустриялық серіктесі Allur Kazakhstan өкілінің қатысуы да маңызды болды. Университет пен бизнес өкілдерінің бірлескен жұмысы тәжірибеге бағдарланған білім беру, инженер кадрларды даярлау, сондай-ақ заманауи өндірістік және автомобиль технологиялары саласындағы жобаларды дамыту мәселелерін талқылауға ықпал етті.

Пусан – Корея Республикасының ірі экономикалық, логистикалық және технологиялық орталықтарының бірі. Қалада инновациялық кластерлер, цифрлық экономика және жоғары технологиялы өндіріс белсенді дамып келеді. Бұл меморандум кореялық университеттермен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен және технологиялық компаниялармен ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік берері сөзсіз.

#ИНКЛЮЗИЯ

Өңірде 13 мыңнан астам балаға қолдау көрсетілуде

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Шығыс Қазақстанда ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуына, әлеуетін дамытуына және қоғамға бейімделуіне жағдай жасау бағытындағы жұмыстар жүйелі қарқынмен іске асуда. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында әр өңірдегі инклюзивті және арнайы білім берудің қолжетімділігін арттыру мәселесіне ерекше назар аударылып отыр.



Қазіргі таңда облыста ерекше қажеттіліктері бар 13 200 бала тұрады. Оның 2 801-і мектепке дейінгі жаста болса, 10 399-ы – мектеп жасындағы балалар. Олардың ішінде 1 400-ден астамында қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар.

Балаларға қажетті көмекті ұйымдастыру үшін өңірде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация көрсететін төрт мекеме, оңалту және аутизм орталықтарыы жұмыс істейді. Сонымен қатар, ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуге арналған жеті арнайы мектеп, бес арнайы мектепке дейінгі ұйым және жеті жекеменшік арнайы мектеп пен балабақша қызмет көрсетеді.

Инклюзивті білім беру жүйесінде баланың жеке қажеттілігіне қарай сүйемелдеу де маңызды орын алады. Осы мақсатта арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін педагог-ассистенттердің 450-ге жуық штаттық бірлігі енгізілген. Мамандардың жұмысын әдістемелік тұрғыдан қолдау үшін «Баршаға арналған мектеп» жинағы әзірленген. Әдістемелік құрал Шығыс Қазақстанда ғана емес, еліміздің өзге де өңірлерінде қолданылып келеді.

Ата-аналарға көрсетілетін қолдауды жеңілдету мақсатында «Маршруттық карта» да жасалған. Ол ерекше қажеттіліктері бар, соның ішінде аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына білім беру, спорт және бос уақытты ұйымдастыру қызметтерін алу үшін қажетті ұйымдар мен мекемелерге жүгіну тәртібін айқындайтын практикалық алгоритм ретінде әзірленген.

Әлеуметтік қолдау шаралары ерекше қажеттіліктері бар балалармен ғана шектелмейді. ШҚО Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының мәліметінше, өңірде мүмкіндігі шектеулі 29 мыңнан астам адам тұрады. Оларға техникалық оңалту құралдары мен әлеуметтік қызметтер тұрақты түрде ұсынылады. Жыл сайын осы бағытта 14-15 мың өтініш орындалады.

Әлеуметтік оңалтудың тиімді бағыттарының бірі ретінде иппотерапия да дамып келеді. Өңірде бұл қызмет 2024 жылдан бері көрсетіледі. «Ақтай» қоғамдық бірлестігімен 2025-2027 жылдарға жасалған келісімшарт аясында 112 адамға үздіксіз қызмет көрсету көзделген. Қазір Зайсан ауданының Дайыр ауылында 50 мүмкіндігі шектеулі адам иппотерапия алып отыр. Сонымен қатар Семей ядролық полигонының жабылған күніне орай жергілікті бюджеттен ерекше қажеттіліктері бар балаларға 15 мың теңгеден біржолғы төлем берілді.

Облыстағы аталған шаралар ерекше қажеттіліктері бар балалар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға тек білім беру қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етумен шектелмей, олардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне және қоғам өміріне толыққанды қатысуына бағытталғанын көрсетеді.

«DIDAR» ақпарат

#БРИФИНГ

Әлеуметтік қолдау және зейнетақы: *тұрғындар нені білуі керек?*

ЖИ

Шығыс Қазақстанда медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу тәсілі өзгерді. Енді мамандар тек диагноз бен мүгедектік фактісін емес, адамның денсаулық жағдайы күнделікті өміріне қаншалықты әсер ететінін бағалайды. Бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында айтылды.



Медициналық-әлеуметтік сараптама барысында адамның өздігінен жүріп-тұруы, өзіне-өзі қызмет көрсетуі, кеңістікте бағдарлануы, қарым-қатынас жасауы, білім алуы және еңбек ету мүмкіндігі ескеріледі.

Мұндай бағалау адамның нақты қандай көмекке мұқтаж екенін анықтауға мүмкіндік береді. Қажеттілігіне қарай оған кресло-арба, протездік-ортопедиялық бұйым, есту аппараты, тифлотехникалық немесе гигиеналық құралдар ұсынылуы мүмкін. Сондай-ақ жеке көмекші, ымдау тілі маманының қызметі және санаторий-курорттық емделу сияқты әлеуметтік қолдау шаралары қарастырылады.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Наталья Литкенің айтуынша, диагноздың немесе мүгедектіктің белгіленуі белгілі бір құрал не қызметтің автоматты түрде тағайындалатынын білдірмейді.

– Әрбір шешім адамның функционалдық жағдайы мен нақты қажеттілігіне қарай жеке қабылданады. Ұсынылатын техникалық құралдар мен әлеуметтік қызметтер абилитациялау және оңалтудың жеке бағдарламасында көрсетіледі. Осы құжат қажетті қолдау шараларын алуға негіз болады, – деді ол.

Жаңа тәсілдің мақсаты – адамның күнделікті өмірдегі нақты мүмкіндіктері мен шектеулерін ескеріп, қажетті көмекті дәл анықтау. Бұл азаматтардың дербестігін арттырып, өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Әлеуметтік қолдаумен қатар, нысандардың қолжетімді болуы да маңызды. Пандустар, есіктер, тұтқалар, тактильді белгілер мен санитарлық тораптар белгіленген талаптарға сай болуы керек. Нысан жөнделіп немесе жаңғыртылған жағдайда оның қолжетімді орта талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер де жаңартылуға тиіс.

Брифинг барысында зейнетақы тағайындау, еңбек өтілін есептеу шаралары түсіндірілді.

Биыл 1 қаңтардан бастап зейнетақы мөлшері 10 пайызға өсті. Ең төменгі зейнетақы – 69 049 теңге, ал мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері 60 005 теңгені құрады.

Зейнетақы тағайындауда 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі маңызды. Заңда белгіленген жағдайларда оған оқу, әскери қызмет, бала күтімі және еңбекке жарамсыз азаматтарға күтім жасау кезеңдері де қосылуы мүмкін. Мысалы, жұмыс істемейтін әкенің кішкентай балаға нақты күтім жасаған уақыты тиісті талаптарға сәйкес келсе, еңбек өтілі ретінде есептеледі. Ең басты жаңалық та – осы.

Бала күтіміне байланысты еңбек өтілі тек анаға ғана қатысты емес. Заңнамаға сәйкес жұмыс істемейтін әкенің жас баласына нақты күтім жасаған кезеңі де белгілі бір талаптар сақталған жағдайда еңбек өтіліне есептеледі. Алайда бұл кезең баланың анасының зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне енгізілмеуі керек және әкенің балаға күтім жасаған уақыты сот шешімі негізінде расталады. Сондықтан бала күтіміне байланысты осындай кезеңі бар азаматтарға зейнетақы тағайындар алдында қажетті құжаттарын алдын ала жинақтап, еңбек өтілін растап алған жөн.

Мамандар зейнет жасына жақындаған азаматтарға құжаттарын алдын ала тексеруге кеңес береді. Еңбек өтілін растайтын құжаттарды зейнетке шығуға кемінде алты ай қалғанда жинап, мәліметтердегі қателер мен сәйкессіздіктерді ертерек анықтаған жөн.

Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру да жалғасып келеді. Биыл тоғыз айда департамент 25 367 мемлекеттік қызмет көрсеткен. Оның ішінде 4698 қызмет зейнетақы тағайындауға, 5253 қызмет мемлекеттік базалық зейнетақы төлеміне қатысты.

#ДЕНСАУЛЫҚ

Міндетті медициналық сақтандыру: балаға «сақтандырылған» мәртебесі қалай беріледі?

depositphotos.com

Елімізде тұрақты тұратын шетел азаматтары үшін медициналық сақтандыру жүйесінде баланың мәртебесіне қатысты бірқатар маңызды талап бар. Ата-анасының елде тұрақты тұруға рұқсаты мен ықтиярхатының болуы кәмелетке толмаған баласына Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде «сақтандырылған» мәртебесі автоматты түрде беріледі дегенді білдірмейді. Осы мәселені Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры облыстық филиалының мамандары түсіндіріп отыр.

Мәселенің мәні мынада: шетелдік азамат Қазақстанда тұрақты тұратын болса, оның бұл мәртебесі тиісті құжаттар арқылы расталады. Алайда ата-ананың құқықтық мәртебесі баласына автоматты түрде көшірілмейді. Бала үшін Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатты жеке рәсімдеу қажет.

Бұл талапты баланың дүниеге келген сәтінен бастап ескерген жөн. Қазақстанда тұрақты тұратын шетелдік ата-аналар сәби туғаннан кейін тұрғылықты жері бойынша көші-қон қызметінің бөлімшесіне жүгініп, кәмелетке толмаған балаға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат рәсімдеуі керек.

Осы жерде тағы бір маңызды жайт бар. Шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты – оның жеке басын куәландыратын әрі елде тұрақты тұруға рұқсат алғанын растайтын құжат. Ықтиярхат Қазақстанда тұрақты тұратын шетелдіктерге 16 жастан бастап беріледі. Ал тұрғылықты жері бойынша тіркеу 14 жастан бастап жүргізіледі. Бұл талап Қазақстанда тұрақты тұратын мәртебесі бар кәмелетке толмаған шетел азаматтарына да қатысты.

Яғни, баланың Қазақстанда дүниеге келуі немесе оның қазақстандық туу туралы куәлігінің болуы өздігінен оған МӘМС жүйесіндегі жеңілдікті «балалар» санатына жататын мәртебені бермейді. Ол үшін баланың Қазақстанда тұрақты тұратын шетел азаматы ретіндегі мәртебесі тиісті тәртіппен рәсімделуі қажет.

– Қазақстандық туу туралы куәлік автоматты түрде жеңілдік бермейді. Ата-аналар алдымен тұрғылықты жері бойынша көші-қон қызметіне жүгініп, кәмелетке толмаған балаға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат рәсімдеуі керек, – деп атап өтті қор филиалы директорының орынбасары Ирина Степанова.

Құжаттарды уақтылы рәсімдеудің маңызы тек көші-қон талаптарын орындаумен шектелмейді. Баланың тиісті мәртебесі мемлекеттік ақпараттық жүйелерде дұрыс көрсетілуі оның мемлекеттік және медициналық қызметтерді алуына әсер етеді.

Қазақстанда тұрақты тұруға рұқсат алған шетел азаматтары туралы мәліметтер «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қорына енгізіледі. Онда азаматтың жеке сәйкестендіру нөмірі, берілген ықтиярхаты және тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы өзекті ақпарат көрсетіледі.

Бұл мәліметтер МӘМС жүйесіндегі сақтандырылу мәртебесін айқындау кезінде де маңызды. Сондықтан ата-аналар баланың құжаттарын рәсімдегеннен кейін оның деректерінің мемлекеттік ақпараттық жүйелерде дұрыс көрсетілгенін тексергені жөн.



Мамандардың айтуынша, мұндай мәселелердің алдын алу үшін бала дүниеге келгенінен кейін қажетті рәсімдерді кейінге қалдырмаған дұрыс. Әсіресе, медициналық көмекке жүгіну қажет болған жағдайда баланың сақтандырылу мәртебесіне қатысты түсінбеушілік туындамауы үшін құжаттардың толық әрі дұрыс рәсімделуі маңызды.

МӘМС жүйесіндегі «балалар» санаты жеңілдікті мәртебеге жатады. Сондықтан ата-аналар баланың осы санатқа енгізілуі үшін оның Қазақстанда тұрақты тұратын шетел азаматы ретіндегі мәртебесі заңнамаға сәйкес рәсімделгеніне көз жеткізуі қажет.

Қорыта айтқанда, ата-ананың Қазақстанда тұрақты тұруға ықтиярхатының болуы баласына дәл сондай мәртебенің автоматты түрде берілуіне негіз болмайды. Әр балаға қатысты қажетті көші-қон рәсімдері жеке жүргізіледі. Құжаттарды уақтылы ретке келтіру – баланың мемлекеттік және медициналық қызметтерді еш кедергісіз алуына мүмкіндік беретін маңызды қадам.

Бетті әзірлеген –
Арман САПАРҒАЛИ

#«ТУҒАН ЖЕР – АЛТЫН БЕСІГІМ»

Алтай ауданы өнер мен заманауи технологияны тоғыстырды

Роксана ГЛЫБОВА, Айдос МЫРЗАХМЕТОВ, Балауса ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ
Махаббат ӘУКЕНОВА, Евгений ЩЕТНИКОВ

Өнер – туған жердің үнін жеткізетін, оның өткені мен бүгінін сабақтастыратын рухани көпір. Өскеменде кезекті маусымын ашқан «Туған жер – алтын бесігім» жобасы аясында Алтай ауданы осы ұстанымды заманауи технологиялармен ұштастырып, көрерменге мазмұнды концерттік бағдарлама ұсынды. Кеш барысында ауданның өнері, мәдени мұрасы, талантты жастары мен цифрлық бағыттағы жаңа бастамалары таныстырылды.



Сахнада би ұжымдары, жас орындаушылар мен жеке әншілер өнер көрсетіп, барлығы 16 нөмір ұсынылды. Әр қойылымнан туған өлкенің тынысы, елге деген ықылас пен бүгінгі заманның жаңашыл үні аңғарылды.

Биылғы жобаның негізгі тақырыбы – цифрландыру және жасанды интеллект. Осыған орай Алтай ауданының бағдарламасы өнер мен технологияны бір арнаға тоғыстырып, өңірдегі заманауи өзгерістерді көпшілікке таныстыруға бағытталды.

– Биылғы «Туған жер – Алтын бесігім» акциясын алғаш болып біз бастап отырмыз. Бұл шараға ұзақ уақыт әрі тығылықты дайындалдық. Концерттік нөмірлер мен көрме арқылы Алтай ауданында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектінің түрлі салада қалай енгізіліп жатқанын көрсеткіміз келді, – деді аудан әкімінің орынбасары Жанна Асқарова.



Концерт алдында көрермен назарына тақырыптық көрме ұсынылды. Экспозицияны облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов аралап көрді. Көрмеде ауданның табиғи әлеуеті, туризм бағыты, білім саласындағы жаңа технологиялар мен жастардың техникалық шығармашылығы қамтылды.



Солардың бірі – Алтай ауданындағы Жас натуралистер станциясының тәрбиеленушілері жасаған болашақ туристік базаның макеті. Шағын композицияда экологиялық, қорықтық, су, тарихи-өлкетану, транзиттік және сақиналы туристік бағыттар бейнеленген. Табиғи және жасанды материалдардан жасалған ландшафттық макет арқылы оқушылар туған өлкенің туристік әлеуетін өз көзқарастарымен таныстырды.

Ал Серебрянск қаласындағы №2 негізгі мектептің оқушылары заманауи технологияға қызығушылығын дрондар арқылы көрсетті. Жасөспірімдер дрон-рейсинг жарыстарында пайдаланатын құрылғыларын таныстырып, техникалық бағыттағы жетістіктерін ортаға салды.

– Орал қаласында өткен дрон-рейсинг пен симуляторлар бойынша Қазақстанның ең ірі чемпионаттарының біріне қатыстық. Мектебіміздің оқушысы Светлана Хрущева екі жарыста да бірінші орын алды, – деді информатика пәнінің мұғалімі Сергей Козлов.

Кештің тағы бір ерекшелігі – туған жерден түлеп ұшқан өнерпаздардың сахнаға шығуы болды. Концерттің арнайы қонағы, Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығының солисі Меруерт Кәкімхан туған Алтайына арнайы келіп, жерлестері алдында өнер көрсетті.

Алтай қаласындағы мектеп түлегі үшін бұл кештің орны бөлек.

– Осындай ауқымды жобаға қатысу – мен үшін үлкен мәртебе. Туған жерде жүргенде адам өзі дүниеге келген, балалық шағы өткен мекенімен байланысын ерекше сезінеді. Бұл – туған жерге тағзым етіп, жерлестеріме өз өнерімді сыйлауға берілген мүмкіндік, – деді Меруерт Кәкімхан.

Мәдениет орталығының директоры Раиса Қарағужина биылғы жобаның мазмұны кеңейіп, оған ауданның әр саласындағы өкілдер атсалысқанын атап өтті.

– Биылғы жоба шын мәнінде ауқымды болды. Оған шығармашылық ұжымдар, жас орындаушылар және бүгінде ауданымызды алыс жерлерде лайықты танытып жүрген жерлестеріміз қатысты. Мұндай жобалар ұрпақтар сабақтастығын сақтауға, талантты жастарды қолдауға және туған өлке туралы ерекше ықыласпен айтуға мүмкіндік береді, – деді ол.

Осылайша, ауданның Өскемендегі шығармашылық кеші дәстүрлі өнер мен жаңа технологияның өзара үндесуіне жол ашты. Бір сахнада ән мен би, бір көрме аясында туған өлкенің табиғаты мен цифрлық жаңашылдық тоғысты. Бұл – тамырын туған жерден алатын дәстүрдің заман талабына сай жаңғырып, жаңа буынның шығармашылығымен жалғасып келе жатқанын көрсеткен кеш болды.

АУЫЛДЫҢ АҚ ДАСТАРҚАНЫН ӘКЕЛДІ

Алтай ауданының мәдени күндері ел көлемінде бастау алған алғашқы «Дала дәмі» жәрмеңкесіне ұласты. Қала тұрғындары ауданның ауыл шаруашылығы өнімдерін тиімді бағамен сатып алып, ауыл еңбеккерлерінің маңдай терімен өндірілген табиғи таза тартуларынан дәм татты.

Ауданнан келген кәсіпкерлер мен шаруалар облыс орталығындағы көтерме-тарату алаңына өздері өндірген азық-түлік өнімдерін шығарып, қала тұрғындарына ұсынды.

Жәрмеңкеге келген облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов жергілікті өндірушілермен тілдесіп, өнім түрлерімен танысып, бағаларын тексерді.

Бұл жолы Алтай ауданы Өскеменге 5 тонна ет өнімін алып келген. Сиыр еті келісіне 3500 теңгеден болса, жылқы еті 3300 теңгеден, қой еті 3400 теңгеден сатылды. Сондай-ақ, тұрғындарға 450 келі құс еті әкелінді. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің қатарында 1,5 тонна картоп, 700 келі сүт өнімдері, 200 келі алма, 1,2 тонна күнбағыс майы, 1 тонна балық және 500 келі бал да бар.

– Алтай ауданының атынан 11 тонна-ға жуық тауар әкелдік. Оның ішінде түрлі ет өнімдері бар. Ең бастысы мұнда барлығы төмендетілген бағамен ұсынылып отыр, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Жәрмеңкенің басты ерекшелігі – қала тұрғындарының ауыл шаруашылығы өндірушілерімен тікелей байланыс орнатып, өнімді делдалсыз сатып алу мүмкіндігі. Алтай ауданының Өскемендегі мәдени күндері осылайша өнер мен мәдениетті ғана емес, ауыл еңбегінің нәтижесін де қала жұртына көрсетті.

ӨЛКЕ ӨНЕРІ КӨПШІЛІККЕ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Жоба аясында қала тұрғындары мен қонақтарына ауданның табиғаты, туризмі, экологиялық бастамалары, мәдениеті мен дәстүрі таныстырылып, жергілікті суретшілердің еңбектері ұсынылған көрме өтті.

Көрмеде Алтай өңірінің табиғатын бейнелейтін картиналармен қатар, ауданның тарихы мен мәдениетін таныстыратын материалдар да қойылған. Соның бірі жергілікті жазушы, өлкетанушы әрі фотосуретші Александр Лухтановтың шығармашылығына арналған.

Алтай қаласындағы Орталық аудандық кітапхана бөлімінің меңгерушісі Наталья Майбороданың айтуынша, биыл қалаға 235 жыл толуына орай Лухтановтың мұрасын таныстыруға ерекше көңіл бөлінген.

– Александр Лухтанов табиғатты суретке түсіріп қана қоймай, оны зерттеген жазушы әрі өлкетанушы болды. Оның фотосуреттері мен шығармалары туған өлкенің табиғаты мен тарихын танытады. Биыл елімізде цифрландыруға мән беріліп отырғандықтан, біз оның фотосуреттері негізінде жасанды интеллект көмегімен бояуға арналған суреттер әзірледік. Келушілер оларды бояп, өлкетану тақырыбына қатыса алады. Сонымен бірге ауданға арналған тілектерін арнайы баннерге қалдыруға мүмкіндік бар, – деді кітапхана бөлімінің меңгерушісі.

Александр Лухтановтың шығармашылығы өңір табиғатымен тығыз байланысты. Ол Алтайға жас маман ретінде келіп, қорғасын комбинатында маркшейдер болып жұмыс істеген. Кейін туған өлкенің табиғатын зерттеп, фотосуретке түсіруге және осы бағытта шығармалар жазуға ден қойды. Оның еңбектерінде өңірдің табиғаты мен адамдары, саяхат пен өлкетану тақырыптары көрініс тапқан.

Ауданның мәдени күндері арқылы қала тұрғындары өңірмен жақынырақ танысып, оның табиғаты мен мәдени мұрасын жаңа қырынан көруге мүмкіндік алды. Дәстүрлі өнер мен өлкетану материалдарының жанына заманауи технологияның қосылуы да шараның мазмұнын кеңейте түсті.

#ҰЛТ САУЛЫҒЫ

«Аңсаған сәби»: арманды ақиқатқа айналдырған бағдарлама

Надира Сләмхановаңың жеке мұрағатынан

Сәби сүю – әр отбасының ең үлкен армандарының бірі. Алайда шаңырақ көтеріп, балалы болуды жоспарлаған жұптардың барлығына бұл қуаныш бірдей оңай бұйыра бермейді. Бедеулік мәселесі соңғы жылдары медицина ғана емес, қоғам үшін де өткір проблемаға айналып отыр. Мамандардың айтуынша, репродуктивті денсаулыққа әсер ететін факторлар көбейіп, ерлер арасындағы бедеулік көрсеткіші де айтарлықтай өскен.

Облыстың бас штаттан тыс репродуктологы Надира Сләмханова бұл мәселені уақыт оздырмай қолға алудың маңызын атап өтті.

– Бедеулік диагнозы ерлі-зайыптылар бір жыл бойы контрацепция қолданбай, тұрақты жыныстық өмір сүргенімен, жүктілік орын алмаған жағдайда қойылады. Мұндай жағдайда уақытты созбай, ерлі-зайыптылардың екеуі де толық медициналық тексеруден өтуі керек. Өйткені мәселенің нақты себебін анықтамайынша, тиімді ем жүргізу қиын, – дейді маман.

Бедеулікке бір ғана себеп әсер етпейді. Әйелдерде оның негізгі себептерінің бірі – эндокриндік бұзылыстар. Атап айтқанда, овуляцияның болмауы немесе гормондық тепе-теңдіктің бұзылуы бала көтеруге кедергі келтіруі мүмкін. Жатыр түтіктерінің өтімсіздігі де жүктіліктің табиғи жолмен болуына тосқауыл болады.

Кей жағдайда медициналық тексерулерден кейін әйелдің гормондық көрсеткіштері де, жатыр түтіктерінің жағдайы да қалыпты болып шығады. Соған қарамастан жүктілік болмайды. Мұндай жағдай белгісіз генезді бедеулікке жатады. Оған тамақтану тәртібі, өмір салты және психологиялық факторлар да әсер етуі ықтимал.

Репродуктологтар ерте жыныстық өмірдің де салдарына назар аударады. Жыныстық жолмен берілетін инфекциялар, адам папилломасы вирусы және жиі қайталанатын қабыну аурулары әйелдің репродуктивті денсаулығына кері әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар салмақтың күрт төмендеуі немесе шамадан тыс өсуі, қатаң диеталар мен дұрыс тамақтанбау да гормондық жүйенің жұмысына әсер етеді.

Ал соңғы жылдары жиі кездесетін фактордың бірі – ана болуды кейінге қалдыру. Әйелдің жасы ұлғайған сайын аналық бездегі жұмыртқа жасушаларының қоры, яғни овариалды резерв төмендейді. Әсіресе 35 жастан кейін бұл көрсеткішке ерекше назар аудару қажет.

– Әйел адамның репродуктивті мүмкіндігі уақытпен тығыз байланысты. Сондықтан ана болуды кейінге қалдырғысы келетін әйелдер овариалды резервінің жағдайын алдын ала тексергені дұрыс. Антимюллер гормонын, яғни АМГ көрсеткішін анықтау және ультрадыбыстық зерттеу арқылы антральды фолликулалар санын бағалау маңызды. Бұл тексерулер әйелдің бала көтеру мүмкіндігі туралы нақтырақ түсінік береді, – дейді Надира Сләмханова.

Маманның айтуынша, аналық бездің қорын бағалау үшін етеккір циклінің үшінші күні АМГ гормонына талдау тапсыруға болады. Мұндай тексеруді міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі емханаларда дәрігердің жолдамасымен тегін жасатуға болады. Бұған қоса УДЗ арқылы фолликулалар саны анықталады.

ЕРКЕКТІҢ БЕДЕУЛІГІ – ЕЛЕУСІЗ МӘСЕЛЕ ЕМЕС

Бедеулік мәселесін тек әйел адамның денсаулығымен байланыстыру – қате түсінік. Қазір ерлердің репродуктивті денсаулығына да ерекше назар аударылып отыр. Бұрын ерлер бедеулігі бедеуліктің жалпы құрылымында 15-20 пайыз шамасында болса, бүгінде әлем бойынша бұл көрсеткіш 45-50 пайызға дейін өскен. 2024 жылғы статистика бойынша 15-49 жас аралығындағы әрбір үшінші ер адамда репродуктивті қиындықтар кездеседі.

Ерлер бедеулігіне жыныстық жолмен берілетін инфекциялар да себеп болуы мүмкін. Хламидиоз, гонорея, трихомониаз және гарднереллез сияқты инфекциялар дер кезінде анықталып, емделмесе, уақыт өте келе фертильділікті төмендетеді. Бұған қоса сперматозоидтардың құрылымы мен пішініне әсер ететін генетикалық өзгерістер, жас ерекшелігі де маңызды рөл атқарады.

Ер адамның күнделікті өмір салты да назардан тыс қалмауы керек. Еннің шамадан тыс қызуы, өндірістегі қолайсыз жағдайлар, ауыр физикалық жүктеме, сондай-ақ дәрігердің бақылауынсыз анаболиктер мен гормондық препараттарды қабылдау репродуктивті функцияға кері әсер етуі мүмкін.

– Ер адамдар бедеулікке күдік туған кезде ең алдымен спермограмма сараптамасынан өтуі керек. Бұл – қарапайым, бірақ маңызды зерттеу. Ерлердің репродуктивті денсаулығын уақытында тексеру арқылы көптеген мәселені ерте анықтауға болады. Шығыс Қазақстанда андрологиялық қызметті одан әрі дамыту қажеттілігі бар. Ер азаматтар тұрғылықты жеріндегі емхана урологына немесе №1 қалалық ауруханаңың консультативтік-диагностикалық бөліміне тегін жүгіне алады, – дейді облыстың бас штаттан тыс репродуктологы.

ҮМІТ ҮЗІЛМЕГЕН ЖЕРДЕ МҮМКІНДІК БАР

Бедеулік анықталған жағдайда ерлі-зайыптыларға медициналық көмек көрсетудің бірнеше кезеңі қарастырылған. Ал осы жолда бала сүюді армандаған отбасыларға мемлекет тарапынан нақты қолдау бар. Соның бірі – «Аңсаған сәби» мемлекеттік бағдарламасы.



Бағдарлама 2020 жылдың қарашасында бекітіліп, 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосылды. Оның аясында бедеулік диагнозы қойылған жұптар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы экстракорпоралды ұрықтандыру процедурасынан тегін өте алады.

Бағдарламаға қатысу үшін медициналық көрсеткіштер ескеріледі. Әйелдің АМГ гормоны 1,0-ден төмен болмауы, ФСГ гормоны 12-ден жоғары болмауы қажет. УДЗ нәтижесінде антральды фолликулалар саны кемінде 5-6 болуға тиіс. Сонымен қатар ер адамның спермограммасы да нормативтік көрсеткіштерге сәйкес бағаланады.

Егер ерлі-зайыптылардан бедеулік анықталса, олар диспансерлік есепке алынады. Ал консервативті ем – овуляцияны ынталандыру немесе инсеминация 3-12 ай аралығында нәтиже бермеген жағдайда, жұп экстракорпоралды ұрықтандыру процедурасына жіберіледі.

– «Аңсаған сәби» бағдарламасының басты маңызы – бедеулік диагнозы қойылған отбасыларға медициналық технологиялардың мүмкіндігін пайдалануға жол ашуында. Бұрын экстракорпоралды ұрықтандыру қызметінің құны көптеген отбасы үшін үлкен қаржылық жүк болатын. Мемлекеттік бағдарлама осы мүмкіндікті міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы тегін алуға мүмкіндік берді. Ең бастысы – ерлі-зайыптылардың уақытты жоғалтпай, мамандарға дер кезінде жүгінуі, – дейді Надира Сләмханқызы.

Маманның айтуынша, бағдарлама бойынша кезек күту мәселесі де шешілген. Бүгінде пациенттер өз қалауы бойынша медициналық сақтандыру қорымен шарт жасасқан Алматы, Астана, Қарағанды, Шымкент немесе Өскемен қалаларындағы клиникалардың бірін таңдай алады.

Бедеулікті емдеу – бір күнде шешілетін мәселе емес. Оның артында медициналық тексеру, диагноз қою, ем қабылдау, кей жағдайда бірнеше емдеу әдісін қатар қолдану сияқты ұзақ процесс тұрады. Сондықтан бұл мәселеде ең маңыздысы – уақытты жоғалтпау.

Репродуктивті денсаулыққа жас кезден жауапкершілікпен қарау, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алу, дене салмағын қалыпты ұстау, дәрі-дәрмектерді дәрігер кеңесінсіз қабылдамау және жоспарлы медициналық тексеруден өту – болашақ ата-ана болу мүмкіндігін сақтаудың негізгі шарттарының бірі.

Ал «Аңсаған сәби» бағдарламасы бала сүю жолында медициналық көмекке мұқтаж отбасылар үшін үлкен мүмкіндікке айналып отыр. Бастысы – бұл мүмкіндікті пайдалану үшін мәселені жасырмай, уақытында маманға жүгіну. Себебі сәби күткен әр отбасы үшін уақыттың да, дұрыс қойылған диагноздың да, көрсетілген медициналық көмектің де маңызы зор.

#МЕДИЦИНА

Эхинококкозбен күрес: жеті рет ота жасауға тура келді

Эхинококкоз – адам ағзасында ұзақ уақыт бойы белгісіз дамып, ішкі ағзаларды зақымдайтын қауіпті паразиттік ауру. Оның күрделілігі де осында. Аурудың бастапқы кезеңінде науқас өзін сау сезінуі мүмкін. Мұндай жағдайда дертті дер кезінде анықтаудың бірден-бір жолы – тұрақты медициналық тексеруден өту.



Облыстық ауруханаңың хирургтері Күршім ауданының 36 жастағы тұрғынына күрделі операция жасап, кіші жамбас қуысындағы эхинококты және эндометриоидты кисталарды алып тастады. Бұл жағдайдың ерекшелігі – пациенттің эхинококкозға байланысты жетінші рет операция үстеліне жатуы.

Қауіпті паразиттік ауру осы уақытқа дейін науқасқа айтарлықтай белгі бермеген. Жаңа түзілістер тек жоспарлы ультрадыбыстық зерттеу кезінде анықталып отырған. Яғни, адам өзін қалыпты сезінгенімен, ағзада ауру үдерісі жалғасып жатқан.

Бұл жолы кисталар кіші жамбас қуысының анатомиялық тұрғыдан күрделі бөлігінде орналасқан. Оның үстіне түзілістер ірі қан тамырларымен тығыз жабысып қалған. Мұндай жағдайда хирургиялық араласу дәрігерлерден жоғары дәлдікті, мол тәжірибені және ерекше сақтықты талап етеді.

Операцияны хирург Марат Башабаев бастаған мамандар тобы жасады. Дәрігерлер кисталарды алып қана қоймай, құрсақ қуысын толық қарап, көзге бірден байқала бермейтін ықтимал ошақтарды да іздеді.

– Қайталама операция кезінде құрсақ қуысын ерекше мұқият қараймыз. Біздің міндетіміз – анықтауға болатын барлық ошақты тауып, алып тастау. Кейде олар өте кішкентай болғандықтан көзге көрінбеуі мүмкін. Біраз уақыт бойы мұндай ошақтар еш белгі бермей, кейін ұлғая бастайды. Бәлкім, алғашқы операция кезінде киста зақымдалып, оның ішіндегісі құрсақ қуысына тараған болуы мүмкін. Соның салдарынан уақыт өте келе жаңа кисталар пайда болған. Қазір барлық ошақты алып тастадық деп үміттенеміз. Бұл ота пациент үшін соңғысы болса екен дейміз, – деді Марат Башабаев.

Отадан кейін пациенттің жағдайы тез жақсарған. Келесі күні-ақ дәрігерлер оның денсаулығын бақылап, үйіне шығаруға дайындаған.

Бетті әзірлеген – Ержан ӘБІШ

#ӨЗЕКТІ

Той жасау ма, жарысу ма:



Балауса ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ
depositphotos.com, ЖИ

Қазақ үшін тойдың орны бөлек. Ағайынның басын қосып, қуанышты бірге бөлісу – халқымыздың дәстүрі. Алайда қазір тойдың форматы ғана емес, оған қойылатын талап та өзгерді. Бір күндік шараға мейрамхана, ас мәзірі, асаба, музыка, фото-видео, безендіру сияқты ондаған шығын қосылады. Ал соның бәрін отбасы өз қалтасынан көтере алмаса, мерекенің соңы несие мен қарызға ұласып жатады.

Бүгінде тойдың көлемін не анықтайды? «Елден қалмау» талабы қаншалықты әсер етеді? Қай шығынды қысқартуға болады, ал қайсысы тойдың сапасына тікелей ықпал етеді? Ең бастысы – бір күндік қуаныш отбасының кейінгі өміріне қаржылық салмақ түсірмеуі үшін нені ескеру керек? Осы сұрақтарға экономист, қаржы саласының маманы, психолог, асаба және мейрамхана әкімшісі жауап берді.

ТОЙҒА ЖҰМСАЛҒАН АҚША ОТБАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫНА ӘСЕР ЕТПЕУІ КЕРЕК

Тойды жоспарлау, ең алдымен, отбасының жалпы қаржылық жағдайын бағалаудан басталады. Қолда қанша ақша бар, оның қаншасы тойға жұмсалады, қаншасы кейінгі қажеттілікке қалады – мұның бәрі алдын ала есептелмесе, мерекеден кейінгі кезең күрделенуі мүмкін. С. Аманжолов атындағы ШҚУ Бизнес және құқық жоғары мектебі деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары, сертификатталған бизнес-тренер әрі коуч Динара Мамырбекова тойдың өзі мәселе емес екенін айтады. Оның пікірінше, басты сұрақ – отбасы өз мүмкіндігін қаншалықты дұрыс бағалайды.

– Той – жай ғана көңіл көтеру емес, халқымыздың мәдениеті мен дәстүрінің бір бөлігі. Сондықтан мәселе той жасауға немесе жасамауға тірелмейді. Ең маңыздысы – тойдың отбасының қаржылық мүмкіндігіне сәйкес болуы, – дейді Динара Мамырбекова.

Экономист мұны жинаққа қатысты қарапайым мысалмен түсіндіреді.

– Мысалы, отбасының 5 миллион теңге жинағы бар делік. Егер сол ақшаның барлығын бір күндік тойға жұмсаса, қолында төтенше жағдайға арналған қор қалмайды. Ал өмірде күтпеген шығын кез келген уақытта шығуы мүмкін: денсаулыққа байланысты мәселе, жұмыстан айырылу, баланың оқу ақысы, үйді немесе көлікті жөндеу. Сондықтан барлық жинақты бір күндік шараға жұмсап жіберу әрдайым қаржылық тұрғыдан ақтала бермейді, – дейді маман.

Оның айтуынша, мұндай жағдайда жинақты бірнеше мақсатқа бөліп қарастыруға болады. Мәселен, тойға белгілі бір соманы бөліп, қалғанын қауіпсіздік қорына немесе алдағы қажеттіліктерге қалдыруға болады. Тойға жұмсалған қаржының қайтарымы болмайтынын да ескеру қажет. Ал білімге, кәсіпке, баспанаға немесе инвестицияға салынған қаражат болашақта отбасының табысына әсер етуі мүмкін.

– Бір күндік шараға жұмсалған ақша тікелей табыс әкелмейді. Ал сол қаражатты білімге, кәсіпке, баспанаға немесе инвестицияға бағыттаса, оның болашақта отбасыға пайдасы болуы мүмкін, – дейді Динара Мамырбекова. – Мұнда сөз тойға ақша жұмсауға болмайды дегенде емес. Қаржыны қай жерге жұмсағанда отбасы ұтатынын алдын ала ойлауда.

Той шығынын жоспарлағанда негізгі және қосымша қажеттердің ара-жігін ажырату де маңызды. Зал, ас, қызмет көрсету, музыка секілді шығындар негізгі болса, қосымша безендіру, арнайы бағдарламалар немесе сәнге байланысты кей қызметтерді отбасы өз мүмкіндігіне қарай таңдай алады.

– Артық шығын дегеннің өзі отбасының жағдайына байланысты. Егер адамның тұрақты табысы болса, қарызы болмаса, жинағы сақталса, тойға көбірек қаражат жұмсауы міндетті түрде қате емес. Негізгі мәселе – көптеген ұсақ шығынның жиналып, соңында үлкен сомаға айналуында. Мысалы, 100-200 мың теңге деп қараған бірнеше қосымша шығынның өзі миллион теңгеге дейін жетуі мүмкін, – дейді экономист.

Сондықтан той бюджеті тек «қанша ақша бар?» деген сұрақпен шектелмеуі керек. Отбасы өзінің ай сайынғы табысын, тұрақты шығынын, жинағын және жақын арадағы ірі төлемдерін қатар қарастырғаны жөн.

– Мысалы, отбасының ай сайынғы таза табысы 800 мың теңге, ал міндетті шығыны 500 мың теңге болса, 300 мың теңге еркін қаражат қалады. Оның бәрін тойға жұмсаудың қажеті жоқ. Айына 150 мың теңгеден он ай жинаса, 1,5 миллион теңге болады. Егер жоспарланған тойдың құны бұдан әлдеқайда жоғары болса, оның көлемін азайту, уақытын кейінге қалдыру немесе қосымша шығындарды алып тастау туралы ойланған дұрыс, – дейді Динара Мамырбекова.



Маманның айтуынша, отбасы тойға арналған қаражатты есептегенде төтенше жағдай қорын және алдағы міндетті шығындарды да есептен шығармауы керек.

– Тойдың ең жоғары бюджетін есептегенде отбасының еркін қаражатына тойға арнайы жиналған ақшаны қосып, одан төтенше жағдайға арналған қор мен алдағы міндетті ірі шығындарды алып тастауға болады, – дейді ол. – Бұл қағида тойдың көлемін өзгелермен салыстырмай, өз отбасының жағдайына қарап белгілеуге мүмкіндік береді.

ТОЙДЫҢ БАҒАСЫН ҚОНАҚ САНЫ ДА АНЫҚТАЙДЫ

Ал тойдың нақты шығынына келгенде бірінші кезекте қонақ саны алға шығады. Себебі, дастарханға кететін қаржы адам санына тікелей байланысты. Ресторан әкімшісі Назым Қабдиқызының айтуынша, бір адамға есептелетін мәзірден бөлек, қонақ саны көбейген сайын сусын, нан-тоқаш, ыдыс-аяқ, үстел жабдығы, қызмет көрсететін мамандар мен тазалыққа кететін шығын да артады.

– Тойдың негізгі шығынының бірі – бір адамға есептелетін ас мәзірі. Оның ішінде салаттар, суық және ыстық тағамдар, ет, гарнир, сусындар және басқа да өнімдер бар. Бұған қоса зал, музыка, асаба, фото-видео, безендіру, үстел жабдықтары мен қызмет көрсету шығындары қосылады. Бірақ олардың барлығына әсер ететін ең үлкен фактор – қонақ саны, – дейді Назым Мейрамханова.

Оның айтуынша, 100 және 300 қонаққа арналған тойдың шығынын салыстырудың өзі айырмашылықты көрсетеді.

– 100 адам мен 300 адамның тойын салыстырсақ, айырмашылық өте үлкен. Қонақ көбейген сайын мәзірге кететін шығын ғана емес, сусын, нан-тоқаш, ыдыс-аяқ, дастархан, қызмет көрсететін мамандар мен тазалыққа жұмсалатын қаражат та артады. Ал залдың бағасы міндетті түрде үш есе өсе бермейді, – дейді мейрамхана әкімшісі.

Соңғы уақытта тойдың ішкі мазмұнына қойылатын талап та өзгеріп келеді. Бұрын дастархан мен қонақ саны басты орында болса, қазір тойдың көрінісі мен атмосферасына мән беретіндер көп. Фотозона, LED экран, жарықтандыру, безендіру, қонақтарды қарсы алу аймағы, фото-видео қызметтері – мейрамханаларға түсетін сұраныстардың қатарында. Мұнда әлеуметтік желінің ықпалы да бар. Тойдың көрінісін суретке түсіріп, видеоға жазып, бөлісу қалыпты әдетке айналды. Бірақ бюджет шектеулі болса, әр отбасы қай нәрсеге басымдық беретінін өзі шешеді.

– Бюджетті қысқарту қажет болғанда клиенттер көбіне мәзірді оңтайландырады, қонақ санын азайтады немесе безендірудің кейбір элементтерінен бас тартады. Ал дәмді тағамнан, тазалықтан, жайлылықтан, қызмет көрсету сапасынан және жақсы музыкадан қысқартқысы келмейді, – дейді Назым Мейрамханова.

Мейрамхана әкімшісі шағын форматқа деген сұраныстың да артқанын байқаған.

– Қазір 30–80 адам көлеміндегі отбасылық форматтағы тойларды сұрайтындар бар. Кей отбасылар 300 адам шақырғаннан гөрі, өзіне жақын 70–100 адаммен сапалы әрі жайлы той өткізуді жөн көреді. Адамдар қонақ санына емес, сапа мен жайлылыққа көбірек мән бере бастады, – дейді ол.

Бұл – той көлемін азайту міндетті түрде оның мазмұнын жұтаңдату деген сөз емес екенін көрсететін үрдіс.

«ЕЛ НЕ ДЕЙДІ?» ДЕГЕН ҚЫСЫМ ҚАЙДАН ПАЙДА БОЛАДЫ?

Алайда адам өз мүмкіндігін біле тұра, неге кейде одан асып кетуге тырысады? Бұл сұрақтың қаржылық емес, психологиялық жағы бар. Қазақстан психологтар қоғамының мүшесі, психолог-практик Назигүл Таубақұлова тойға қатысты шешімдерде әлеуметтік пікірдің ықпалы күшті екенін айтады.

– Құдалардың алдында жаман көрініп қалам ба?», «Ел не дейді?», «Ұят болмай ма?», «Біреуден кем көрінбеймін бе?» деген сұрақтар адамның өз мүмкіндігінен артық шығын жасауына себеп болуы мүмкін, – дейді психолог.

Маман мұндай ойлардың бір күнде пайда болмайтынын түсіндіреді. Балалық шақтан бастап адамға өзгелердің бағасы, жақсы көріну, сыннан қашу секілді түсініктер әсер етеді. Кейін бұл әдет әлеуметтік жағдайларға да ауыса-

Бес маманның пікірі бір жерде тоғысады: мәселе тойды жасау-жасамауда емес, оның отбасының мүмкіндігіне қаншалықты сай келетінінде. Экономист қаржыны алдын ала есептеуді ұсынса, мейрамхана әкімшісі шығынның негізгі бөлігіне қонақ саны әсер ететінін айтады. Психолог сыртқы қысымға берілмеудің маңызын көрсетеді. Асаба той иелерінің нақты бюджетпен жұмыс істей бастағанын байқайды. Ал қаржы маманы бір күндік шара үшін ұзақ мерзімді қарыз алуға асықпауға шақырады.

қуаныштың құны қанша?

ды. Той кезінде оның бір көрінісі қонақ тізімінен байқалуы мүмкін.

– Басында отбасы 150 адам шақырамыз деп жоспарлауы мүмкін. Кейін «мына адамды шақырмасақ, ұят болады», «мына туысты қалай қалдырамыз?» деген ойлар қосылып, қонақ саны 250-300 адамға дейін жетуі мүмкін, – дейді Назигүл Таубақұлова.


Әлеуметтік желі де бұл сезімді күшейте алады. Себебі, адам өзгенің тойын көргенде оның барлық шығынын емес, дайын нәтижесін ғана көреді.

– Адам әлеуметтік желіден көбіне біреудің өміріндегі әдемі жағын ғана көреді. Әдемі залды, көйлекті, дастарханды көреді. Бірақ оның ар жағында қанша ақша, уақыт және күш кеткенін білмейді. Содан кейін «мен де сондай жасаймын», тіпті «одан да жақсы жасауым керек» деген ой пайда болуы мүмкін, – дейді психолог.

Осылайша той тек қуанышты бөлісетін орта емес, кей жағдайда әлеуметтік мәртебені көрсетудің бір тәсіліне айналуы мүмкін. Қонақ саны, мейрамхананың деңгейі, дастарханның молдығы – адамның өзгелер алдындағы орнын көрсететін өлшем сияқты қабылданады. Психолог мұндай жағдайда болашақ жас отбасының өзара келісіміне ерекше мән береді.

– Жас отбасы алдымен бір-бірін түсінуді, ортақ шешім қабылдауды үйренуі керек. Мүмкін, тойға жұмсалатын үлкен соманың орнына баспана алуға, қарызды жабуға немесе басқа қажеттілікке ақша бөлген дұрыс шығар. Тойдан кейін жас отбасының алдында қаржылық ауыртпалық қалмауы маңызды, – дейді психолог.

Сондықтан оның ұстанымы тойдан бас тартуға емес, оның көлемін отбасының мүмкіндігіне қарай таңдауға негізделеді.



– Шамамен он жыл бұрын «тойымыз басқалардан ерекше болсын» деген талап он тойдың бірінде кездессе, қазір бес тойдың бірінде айтылуы мүмкін. Бірақ бұл әрдайым басқадан асып түсу дегенді білдірмейді. Көп жағдайда адамдар «өзімізге ғана тән болсын» дейді, – дейді асаба.

Мұндай жағдайда сценарий бірнеше рет талқыланып, той иесінің қалауы мен мүмкіндігіне қарай өзгертіледі. Қымбат безендіру немесе көп шығынды бағдарлама әрдайым жақсы атмосфера қалыптастыра бермейді.

– Қарапайым, бірақ дұрыс құрылған бағдарлама, қонақтардың бәрін қамту, жастарға арналған орынды ойындар мен жақсы атмосфера кейде қымбат безендіруден де маңыздырақ болады, – дейді ол.



«ТОЙЫМЫЗ ЕРЕКШЕ БОЛСЫН» ДЕГЕН ТАЛАП ӨЗГЕРДІ

Психолог әлеуметтік қысымның бар екенін айтса, тойдың өз ішіндегі өзгерісті тікелей асаба тәжірибесінен көруге болады. Асаба Нұрасыл Әлібековтің айтуынша, қазір той иелері дайын бағдарламаны ғана қабылдамай, оның мазмұнына белсенді араласады.

– Бұрын кейде «тойды өткізіп беріңіз» деп асабаға толық сеніп тапсыратын. Қазір той иелері алдын ала кездесіп, бағдарламаны, ойындарды, қонақтармен жұмыс істеу тәсілдерін талқылайды. Өздерінің тойына, қонақтарына, жас жұбайларға, ата-аналары мен достарына сай сценарий болғанын қалайды, – дейді Нұрасыл Әлібеков.

Оның байқауынша, «ерекше той» туралы талап та бұрынғыдан жиі айтылады.

Асаба соңғы жылдары той иелерінің бюджет туралы ашық сөйлесуге де бейімделгенін айтады.

– Соңғы екі-үш жылда клиенттер «біздің бюджетіміз осындай, осы сомадан аспайық» деп ашық айтатын болды. Содан кейін біз сол ақшаға сәйкес бағдарламаны құрамыз. Бұрынғыдай «той бір-ақ рет болады, барынша жұмсайық» деген көзқарас біртіндеп азайып келе жатқанын байқаймын, – дейді Нұрасыл Әлібеков.

Яғни, той индустриясының өзінде де «неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы» деген түсініктің орнына алдын ала жоспарлау мен жеке форматқа деген сұраныс пайда болып келеді.

БІР КҮНДІК ТОЙ ҮШІН БІРНЕШЕ ЖЫЛ НЕСИЕ ТӨЛЕУ КЕРЕК ПЕ?

Дегенмен, алдын ала жоспарланбаған шығынның орнын кей отбасы несие арқылы толтыруы мүмкін. Бұл жерде мәселе тойдың бағасынан гөрі, оның отбасының кейінгі бюджетіне түсіретін салмағына келіп тіреледі. Екінші деңгейлі банктің сервис-менеджері Раушан Майданқызы той үшін несие алуға сақтықпен қарау керек деп есептейді.

– Мен өз басым той үшін несие алуға қарсымын. Егер тойға қаражат жетпесе, алдымен оның көлемін азайтуға немесе кейінге қалдыруға бола ма деген мәселені қарастырған дұрыс. Бір күндік шара үшін ұзақ мерзімді міндеттеме алған жөн емес, – дейді ол.

Егер адам бәрібір несие алуға шешім қабылдаса, ай сайынғы төлеммен ғана шектелмей, несие аяқталғанға дейінгі жалпы шығынды есептеу қажет.

– Мысалы, 2–3 миллион теңгені бес жылға алғандағы төлем мен бір-екі жылға алғандағы төлем бірдей болмайды. Қысқа мерзімде ай сайынғы төлем жоғары болуы мүмкін, бірақ жалпы артық төлем азаяды. Ал мерзімді ұзартқанда ай сайынғы төлем жеңілдеу болғанымен, соңында көбірек ақша қайтаруыңыз мүмкін. Сондықтан несие алар алдында менеджерден толық есепті сұраған дұрыс, – дейді Раушан Әбдешбекова.

Қаржы маманының айтуынша, несие алуға асыққан адам кейде шарттың өзіне емес, ақшаны тезірек алуға көбірек мән береді.

– Адамға ақша шұғыл керек болған кезде оның назары көбіне «маған несие бере ме, бермей ме?» деген сұраққа түседі. Ал мерзімі, пайыздық мөлшерлемесі қандай, соңында қанша қайтарамын деген мәселелер екінші орынға қалып қояды, – дейді ол.

Отбасында бұған дейін несие болса, оның үстіне жаңа қарыз қосу тәуекелді арттырады. Жұмыссыз қалу, денсаулыққа байланысты күтпеген шығын немесе басқа да жағдайлар ай сайынғы төлемді қиындатуы мүмкін.

– Егер отбасының басқа несиелері бар болса, үстіне той үшін тағы бір несие алу отбасы бюджетіне салмақ түсіреді. Кейін ерлі-зайыптылар арасында осы қаржы мәселесіне байланысты түсіністеушілік те пайда болуы мүмкін, – дейді қаржы маманы.

Ал несие алуға шешім қабылданған жағдайда отбасының тұрақты шығындары толық есептелуі керек. Балалардың қажеті, жұмыс істемейтін отбасы мүшелері, азық-түлік, коммуналдық төлемдер және басқа міндетті шығындар назардан тыс қалмауы тиіс.

– Менің тәжірибелік ұстанымым бойынша, несие төлемі отбасының ай сайынғы кірісінің 30 пайызынан аспағаны дұрыс, – дейді маман.

ҚУАНЫШ ПЕН ҚАРЖЫЛЫҚ МҮМКІНДІК ҚАТАР ЖҮРУІ КЕРЕК

Бес маманның пікірі бір жерде тоғысады: мәселе тойдың бар-жоғында емес, оның отбасының мүмкіндігіне қаншалықты сай келетінінде. Экономист қаржыны алдын ала есептеуді ұсынса, мейрамхана әкімшісі шығынның негізгі бөлігіне қонақ саны әсер ететінін айтады. Психолог сыртқы қысымға берілмеудің маңызын көрсетеді. Асаба той иелерінің нақты бюджетпен жұмыс істей бастағанын байқайды. Ал қаржы маманы бір күндік шара үшін ұзақ мерзімді қарыз алуға асықпауға шақырады.

Демек, қазіргі тойдың көлемін «ел не дейді?» деген өлшеммен емес, отбасының нақты мүмкіндігімен бағалау маңызды. Қонақ саны, дастарханның молдығы немесе безендірудің сәні қуаныштың деңгейін анықтайтын жалғыз өлшем болмауы керек. Ең бастысы – тойдан кейін отбасының қаржылық жағдайы қандай күйде қалатыны.

Бір күндік мерекенің шығыны бірнеше жылға созылатын қарызға айналса, оның салмағын жас отбасы көтеруі мүмкін. Ал шамасына қарай ұйымдастырылған той қуанышты бөлісуге кедергі емес. Керісінше, қаржылық мүмкіндікті ескеріп, қажет пен қалауды ажырата білу отбасының кейінгі жоспарын сақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан тойдың жақсы өтуі оның қанша адаммен немесе қанша ақшаға өткізілгенімен ғана өлшенбейді. Шын мәнінде, отбасы үшін ең маңыздысы – сол қуаныштан кейін қарызға емес, жақсы естелікке оралу.

#ТАЗА ОРТА – ТАЗА САНА

ШАҢ-ТОЗАҢНАН ТАЗАРАТЫН КЕЗ КЕЛДІ

Серік ҚҰСАНБАЕВ

Түп тамырына зер салып, зерделеп жатпасақ та «тазалық» сөзі – әр адамның санасында әрқалай қалыптасатын ұғым секілді.

Олай дейтін себебіміз, тазалықты әркім өзінше қабылдап, тазалық сақтауды өзінше әдетіне айналдырған. Оны сақтай білуді үйдегі бала-шағасынан бастап, айналасындағы, жұмысындағы адамдардан талап ете білу де әр адамның өмірдегі әдет-ғұрпына әртүрлі сіңген.

ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІП – ТӘРБИЕНІҢ ЖЕМІСІ

Айталық, біреулер үшін тазалық – күнделікті жуынып-шайынып, барын киініп, бақанын таянып жылтырап жүру немесе қонаққа бару болса, енді біреулер екі күннің бірінде кілем-паластың шаңын қағып-сілкіп, еденін жуып, үйінің ішін айнадай жарқыратып қоюды әдетіне айналдырған.

Мұндай адамдарға әлдене деп сын айтудың өзі орынсыз, әрине. Әйтпесе, көшеге шыға қалсаң алқам-салқам киінген, сақал-мұрттары мен шаштары бей-берекетсіз өсіп кеткен, бет-ауыздары салтақ-салтақ, үстінен иіс-қоңыс шығып тұратын адамдарды да көресің. Өмір болған соң мұның барлығы да адам баласына тән, бұрын да болған, қазір де бар көріністер. Ондай адамдардың санасында «тазалық» деген ұғымның болмауы да мүмкін...

Ал, сол көшеде әп-әдемі киініп ап, қолындағы қажетсіз заттарын (қоқысын) арнайы қоқыс жәшігі тұрса да, жерге тастай салатын, жүрген жерін ластап, тұрған жерлерінде айналадағы елдің мазасын қашырып, орынды-орынсыз қарқылдай күліп, даурығып тұратын даурықпаларға не айтуға болады?! Мұндай келеңсіз көріністерді үнемі болмаса да, күнара қоғамдық көліктер мен демалыс саябақтарынан да байқап қалуға болады.

Ал енді осыларға үлкен боп «Балалар, бұларың дұрыс емес, шуылдамай сәл тыныштандар!» деп ескерту жасап көріңіз. Сол жерде, дүйім жұрттың алдында «Басым бәлеге қалды» дей беріңіз. Былапыт боқтық естігеніңіз былай тұрсын, оңбай таяқ жеп қалуыңыз да ғажап емес.

Бұл ненің белгісі?! Бұл – не үйінде, не мектепте тәлім-тәрбие көрмей жүгенсіз кеткен көргенсіздіктің көрінісі.

Біздің айтып отырғанымыз күнделікті, айналамызда болып жататын көз көрер жердегі тән тазалығы мен балаға дер кезінде берілмей қалған тәлім-тәрбиенің бір парасы ғана. Мұндай ұрпақпен, мұндай тәрбиемен өзгелер өнеге тұтарлық өркениетті ел боламын деудің өзі күлкілі дүние.

Өркениетті ел демекші, әсіресе халқының түрі біздің қазақ ұлтына өте ұқсас Жапония – әлемдегі ең таза және тәртіпті елдердің бірі саналады. Бұл мемлекеттің тазалығы мен тұрғындарының жауапкершілігі сырттан келген саяхатшыларды әрдайым таңғалдырады. Жапондар үшін тазалық пен тәртіп – жай ғана ереже емес, олардың өмір сүру салты, мәдениеті мен діни танымының ажырамас бөлігі.

Жапон қоғамындағы бұл феноменнің басты себептері мен ерекшеліктері мынадай көрінеді.



– Тәрбие жағынан айырмашылық бар. Мәселен Жапонияда балаларды кішкентай кезінен дұрыс тамақтануға, спортпен шұғылдануға үйретеді. Сонымен қатар тәртіпке, жауапкершілікке баулиды. Ең бастысы – айналасын құрметтеп, тазалық сақтауға тәрбиелейді. Олардың түсінігінде бүкіл Жапония – өз үйлері сияқты. Сондықтан елін де, жерін де таза ұстауға тырысады. Басқаларға кедергі жасамау, қоғамдық тәртіпті сақтау – бала кезден қалыптасатын әдет. Мысалы, көшеде жүріп балағат сөз айтып тұрған баланы көрмейсіз, – дейді алты жылдан астам Жапонияда тұратын отандасымыз Ақмарал Токкарина.

Біріншіден – тәрбие балабақшадан басталады. Сондықтан да олар балаларды кішкентай күнінен бастап айналаны таза ұстауға үйретеді. Мектептерде арнайы еден жуушылар немесе тазалықшылар деген атымен жоқ дейді. Ал балалар өз сыныптарын, дәліздерді, дәретханаларды және мектеп ауласын өздері тазалайды екен.

ЖҰДЫРЫҚТАЙ ЖҰМЫЛУ – ЕЛДІГІҢНІҢ БЕЛГІСІ

Жапондықтардай болмаса да, мұндай тәртіп ертеректе, кеңес заманында біздің мектептерде де болған. Көктем, күз айларында ұстаздарымыз бас болып, бүкіл мектеп қос болып, білім алып жатқан ұямыздың айналасын тазалап, арамшөптері болса жұлып, шарбақтарының сынған жерлерін сым темірмен байласақ та, жамап-жасқап қоятынбыз.

Әр сыныпта күн сайын кезекпен бір оқушыдан сынып кезекшісі деген болатын. Оның міндеті үзіліс кезінде тақта сүртетін шүберекті дымқылдап алып, тақтаны тазалап сүртіп қою. Жазу жазатын борлар таусылып қалса кеңседен барып әкелу. Сосын, сабақтан соң қалып, сыныптың еденін жуып кету болатын. Оған ешқандай оқушы да, ешбір оқушының ата-анасы да ренжіп, наразылық тудырмайтын.

Қазір оқушыларды мектептің күнделікті тазалығына осылайша тарту мәселесіне ата-аналардың көзқарасы әртүрлі. Мұнда ең бастысы – баланы қара жұмысқа салу емес, өз ортасына жауапкершілікпен қарауға үйретудің тәрбиелік мәнін түсіну.

Ал жапондықтар, бұл – оқушыларды еңбекті бағалауға және өзгенің еңбегін құрметтеуге баулитын дәріс деп есептейтін көрінеді. Міне, бұл да білгенге маржан, білмеске арзан тәлім мен тәрбиенің бір түрі.

Жапондықтардың екінші бір ерекшеліктері – ол жақта басқа елдердегідей қоқыс жәшіктерінің жоқтығы. Жапония қалаларының көшелерінен қоқыс жәшігін табу қиын дейді. Оның бірнеше себебі бар болса, соның бірі – «өз қоқысыңды өзіңмен алып кет!» деген қағида.

Бұл Жапония мемлекетінің заңнамасында жазылмаған болуы да мүмкін. Бірақ, ел арасында, арасында емес, санасында солай жазылған, солай қалыптасқан айнымас дәстүрдің бірі. Егер жапондар көшеде тамақтанса немесе бір нәрсе тұтынса, оның қоқысын біздегі секілді сол жерге қалай болса, солай шашып тастамай, сөмкесіне салып, өздерімен бірге үйіне алып кетеді екен.

Қазақта «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген сөз бар ғой. Бағалай білген адамға жапондықтардан үйренетін біраз жақсы дүниелер бар секілді. Айталық, жапондықтардың байырғы діні – Синтоизм екен. Бұл сенімде тазалық – имандылық пен пәктіктің белгісі. Сондықтан да олардың түсінігі бойынша, кір мен қоқыс – жамандықтың, ал, тазалық – жақсылықтың нышаны. Сол себепті таза жүру олар үшін рухани қажеттілік.

Жапонияда көршілер мен махалла *(аудан)* тұрғындары жиналып, өз аймақтарын бірге тазалайтын дәстүр бар екен. Олар үшін таңертең ерте тұрып, көшелерді сыпырып, ағаштарды күтіп-баптау – қалыпты жағдай. Бұған барлығы бірдей атсалысады. Бұл дәстүр біздің елде мүлдем жоқ деп айта алмаспыз. Болған, әлі де бар – сенбілік деп аталатын. Айырмашылығы – ол сенбілікке біздің адамдар еш уақытта өз еріктерімен шықпайтын. Күз, көктем айларында жергілікті партия белсенділері мен мекеме басшылары қызметкерлері мен жұмысшыларын, мектеп мұғалімдері мен оқушыларды міндеттеп, мәжбүрлеп, қала берді қорқытып-үркітіп жүріп шығаратын. Ал, жапондықтар өйтпейді екен. Таңертең біреуі қолына айыр ма, тырма ма әйтеуір бір сайманын алып қыбырлай бастаса, көп ұзамай маңайдағы елдің барлығы тайлы-таяғы қалмай әлгі бастамаға қосшы болатын көрінеді.

Бұл ненің белгісі? Әрине, бұл – бірліктің, берекенің, тәртіп пен тазалықтың белгісі. Жұдырықтай жұмыла білетін елдіктің белгісі. Жасырып-жабары жоқ, мұндай тірлікке де, бірлікке де адам кәдімгідей қызығады екен...

«Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан», бұл – бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

САНАМЫЗҒА СІЛКІНІС КЕРЕК БОЛЫП ТҰР

Сосын, жапон мәдениетіндегі ең маңызды ұғымдардың бірі – *«Meiwaku»* яғни, өзгелерге мазасыздық тудырмау, кедергі жасамау. Қоғамдық көлікте *(метро, автобус, пойыз, т.б.)* қатты дауыстап сөйлесуге, телефонын ұзақ уақыт шырылдатып қоюға немесе ар жақтағы адамның дауысын шығарып қойып сөйлесуге болмайды. Тіпті телефондар әрқашан дыбыссыз режимге қойылатын көрінеді.

Ал, бізде қалай? Бізде дауыстап сөйлеген былай тұрсын, қайсыбір сабаздарымыз бар дауысымен жер-көкті басына көтеріп айғайлап, ар жақтағы біреудің жетпіс жеті атасын түк қалдырмай балағаттап жатады...

Үйге келсең, үстіңдегі үйдің балалары түннің бір уағына дейін үйір-үйір жылқы айдағандай дүрсілдетіп жүгіргенде, «Төбеңдегі үй – үй емес, спорт зал ма?!» деп қаласың. Ол аз болса – астыңдағы үй ме, болмаса қарсы пәтерде ме, кәдімгі дискотека болып жатады ғой.

Бұл енді – кәдімгі жабайылық пен өзінен басқаны кісі деп санамайтын эгоистіктің жарқын көрінісі демеске амалың жоқ. Бір қызығы осындай келеңсіздіктерге біздің көзіміз бен құлағымыз да, қыл аяғы бойымыз да әбден үйреніп кеткендей. Тіпті, солай болуы қалыпты секілді.

Біз айтып отырған жапон елінде кезекке тұру – жазылмаған заң. Ешкім, ешқашан біздегі қайсыбір пысықайлар мен озбырларға ұқсап түрлі-түрлі себептер айтып, кезексіз киіп-жарып кимелемейді екен. Автобусқа немесе лифтіге мінгенде алдымен шығатындарды өткізіп, кейін ретпен кіреді.

Жоғарыда келтірілген мысалдарды саралай отырып, бір кездері: «Ешкімге тәуелсіз, дербес мемлекет боламыз!» деп Алаш Орда үкіметін құрған, сол жолда ұлты үшін алтын бастарын ажалға тіккен алаш арыстары елді дамыту жолында «Азуы алты қарыс АҚШ-қа немесе Еуропаның дамыған мемлекеттеріне еліктеп-солықтамай, Жапонияның тәжірибесіне неге ерекше назар аударды екен?!» деген ой келеді.

Бүгінгі біздің қаузағанымыз тазалық тақырыбы болды. Тазалық болғанда біз көзге көрінетін, тәніңмен сезінетін, бір сөзбен айтқанда сыртқы тазалықты сөз еттік.

Біреулер «Осыдан басқа тағы қандай тазалық бар?» деулері де мүмкін. Бар болғанда қандай?!

Айталық, «Ар тазалығы, сана мен жан тазалығы, жүрек пен ниет тазалығы, қол тазалығы мен жүріп өткен жол тазалығы» деп тізбектей беруге болады.

Мәселе – тазалық түрлерін тізбектеуде емес, сол тазалықты өз бойыңнан іздеп көруде секілді. Шынымен де, ойлап қарасаң – сана-сезімің, жүрегің, жүріп өткен жолың, қоршаған ортаң, үй-ішің, өзіңнің жаның да, тәнің де, тіпті сен тірлік кешіп жатқан қоғамдағы жандардың барлығы төре демей, қара демей, дәл сен ойлағандай тап-таза, кіршіксіз болса?!

Бірақ, ондай болуы мүмкін бе?!

Әрине мүмкін, егер біз осынау асыл қасиеттердің барлығын өзімізден бастап, ұрпағымыздың санасына сіңіре білсек және біртін-біртін болса да күнделікті салтымызға ендіре берсек.

Неге біздер де тазалық пен тәртіпті – жай ғана ереже деп қабылдамай, жапондар секілді өзіміздің өмір сүру салтымыздың, мәдениетіміз бен діни танымымыздың ажырамас бөлігіне айналдырмасқа?!

Ол үшін – өткеннің шаң-тозаңынан тазаруымыз керек!

#ҒИБРАТ

Ұстаз. Ғалым. Реформатор: академик Ережеп Мәмбетқазиевтің өнегелі өмір жолы

Полина БАЖОВА,
Арман САПАРҒАЛИ

Қырық жыл бұрын Ережеп Әлхайырұлы Мәмбетқазиев тұңғыш рет жоғары оқу орнына басшылық етті. Осы сәттен бастап оның есімі Шығыс Қазақстанның ғана емес, бүкіл еліміздің жоғары білім беру тарихымен ажырамас байланыста келеді. Ғалым, педагог, ұйымдастырушы әрі реформатор ол Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің негізін қалаушылардың қатарында болды, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш білім министрі қызметін атқарды, еліміздегі алғашқы халықаралық әріптестік университетін құрды және ондаған ғалымды тәрбиелеп шығарды. 13 қыркүйекте Ережеп Әлхайырұлы 89 жасқа толды. Соған қарамастан ол әлі де білім мен ғылым саласындағы белсенді қызметін жалғастырып келеді.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫ

Кейбір адамдардың кәсіби өмірбаяны бір қызметтің, бір университеттің немесе тіпті бір дәуірдің аясынан әлдеқайда асып жатады. Ережеп Әлхайырұлы Мәмбетқазиев – сондай тұлғалардың бірі.

Оның есімі жоғары білім беру саласының Шығыс Қазақстанда ғана емес, бүкіл республикада қалыптасып, дамуының маңызды кезеңдерімен байланысты. Ондаған жылдық еңбек жолында ол ғалым, кафедра меңгерушісі, ректор, министр, университет негізін қалаушы, халықаралық академиялық ынтымақтастықты ұйымдастырушы қызметтерін атқарды. Алайда барлық атақ-абыройы мен лауазымдарының негізінде оның өмірлік жолының өзегі – білім мен ғылымға қызмет ету ұстанымы өзгерген жоқ.

Ережеп Мәмбетқазиев үшін педагогика ешқашан дәрісханамен ғана шектелген емес. Ол білім беруді жаңа идеялар дүниеге келетін, зияткерлік элита қалыптасатын және мемлекеттің алға жылжу қабілеті айқындалатын орта ретінде қарастырды.

ӨРЛЕУ ЖОЛЫНДА

Үлкен академиялық және басқарушылық қызметке апарар жол ғылымнан басталды.

Ережеп Әлхайырұлы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын тәмамдап, кейін ҚазМУ-да ғылыми қызметін жалғастырды. 1963 жылдан бастап аспирант пен оқытушыдан профессор, кафедра меңгерушісі және декан орынбасарына дейінгі жолдан өтті.

1981 жылы М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде докторлық диссертациясын қорғады.

Осы уақытқа дейін оның артында елеулі ғылыми тәжірибе қалыптасқан еді. Ал алда тек өз тағдырын ғана емес, тұтас бір өңірдің, кейін бүкіл елдің білім беру жүйесін өзгертуі тиіс жылдар тұрды.

1984 жылы Ережеп Мәмбетқазиев Өскемен педагогикалық институтының ректоры болып тағайындалды.

Осы сәттен бастап оның өмірінде жаңа кезең – кейіннен қырық жылға созылған ректорлық қызмет басталды.

1991 жылы оның бастамасымен Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті құрылып, Ережеп Әлхайырұлы оның тұңғыш ректоры болды. Өңір үшін бұл тарихи маңызы бар оқиға еді. Шығыс Қазақстанның білім беру кеңістігінің маңызды бөлігіне айналған жаңа университеттік орталық дүниеге келді.

Алайда көп ұзамай оның қызмет ауқымы өңір шеңберінен әлдеқайда асып түсті.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ БІЛІМ МИНИСТРІ

1993 жылы Ережеп Мәмбетқазиев Қазақстан Республикасының Білім министрлігін басқарды. 1993 жылғы қазаннан 1995 жылғы наурызға дейін тәуелсіз Қазақстанның алғашқы үкіметтерінің құрамында еңбек етті.

Бұл жас мемлекет көптеген институттарды жаңадан қалыптастырып, елдің жаңа тарихи жағдайдағы білім беру жүйесі қандай бағытта дамуы керектігін айқындаған кезең еді.

Дәл осы уақытта кейіннен отандық білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналған бірқатар жүйелі өзгерістер қолға алынып, дами бастады.

Ережеп Мәмбетқазиевтің есімі ұлттық тестілеуді енгізу, «Болашақ» бағдарламасын дамыту, мамандар даярлаудың «бакалавр – магистр – PhD» көпдеңгейлі моделіне көшу, үштілді білім беруді дамыту, өңірлік және жекеменшік жоғары оқу орындарын құру сияқты бастамалармен байланысты.



Бүгінде бұл ұғымдардың барлығы білім беру жүйесіне қатысы бар кез келген адамға жақсы таныс. Алайда бұл идеялар алғаш пайда болған кезде олар батылдықты, стратегиялық ойлауды және қалыптасқан ұстанымдарды өзгертуге дайын болуды талап етті.

Мәмбетқазиев білім беруді тұйық ұлттық жүйе ретінде емес, әлемдік академиялық кеңістіктің бір бөлігі ретінде қарастырды. Сондықтан халықаралық ынтымақтастық оның қызметіндегі маңызды бағыттардың біріне айналды.

ЕЛІМІЗДІ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТҚАН УНИВЕРСИТЕТ

Осы жұмыстың ең елеулі нәтижелерінің бірі – Қазақстан-Американдық еркін университетінің құрылуы болды.

1994 жылы Ережеп Мәмбетқазиев оның президенті әрі негізін қалаушысы атанды. ҚАЕУ Қазақстандағы халықаралық әріптестік негізінде құрылған алғашқы жоғары оқу орны болды. Оның құрылуы отандық білім беру жүйесінің шетелдік академиялық құрылымдармен тікелей байланыс орнатып, жаңа буын мамандарын даярлауда халықаралық тәжірибені пайдалана алатынының нақты үлгісіне айналды.

Кейін халықаралық байланыстар Ережеп Мәмбетқазиев қызметінің ажырамас бөлігіне айналды. Ол АҚШ пен Қазақстанның бірқатар университеттерінің құрметті профессоры және докторы атақтарына ие болды. Оның ғылыми еңбектері Ресейде, АҚШ-та, Еуропа елдерінде, Қытай мен Моңғолияда жарияланып, қайта басылды.

Бұл географиялық атаулардың ар жағында бір үлкен идея жатыр. Білім беру оқшауланып өмір сүрмеуі керек. Ғалымдар, оқытушылар мен студенттер білім алмасып, әртүрлі тәсілдерді көріп, халықаралық ғылыми кеңістікте жұмыс істеуге мүмкіндік алған кезде ғана білім дамиды.

ҒАЛЫМДАРДЫ ҚАНАТТАНДЫРҒАН ҒАЛЫМ

Сонымен бірге басқарушылық және реформаторлық қызмет Ережеп Мәмбетқазиевтің өміріндегі ғылымды ешқашан ығыстырған емес.

Ол – химия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі. Дәл ғылыми ортада оның өзіндік ғылыми мектебі – координациялық қосылыстардың электрохимиясы саласындағы ғылыми бағыты қалыптасты.

Оның жетекшілігімен 30-ға жуық ғылым докторы мен ғылым кандидаты даярланды. Ғылыми қызмет жылдарында Ережеп Әлхайырұлы 770-тен астам ғылыми еңбек пен жарияланымның авторы атанды. Олардың арасында білім мен ғылымның өзекті мәселелеріне арналған монографиялар мен зерттеулер бар.

Алайда ғалым еңбегінің ең маңызды көрсеткіші, бәлкім, жарияланымдар саны емес.

Ол – адамдар.

Кезінде оның студенті, аспиранты, жас зерттеушісі болған, кейін өзі оқытушы, ғалым, басшы атанған жандар.

Нағыз ұстаздың ерекше миссиясы да осында. Бір кездері берілген білім шәкірттер арқылы өмірін жалғастырып, одан әрі тарай береді.

ҚЫРЫҚ ЖЫЛ – ТҰТАС БІР ДӘУІР

Ректорлық қызметтегі төрт онжылдықтың өзі – таңғаларлық көрсеткіш.

Осы уақыт ішінде мемлекет те, экономика да, қоғам да, білім беру стандарттары мен технологиялар да өзгерді. Жаңа мамандықтар пайда болды, түлектерге қойылатын талаптар өзгерді, Қазақстан әлемге ашылды.

Алайда Ережеп Мәмбетқазиевтің білім беруді дамытуға және оның болашағы үшін жаңа мүмкіндіктер іздеуге деген ұмтылысы өзгерген жоқ.

Ол Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің негізін қалаушылардың қатарында болды, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елдің білім беру жүйесін басқарды, жаңа білім беру институттарын құрды, халықаралық әріптестікті дамытты, ғылыми кадрларды тәрбиеледі.

Ондаған жыл бұрын айтылған идеяларының көпшілігі бүгінде де өз қызметін жалғастырып келеді.

Өңірлік университеттер, жоғары білім берудің көпдеңгейлі жүйесі, халықаралық бағдарламалар, ұлттық тестілеу, академиялық ұтқырлық және зияткерлік элитаны даярлау – мұның барлығы Қазақстанның қазіргі білім беру шындығының бір бөлігіне айналды.

МАРАПАТТАР – ЕРЕН ЕҢБЕКТІҢ МОЙЫНДАЛУЫ

Ережеп Әлхайырұлының еңбегі мемлекет тарапынан да жоғары бағаланды.

Ол III дәрежелі «Барыс», «Парасат» ордендерімен, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орденмен, мерейтойлық медальдармен марапатталған. Қазақстанның еңбек сіңірген білім беру қызметкері атағына ие. Шығыс Қазақстан облысы мен Өскемен қаласының құрметті азаматы.

Оған құрметті академиялық атақтар берілген. Ол бірқатар шетелдік және отандық университеттердің құрметті профессоры және докторы.

2025 жылы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Ережеп Мәмбетқазиевке «Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл» мерейтойлық медалін табыстады. Бұл марапат оның отандық жоғары білім мен ғылымды дамытуға, кадрлар даярлауға және халықаралық академиялық ынтымақтастықты нығайтуға қосқан көпжылдық үлесінің мойындалуы болды.

Алайда, бәлкім, ордендер мен медальдармен өлшеуге келмейтін тағы бір мойындау бар.

Ол – шәкірттерінің, әріптестерінің және өзі қалыптасуына елеулі үлес қосқан білім беру жүйесінде еңбек етіп жүрген бірнеше буын оқытушылардың құрметі.

БАСТЫ БАЙЛЫҚ – АДАМДАР

Әрбір ұлы ғалымнан кітаптар мен ғылыми еңбектер қалады. Әрбір басшыдан жүзеге асқан жобалар мен құрылған мекемелер қалады. Әрбір реформатордан өзінен кейін де өмір сүретін өзгерістер қалады. Ал ұстаздан шәкірт қалады.

Осы тұрғыдан алғанда Ережеп Мәмбетқазиевтің мұрасы айрықша ауқымды.

Ол тек университеттер құрып, білім беру тәсілдерін өзгертіп қана қойған жоқ. Жастардың білім алуына, ғылыммен айналысуына, кәсіби болашағын қалыптастыруына және өзін үлкен академиялық қауымдастықтың бір бөлігі ретінде сезінуіне мүмкіндік беретін орта қалыптастырды.

Бәлкім, сондықтан ректорлық қызметтегі 40 жыл – бір ғана лауазымның мерейтойы емес.

Бұл – 40 жылдық жауапкершілік, 40 жылдық шешім, 40 жылдық адамдармен жұмыс, 40 жылдық университетке, ғылымға және мамандыққа адалдық.

Егер ректор қызметінің нәтижесін тек сандармен, ғимараттармен және реформалармен ғана емес, өзі ықпал еткен адамдардың тағдырымен өлшесек, бұл еңбектің ауқымы одан сайын айқындала түседі.

Ережеп Мәмбетқазиев – өмірбаяны Қазақстан білімінің тұтас бір дәуірін қамтыған тұлға. Ол университетті жай ғана жұмыс орны емес, тұлға мен елдің болашағы қалыптасатын кеңістік деп түсінген ғалымдар мен педагогтер буынына жатады.

#ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Өскемендегі жаңа жолайрықтың құрылысы 80%-ға аяқталды

Наргиз ЕРКІНБЕКОВА
Махаббат ӘУКЕНОВА

Өскеменнің сол жағалауында екі деңгейлі жолайрық құрылысы жалғасуда. Қазір нысанның негізгі тірек конструкцияларының басым бөлігі дайын. Құрылыс жұмыстарының 80 пайызы орындалған.

Жоба толық іске қосылғаннан кейін көлік қозғалысын жеңілдетіп, осы жол торабындағы өткізу қабілетін 2,5 есеге арттыру көзделіп отыр.

– Қазіргі уақытта жұмыстардың 80 пайызы орындалды. Қазір жол өткелінің жоғарғы құрылымын орнату аяқталып келеді. Екі аралықты монтаждау, жол өткеліне кіреберістерді жасау жұмыстары қалды. Осыдан кейін асфальт төсеуге кірісеміз, – деді жоба жетекшісі Асхат Рахимов.

Жаңа жолайрық қызметінің негізгі мақсаты – қаладағы көлік қозғалысы ең көп учаскелердің біріне түсетін жүктемені азайтып, көліктің еркін әрі үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету.

– Жобаны толық аяқтау келесі жылға жоспарланған. Дегенмен, мүмкіндік болса, жыл соңына дейін жол өткелі арқылы көлік қозғалысын іске қосуды жоспарлап отырмыз, – деді Асхат Рахимов.

Нысанның негізгі құрылысы аяқталғаннан кейін аумақты абаттандыру, жарықтандыру жүйесін орнату, жолайрықтан шығатын жолдарға асфальт төсеу және басқа да қорытынды жұмыстар жүргізіледі. Жобаға сәйкес, айналма қозғалыстың ішінде жаяу жүргіншілер өткелі болмайды. Дегенмен, жолайрыққа іргелес аумақта жаяу жүргіншілерге арналған инфрақұрылым қарастырылған.



Жаңа жолайрық көлік торабының өткізу қабілетін арттырып, Өскеменнің осы бөлігіндегі қозғалыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ іргелес шағын аудандар арасындағы қатынас ыңғайлы бола түседі.

#СЕНБІЛІК

Таза Қазақстан: Әр көшет – келешекке тарту

Айдос МЫРЗАХМЕТОВ
Евгений ЩЕТНИКОВ

Күллі әлем халқы табиғатты аялауға шығатын халықаралық тазалық күнінде Өскеменде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында дәстүрлі сенбілік өтті. Игі бастамаға 700-ден астам адам қатысып, қала аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына атсалысты.

Сенбілікке жоғары оқу орындары мен колледждердің 200-ге жуық студенті, зиялы қауым өкілдері, қоғам белсенділері, блогерлер мен БАҚ өкілдері, мемлекеттік қызметшілер мен коммуналдық сала мамандары қатысты.

Акция барысында Қазыбек би көшесі мен І. Есенберлин даңғылының қиылысындағы «Тәуелсіздік монументі» аумағына, сондай-ақ Қабанбай батыр ескерткіші маңына биіктігі 1,5-2 метр болатын 250 түп ағаш көшеті отырғызылды.



Көгалдандыру жұмыстарына облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов та қатысты.

– Әрбір таза аула, әрбір көрікті көше мен саябақ – баршамыздың ортақ еңбегіміздің нәтижесі. Осы игі бастамаға белсене атсалысып отырған барша азаматқа шынайы алғысымды білдіремін. Әсіресе, жастардың белсенді қатысуы ерекше қуантады, – деді аймақ басшысы Нұрымбет Аманұлы.



– Президент тапсырмасына сәйкес, Қазақстанда 2021-2027 жылдары 2 млрд ағаш отырғызу көзделген. Осы ауқымды міндет аясында Шығыс Қазақстан облысында 2027 жылға дейін 76 млн көшет отырғызу жоспарланған.

Соңғы бес жылда өңірде 40 млн-нан астам көшет отырғызылған. Ал биылдың өзінде 1,5 мың гектар аумаққа 6,1 млн көшет егілген.

Сенбілікке қатысушылардың бірі Қабылбек Аңғышбаевтың айтуынша, мұндай бастамалар қаланы көркейтіп қана қоймай, жастарға ұлттық құндылықтарды танытуға мүмкіндік береді.

– Жібек маталар комбинаты ауданындағы Үш бидің алаңына ағаштар отырғызып жатырмыз. Бүгінгі науқан жастарға халқымыздың әдет-ғұрпы мен салтын паш етеді. Оларға үлгі болады, – деді ол.

Облыс аумағын абаттандыру, көгалдандыру және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Ал бүгін егілген әрбір көшет – қаланың ертеңгі келбетіне қосылған үлес. Уақыт өте тамыр жайып, саялы ағашқа айналғанда, оның түбінде осы күнгі ортақ еңбектің ізі қалмақ.

#РУХАНИЯТ

Атақты комбайншыға арналған кітап жарық көрді

А. Пушкин атындағы ШҚО кітапханасы

Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханада Шығыстан шыққан атақты комбайншы қыз Айтжан Башимованың өмірі мен еңбек жолына арналған «Ұлы дала перзенті» кітабының таныстырылымы өтті.

Кітаптың авторлары – ақын, композитор Нәбиолда Кемешев және кітапхана ісінің ардагері, өлкетанушы Нұрғайни Мұқанова.

«Ұлы дала перзенті» – бала кезінен еңбекке ерте араласып, маңдай терімен елге танылған Айтжан Башимованың ғибратты ғұмырын баяндайтын тағылымды туынды. Еңбекке адалдығы, қайсарлығы мен елге сіңірген қызметі кітапта кеңінен қамтылған.



Басылымға кейіпкердің өмір жолын айшықтайтын архивтік құжаттар, тарихи деректер мен ауылдастарының естеліктері енгізілген. Авторлар бір адамның ғұмырнамасы арқылы тұтас бір дәуірдің тынысын, ауыл еңбегінің қадірін және маңдай термен жеткен жетістіктің мәнін көрсетуге тырысқан.

Кітаптың таныстырылымында облыс әкімінің орынбасары Айдар Садырбаев авторларға жылы лебізін білдірді. Елімізде қолға алынған «Кітап оқитын ұлт» жобасының маңызына тоқталып, осындай тағылымды еңбектердің оқырманға жол тартуының мәні зор екенін атап өтті.

Шара барысында кітап авторлары, қонақтар мен оқырмандар сөз сөйлеп, Айтжан Башимованың өмірі мен еңбек жолы туралы ой-пікірлерін ортаға салды. Еңбек адамының өнегелі ғұмырының бүгінгі жас ұрпақ үшін де үлкен үлгі екені айтылды.

«DIDAR» ақпарат

#КӘСІПКЕРЛІК

Кәсіпкерлерге бизнесті дамытуға арналған жаңа қолдау тетіктері ұсынылды

Роксана ГЛЫБОВА, Айгүл ӘЛІМСЕЙІТ
Евгений ЩЕТНИКОВ

Облыста кәсіпкерлерге жеңілдетілген қаржыландыру, несие бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және қарыздарға кепілдік беру сияқты мемлекеттік қолдау тетіктері қолжетімді. Бұл құралдар инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға, жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейтуге және бизнесті дамытуға мүмкіндік беріп отыр.



«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалының директоры Айгүл Қасымованың айтуынша, өңірде мемлекеттік қолдау шаралары арқылы жалпы сомасы 754 млрд теңгені құрайтын 13 мыңнан астам жобаға қолдау көрсетілген.

Кәсіпкерлерді қолдаудың негізгі бағыттарының бірі – жеңілдетілген несие беру. «Өрлеу» бағдарламасы бойынша 2025 жылдың маусым айынан бастап жылдық 12,6 пайыздық тіркелген сыйақы мөлшерлемесі белгіленген. Бағдарлама құны 7 млрд теңгеге дейінгі инвестициялық жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік береді. Несие мерзімі – 10 жылға дейін.

– 2025 жылдың қорытындысы бойынша бұл бағдарлама аясында 2393 жоба қаржыландырылды. Оның басым бөлігі өңдеу өнеркәсібіне тиесілі. Шығыс Қазақстан облысында 2026 жылдың басынан бері 17 жобаға жалпы сомасы 2,991 млрд теңге несие берілді, – деді Айгүл Қасымова.

Осы қолдау тетігі арқылы жүзеге асқан жобалардың бірі – Өскеменнің іскерлік орталығында ашылған жаңа қонақүй кешені. Кәсіпкер нысанды іске қосу үшін «Өрлеу» бағдарламасы бойынша 1,5 млрд теңге қаржы тартқан. Қонақүй 2026 жылдың сәуір айында жұмысын бастады.

– Бұл – облыстағы осы үлгідегі алғашқы қонақүйлердің бірі. Біздің мақсатымыз – облысымыз бен қаламызды еуропалық қызмет көрсету стандарттары мен шығыстық қонақжайлықты ұштастырған мекен ретінде таныту. Мемлекеттік қолдаусыз мұндай ауқымды жобаны жүзеге асыру қиын болар еді, – деді сату және маркетинг жөніндегі директор Виктория Тур.

Қонақүй кешенінде 46 нөмір, бассейн, конференц-зал және мейрамхана бар. Кәсіпорынның мәліметінше, нысанға ай сайын шамамен 1 мың адам келеді. Алдағы уақытта жобаны кеңейтіп, Семейде де осындай нысан ашу жоспарланып отыр.

Мемлекеттік қолдаудың тағы бір тетігі – несие бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау. Бұл мүмкіндікті астық өңдеп, ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарына арналған толық рационды жем өндіретін кәсіпорын да пайдаланған. Компания 2008 жылы жұмысын бастаған. 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында кәсіпорынға сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау арқылы қаржыландыру берілген. Сонымен қатар, жеке кепілзаты жеткіліксіз болған жағдайда қажетті банк несиесін тартуға мүмкіндік берген кепілдік құралы да ұсынылған.

2026 жылы кәсіпорын мемлекеттік қолдау шараларын қайта пайдаланып, «Өрлеу» бағдарламасы бойынша 250 млн теңге қаржы алған. Кәсіпкер үшін түпкілікті сыйақы мөлшерлемесі жылдық 12,6 пайызды құрады. Қаражат өндірісті одан әрі дамытуға және қуатын арттыруға бағытталған.

Бұл қолдаудың арқасында өндірістік үдерістеріміздің жетілдіріп, шикізат қорын толықтырып, тұтынушылармен тұрақты жұмыс істеуге мүмкіндік алдық. 2023 жылы жаңа бағытты қолға алып, үй жануарларына арналған жем өндіре бастадық. Осылайша компания мысықтар мен иттерге арналған жем нарығына шықты. Басты міндетіміз – сапалы, құнарлы әрі қолжетімді жем өндіріп, бәсекеге қабілетті қазақстандық өнім шығару, – деді сату бөлімінің басшысы Фериде Собуляк.

Кәсіпорынның өндірістік желісі тәулігіне 8 тоннаға дейін дайын өнім шығаруға мүмкіндік береді. Мұнда 50-ден астам адам еңбек етеді. Өндіріс көлемінің артуына байланысты жұмысшылар санын көбейту жоспарланып отыр.

Мемлекеттік қолдау медициналық қызмет көрсету саласында да қолданылады. Медициналық орталықтардың бірі «Өрлеу» бағдарламасы бойынша жылдық 12,6 пайыздық түпкілікті мөлшерлемемен 68 млн теңге қаржы алған.

– Қаржының арқасында ғимарат аумағын кеңейтіп, есту қабілеті бұзылған, құлақ, тамақ және мұрын аурулары бар пациенттерді тексеру мен оңалтуға қажетті жабдықтардың барлығын сатып алдық. Облыс бойынша ЛОР аурулары мен сурдология бағыттарын бір жерде біріктіретін жалғыз орталықпыз. Сонымен қатар, отоневролог дәрігеріміз бар. Барлық қызмет бір жерде көрсетіледі. Бұл пациенттер үшін өте ыңғайлы, – деді клиника басшысы Сабина Хасенбаева.

Шағын бизнеске арналған «Іскер аймақ» бірыңғай бағдарламасы да жүзеге асырылып келеді. Бағдарлама өңір экономикасының ерекшеліктерін ескере отырып, қолдау көрсетілетін бағыттарды айқындауға мүмкіндік береді.

– Бұл бағдарлама аясында бұған дейін тұрақты қолдау көрсетіліп келген өндірістік бағыттармен қатар, өңіріміз үшін өзекті туризм және ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту бағыттарын да қостық, – деді Айгүл Қасымова.

Бағдарлама аясында туристік сала мен ауыл шаруашылығына қажетті техника және жабдықтарды жалға беру мүмкіндігі де қарастырылған. Кәсіпкерлерге консультациялық қолдау көрсетуге де ерекше мән беріліп отыр. Мобильді фронт-офис аудан орталықтары мен ауылдық елді мекендерге барып, сол жерде кәсіпкерлерге қолжетімді мемлекеттік қолдау шаралары туралы түсіндіреді.

Жоба іске қосылғалы бері мобильді фронт-офис 146 рет сапарға шығып, 16 қала мен моноқалада 1,8 мыңнан астам консультация өткізген. Шығыс Қазақстан облысында мамандар 11 ауданға барып, 320-дан астам кәсіпкерге кеңес берген.

#ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстандағы ең биік көпірдің құрылысы аяқталуға жақын

Дмитрий ЧЖАН, Айгүл ӘЛІМСЕЙІТ
«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ ШҚО филиалы

Өскемен – Алтай – Үлкен Нарын – Катонқарағай – Рахман қайнары бағытындағы автомобиль жолында Қазақстандағы ең биік көпірдің құрылысы аяқталуға жақын. Ұзындығы 175 метр болатын нысанның негізгі конструкциялық жұмыстары толық аяқталған. Қазір көпірге асфальтбетон жабынын төсеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.



Пихтовка өзені арқылы өтетін көпір автомобиль жолының 56-72 шақырым аралығындағы учаскесінде, күрделі таулы жер бедерінде салынып жатыр. Нысанның биіктігі 45 метрге жетеді. Қазір құрылыс жұмыстары соңғы кезеңге көшті. Осыған байланысты көпірдің жүру бөлігін салу кезінде технологиялық талаптарды қатаң сақтау маңызды.

Нысан құрылысына сараптамалық сүйемелдеуді Жол активтерінің ұлттық сапа орталығының Шығыс Қазақстан облыстық филиалы жүргізіп келеді. Жоба басталғалы мамандар нысанға 20 рет барып, тексеру жүргізген. Сонымен қатар жол-құрылыс материалдарынан 70 сынама алынған.

Бақылау барысында жұмыс технологиясына қатысты екі ескерту анықталды. Зертханалық сынақтан өткен тоғыз сынама нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес келмеген. Анықталған сәйкессіздіктердің бір бөлігі қазірдің өзінде жойылған.

– Қазір нысан үшін жауапты кезең басталды. Асфальтбетон жабынын төсеу кезінде жұмыстың мерзімін ғана емес, ауа райы жағдайын да ескеру қажет. Ауа температурасы +10 градустан төмен болған кезде ыстық асфальтбетон төсеуге болмайды. Бұл жабынның сапасы мен әрі қарайғы пайдалану мерзіміне тікелей әсер етеді. Бүгінде ауа райы белгіленген талаптарды сақтай отырып, жұмысты жалғастыруға мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан біздің міндетіміз – құрылыстың соңғы кезеңінің сапалы әрі технологиялық талаптарға сай орындалуын қамтамасыз ету, – деді Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы ШҚО филиалының директоры Ержан Аязбаев.

Қазіргі уақытта нысанда құрылыс-монтаж жұмыстары жалғасып жатыр. Атап айтқанда, бетондау және асфальтбетон жабынын төсеу жұмыстары жүргізілуде. Жол сапасы орталығының мамандары құрылыс технологиясының сақталуын, қолданылатын материалдардың сапасын және зертханалық сынақтардың нәтижелерін бақылауда.

– Ыстық асфальтбетонды төсеу үшін ауа температурасы +10 градустан төмен болмауы тиіс. Ауа райы қолайлы болса, ұзындығы 175 метр болатын көпірдің жабынын қысқа мерзімде төсеуге болады. Жол жабыны төселіп болғаннан кейін де филиал мамандары өз құзыреті аясында бақылау жұмыстарын жалғастырады. Құрылыс жұмыстары аяқталған соң көпірді пайдалануға беру алдындағы қорытынды шараларға көшуге мүмкіндік туады, – деп хабарлады Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы ШҚО филиалының баспасөз қызметі.

Пихтовка өзені арқылы өтетін жаңа көпір Катонқарағай ауданы мен Рахман қайнарына апаратын автомобиль жолының құрамына кіреді. Күрделі таулы жер бедерінде бой көтерген нысан осы бағыттағы ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі саналады.

#РУХАНИЯТ

«Әділетті қоғамға – шыншыл сөз»: жастар Президенттің ой-тұжырымдамаларын талдады

Елизавета СЕДЫХ,
Айгүл ӘЛІМСЕЙІТ
Владимир ПЕТУХОВ

Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кітабының таныстырылымы өтті. Жиында Президенттің әр жылдары айтқан қоғамдық-саяси ойлары мен ел дамуына қатысты ұстанымдарының сабақтастығы талқыланды.



«Әділетті қоғамға – шыншыл сөз» жинағына Мемлекет басшысының 1994 жылдан бергі баяндамаларында, мақалалары мен сұхбаттарында, сондай-ақ түрлі халықаралық және отандық мінберлерде айтқан негізгі ой-тұжырымдары енгізілген. Кітап 21 тақырыптық бөлімнен тұрады. Онда мемлекет пен қоғамның дамуы, заң және тәртіп, білім мен ғылым, ұлттық құндылықтар, жастар, тіл, цифрландыру, басқа да мәселелер қамтылған.

Университетте өткен талқылауға профессор-оқытушылар құрамы, ғалымдар, студенттер және жастар ұйымдарының өкілдері қатысты. Кездесуде жинақтағы жекелеген ойлардың қазіргі қоғамдық үдерістермен сабақтастығы, мемлекеттік саясаттың басым бағыттары және жас ұрпақтың ел дамуындағы жауапкершілігі сөз болды.

Облыс әкімінің орынбасары Айдар Садырбаев кітаптың ерекшелігі Мемлекет басшысының әр кезеңде айтқан пікірлері мен ұстанымдарын бір жинақтан көруге мүмкіндік беретінін атап өтті.

– Кітаптың ерекше құндылығы – Мемлекет басшысының әр жылдардағы айтқан сөздерінде. Олар мемлекеттік саясаттың басымдықтарын тереңірек түсінуге және әділетті қоғам құрудың негізінде жатқан құндылықтарды пайымдауға мүмкіндік береді, – деді Айдар Садырбаев.

Оның айтуынша, жинақ ғылыми орта үшін де маңызды. Себебі, елдегі қоғамдық-саяси үдерістерді әр кезеңдегі көзқарастармен салыстыра отырып зерделеуге мүмкіндік беретін материалдар топтастырылған.

– Кітап мазмұнының ауқымдылығымен, ойдың нақтылығы және баяндау тілінің түсініктілігімен ерекшеленеді. Ол елдің болашағы және Қазақстанның дамуына әрқайсымыздың жауапкершілігіміз туралы ойлануға жетелейді, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Талқылау барысында кітаптағы тарихи-саяси ойлардың бүгінгі қоғаммен сабақтастығына, елдің даму бағыттарына және жастардың азаматтық жауапкершілігіне назар аударылды. Қатысушылар жинақтағы ой-тұжырымдар Қазақстанның әр кезеңдегі даму барысын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

– Талқылау өте қызықты әрі танымды өтті. Кітапты міндетті түрде оқып шығуды жоспарлап отырмын. Сарапшылардың пікірлерін қызығушылықпен тыңдадым, – деді 4-курс студенті Расул Айткенов.

Жиында республикалық «Оқитын ұлт» марафонына қатысу мәселесі де айтылды. Айдар Садырбаев университет жастарын аталған бастамаға белсенді қатысуға шақырды.



#ЖОБА

«Кітап оқитын ұлт» марафоны өтуде

Балауса ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ
Евгений ЩЕТНИКОВ, depositphotos.com

Өскеменде өңір тұрғындарын кітап оқуға тартуға бағытталған «Кітап оқитын ұлт» марафоны басталды. Жобаға оқушылардан бастап еңбек адамдарына дейін әр жастағы облыс тұрғыны қатыса алады. Марафонның қалай өтетіні және қатысушыларды қандай сынақтар күтетіні Өскеменде өткен баспасөз конференциясында айтылды.

Марафон бір күндік немесе бір апталық шара емес, бірнеше айға созылатын ауқымды жоба ретінде ұйымдастырылып отыр. ШҚО мәдениет басқармасының басшысы Самат Қасеновтің айтуынша, бастама облыс тұрғындарын кітап оқуға ынталандырып, оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

– Бұл марафон бір күндік немесе бір апталық емес. Біз оны қазір қолға алып, жыл көлемінде облыс тұрғындарының барлығына жеткізуді мақсат етіп отырмыз. Марафонның ережесі бекітілді. Сол ереже негізінде А.С. Пушкин атындағы облыстық кітапхана марафонды жүргізетін болады, – деді Самат Қасенов.

Оның сөзінше, жобаға қатысты құжаттар дайындалып, аудан және қала әкімдіктеріне, мәдениет саласының қызметкерлері мен кітапханашыларға жіберілген. Марафон Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 16 мамырдағы №1279 «Оқу мәдениетін дамыту және оқитын ұлтты қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы аясында еліміздің барлық өңірінде өтіп жатыр.

АЛТЫ БАҒЫТ, 15 КІТАП

Марафон қыркүйек айынан басталып, 2027 жылдың сәуіріне дейін жалғасады. Қорытындысын 23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай шығару жоспарланған.

Жоба алты бағыт бойынша ұйымдастырылады. Әр санатқа қатысушылардың жасына және қызметіне қарай жеке талап қойылған.

А.С. Пушкин атындағы облыстық кітапхананың директоры Назымгүл Тлеубекованың айтуынша, марафонға 6-10 сынып оқушылары, колледж және жоғары оқу орны студенттері, мектеп, колледж және ЖОО мұғалімдері мен оқытушылары, отбасылар, инклюзивті орта өкілдері, сондай-ақ түрлі мекеме мен ұйым қызметкерлері қатыса алады.

– Бірінші бағыт – «Үздік оқырман оқушы». Оған 6-10 сынып оқушылары қатысады. Екінші бағыт – «Үздік оқырман студент», мұнда колледж және университет студенттері бақ сынайды. Үшінші бағыт – «Үздік оқырман оқытушы». Бұл санатқа мектеп, колледж және жоғары оқу орнының мұғалімдері мен оқытушылары қатыса алады. Төртінші бағыт – «Үздік оқырман әулет». Оған 3-5 адамнан тұратын отбасылар қатысады. Бесінші бағыт – «Инклюзивті ортадағы Үздік оқырман», ал алтыншы бағыт – «Үздік оқырман қызметкер». Соңғы санатқа түрлі мекеме мен ұйымдардың қызметкерлері қатыса алады. Марафонға жас ерекшелігіне қарамастан кез келген облыс тұрғыны қатыса алады, – деді Назымгүл Тлеубекова.

Әр бағыт бойынша қатысушыларға 15 кітаптан тұратын әдебиеттер тізімі ұсынылады. Яғни марафонға қатысу үшін кітапты жай оқып шығу жеткіліксіз, оның мазмұнын жақсы меңгеру де қажет.



Кітаптардың толық тізімі мен марафон ережесі А.С. Пушкин атындағы ШҚО кітапханасының pushkinlibrary.kz сайтында жарияланған.

БІЛІМ ОНЛАЙН ТЕСТ АРҚЫЛЫ ТЕКСЕРІЛЕДІ

Марафонның соңғы кезеңінде қатысушылардың оқыған кітаптарын қаншалықты меңгергені арнайы тест арқылы анықталады. Тестілеу сәуір айының басында Google Forms платформасында өтеді.

– Сәуірдің басында барлық қатысушы онлайн тестілеуден өтеді. Бұл тестке сұрақтарды кітапханашылар дайындайды. Егер 15 кітап болса, бір кітаптан үш сұрақтан дайындалады. Қатысушылар 45 сұраққа жауап беруі керек, – деді кітапхана директоры.

МАҚСАТ – ҮЗДІК ОҚЫРМАНДЫ ТАБУ ҒАНА ЕМЕС

Марафон қорытындысында үздік нәтиже көрсеткен қатысушыларға қаржылай сыйлық беріледі. Сыйлықтың нақты мөлшері мәдениет басқармасының жылдық жоспары негізінде айқындалады.

Дегенмен ұйымдастырушылар үшін жобаның мәні тек жеңімпазды анықтаумен шектелмейді. Негізгі мақсат – өңір тұрғындарының кітапқа деген қызығушылығын арттырып, күнделікті өмірде кітап оқуды тұрақты әдетке айналдыру. Жас ерекшелігіне шектеу қойылмауы да осыған байланысты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бірнеше айға созылатын жоба барысында кітап оқу тек жеке әдет емес, ортақ мәдениетке айналса, марафонның басты мақсаты орындалмақ.

#ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Жетім баланы төрт жыл қасынан тастамаған майдангер

Соғыс жылдарында майдангерлер қару ұстап, ел қорғаумен қатар, адам тағдырына да араша түскен. Солардың бірі – Күршім өңірінің тумасы, зеңбірек командирі Зейнелқабиден Оспанов. Белоруссия жеріндегі шайқастардың бірінде сегіз жасар жетім баланы кезіктірген жауынгер оны төрт жыл бойы қасынан тастамай, қамқорлығына алыпты.

Зейнелқабиден Оспанов 1918 жылы Күршім ауданының Жылытау ауылында туған. Сол ауылда 6-шы сыныпты бітіріп, ата-анасының ауылы Маралдыға жұмыс істеуге барады. 1938 жылдың тамызында әскерге аттанады. 1940 жылға дейін Көкпектідегі атты әскер құрамында борышын өтеген. Туған жеріне оралып, Шайзада Тұрғынбайқызымен бас қосып, отбасын құрады. Соғыс басталғанда бірден майданға емес, тағы да Көкпектіге, қазақ жігіттеріне мылтық үйретуге жіберіледі. Бірақ жарты жылдан кейін соғысқа сұранып, майданға аттанады.

Украинада жүріп жатқан майданға старшина ретінде келіп, бірден зеңбірек командирі болып тағайындалады. 38-ші истребительдік-танкке қарсы артиллериялық полктің 20-шы бригадасында соғысады. Ол Донбасс операциясына, Киев маңындағы ұрыстарға қатысады. 1945 жылдың қаңтарында Варшаваны азат етуге, сәуір-мамырда Берлинді шабуылдауға, одан әрі Эльба өзіне бойындағы шайқастарға атсалысқан.

38-ші полк жауынгерлерінің қолжазбаларында былай делінген: «1945 жылғы 24 сәуірде болған ұрыста артиллериялық батареялар маңызды рөл атқарды. Таңертең біздің бөлімдер Науэн аймағын басып алды. Вустерман жолында қарсыластың танкісі мен екі бронетранспортері байқалды. Олар 1-ші батареяның артиллериялық оғымен жойылды. Ұрыста ерекше көзге түскендер – командир, аға лейтенант Гончаров, кіші лейтенант Норкин, зеңбірек командирі, старшина Оспанов».

Майдангер сол шайқаста бір «Пантера» танкін, екі бронетранспортерді өртеп, қарсыластың 15 шақты солдаты мен офицерін жойған.

Белоруссия жеріндегі шайқастар кезінде деревнялардың бірінен Зейнелқабиден Оспанов бір жетім баланы тауып алады. Ол бала сегіз жасар Ткаченько еді. Кейінен оны қасына ертіп жүреді, төрт жыл тастамайды. 12 жасқа келгенде мылтық атуды үйретіп, соғысқа кіргізеді. 1944 жылы жарақат алып, Ткаченькодан көз жазып қалады. Бірақ бала соңына дейін шайқасып, соғыс аяқталысымен оқуға түсіп, генералдық шенге дейін жетеді. 1983 жылы күзде Ткаченько өзін құтқарып қалған батыр ағасын Мәскеуге кездесуге шақырады. Бірақ оған ардагер бара алмаған. Генерал көмек ретінде Маралды ауылынан үлкен үй салып береді.

Ардагер «Отан соғысы», «Даңқ» ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін», «Ерлігі үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» , «Берлинді алғаны үшін» медальдарымен марапатталған. 1976 жылы «Еңбек ардагері» медалі табысталған.



Соғыстан кейін ұзақ жыл адал еңбек етті. Шахтада, кеніште жұмыс істеді, кейін ұсталық кәсіпті меңгеріп, темір өңдеумен, ат тағалаумен айналысты. 1971 жылы зейнеткерлікке шықты. Жұбайы Шайзада Тұрғынбайқызымен жеті ұл және төрт қыз тәрбиелеп, өсірді.

Зейнелқабиден Сақариұлы 1995 жылы дүниеден озды. Десек те, оның өнегелі ғұмыры мен өшпес ерлігі ел жадында сақтаулы.

Дулат Қайырғазы,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері

#ӨНЕГЕЛІ ЖАНҰЯ

Ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан ұстаздық жол



Ержан ӘБІШ
Нұрмұхамедовтер әулетінің жеке мұрағатынан

«Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет» деген Бауыржан Момышұлының сөзі бар. Осы ұлы жолды Нұрмұхамедовтер әулеті бірнеше буын бойы абыроймен жалғастырып келеді. Бұл әулеттің педагогика саласындағы жалпы еңбек өтілі 170 жылдан асады.

Әулеттің отағасы Әлібек Нұрмұхамедов 1941 жылы Тарбағатай ауданының Жаңаталап ауылында дүниеге келген. Өскемен педагогикалық институтын тәмамдаған соң еңбек жолын Ақжар ауылындағы Абай атындағы орта мектепте химия пәнінің мұғалімі болып бастады. Кейін аудандық оқу бөлімінде инспектор, Шілікті орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, бірқатар мектепте директор қызметін атқарды. Құйған ауылындағы «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы орта мектепті жиырма жылдан астам уақыт басқарды.

Ардагер педагог мұғалім мамандығының қашанда қоғам үшін маңызды болғанын айтады.

– Мұғалімдік мамандық – қай заманда болсын ең керекті, ең қадірлі әрі ең жауапты қызмет. Себебі ұстаз – сол заманның болашақ жастарын тәрбиелейтін, білім нәрімен сусындататын, ағартушылық миссияны атқаратын басты тұлға. Бұрын ауылда бір ғана мұғалім болса да, оны үлкенінен кішісіне дейін ерекше құрметтейтін. Ұстаздың орны төрде еді. Өйткені ол елдің болашағына бағыт беріп, жастарды азамат етіп қалыптастыратын өмірлік жолбасшы саналды, – дейді Әлібек Нұрмұхамедұлы.

Ол өзінің ұстаздық жолын білім берген аға буын өкілдерінің өнегесімен байланыстырады. Әсіресе Қызырбек Біләлов, Зоя Біләлова, Асқар Ісләмов, Исламбек Қамажанов, Қазыбек Ыдырышев сынды ұстаздарын ерекше құрметпен еске алады.

– Өмірлік жолымда ұстаздық мамандықты таңдауыма маған білім берген, өнеге көрсеткен бұрынғы ұстаздарымның ықпалы өте зор болды. Мен қай кезде де өз ұстаздарымның есімдерін зор құрметпен атаймын, – дейді ардагер ұстаз.

Әлібек Нұрмұхамедов үшін ұстаз еңбегінің ең үлкен бағасы – шәкіртінің жетістігі.

– Ұстаздың ең үлкен мақтанышы – өсіріп шығарған шәкірті. Шәкірті жақсы болса, ұстазының мерейі үстем болады, – дейді ол.

Ақсақал Құйған мектебін басқарған жылдары білім ошағының оқу сапасын арттыруға ерекше басымдық берген болатын. Сол кезеңде 45 оқушы үздік аттестат иегері атаныпты. Бүгінде оның шәкірттері түрлі салада еңбек етіп, елге қызмет етіп жүр.

Ардагер ұстаздың еңбегі мемлекет тарапынан да жоғары бағаланған. Ол «Қазақ КСР білім беру ісінің үздігі» атағымен, бірқатар мерейтойлық медальдармен және төсбелгілермен марапатталған. 2018 жылы Тарбағатай ауданының құрметті азаматы атанса, 2024 жылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері атағына ие болды.

Зейнетке шыққанымен Әлібек Нұрмұхамедов қоғамдық жұмыстан қол үзген жоқ. Тоғыз жыл бойы Өскеменнің КШТ шағын ауданындағы ардагерлер кеңесін басқарған. Қазір де Өскемендегі бірқатар білім беру ұйымдарына барып, оқушылармен кездеседі.

– Қазіргі мектептердің мүмкіндігі мол. Заманауи техника, цифрландыру, жасанды интеллект, робототехника сияқты жаңа бағыттарды меңгеруге жағдай бар. Жастар тек жақсы бағаға оқып қоймай, білімді, білікті, елге пайдалы азамат болып өсуі керек. Мұғалімнің де, мектептің де басты міндеті – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, – дейді Әлібек Нұрмұхамедов.

Ұстаздық жолды Нұрмұхамедовтер әулетінің анасы Қабижамал Рамазанқызы да абыроймен өткерген. 1942 жылы Марқакөл ауданының Сәрмоңке ауылында дүниеге келген ол Өскемен педагогикалық институтында география мамандығын меңгеріп, еңбек жолын білім саласына арнаған. Алғашқы еңбек жылдарында пионер жетекшісі әрі мұғалім болып қызмет атқарып, кейін комсомол ұйымында еңбек еткен. Тұрмыс құрған соң Тарбағатай ауданына қоныс аударып, зейнетке шыққанға дейін сол өңірдегі мектептерде ұстаздық етті. Өмірінің елеулі бөлігі жолдасы Әлібек Нұрмұхамедовпен бірге Құйған мектебінде өтті.

– Негізгі мамандығым – география. Зейнетке шыққанша осы пәннен сабақ бердім. Мұғалім жетіспеген кездері орыс және неміс тілдерінен де сабақ беруге тура келді. Неміс тілін мектепте де, институтта да жақсы оқыған едім, сондықтан бұл пәнді бірнеше жыл оқыттым, – дейді Қабижамал әжей.

Ардагер ұстаздың айтуынша, педагог үшін ең бастысы – өз пәнін меңгерумен қатар, шәкірттің жүрегіне жол табу.

– Ұстаздық жолымның негізгі бөлігі Құйған мектебінде өтті. Жолдасым екеуміз иық тіресе жүріп, осы мектепте бірге еңбек еттік. Мектептегі қоғамдық жұмыстарға да белсене араластым. Ұстаздықтың қызығы да, қиындығы да көп. Бірақ шәкірттеріңнің жетістігін көргенде барлық еңбегіңнің ақталғанын сезінесің, – дейді ол.

Қабижамал Рамазанқызының еңбегі де елеусіз қалған жоқ. Ол «Аға мұғалім» атағын алып, білім беру саласындағы көпжылдық еңбегі үшін облыстық және министрлік деңгейіндегі бірқатар марапатқа ие болған. 2024 жылы «Білім беру үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Нұрмұхамедовтер отбасындағы ұстаздық дәстүр бүгінде кейінгі буынға жалғасып отыр. Әлібек пен Қабижамалдың қыздары – Эльвира, Эльста, Мадина және немерелері Елнар педагогика саласын таңдап, шәкірт тәрбиесіне өз үлестерін қосып келеді.

Әулеттің ұстаздық тарихы Қабижамал Рамазанқызының төркін жұрты Нұрғалиевтер әулетімен де сабақтас. Бұл әулеттен Кеңес одағының халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиев шыққан.

Бүгінде Нұрмұхамедовтер үшін ұстаздық – жай ғана мамандық емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан өмірлік ұстаным. Әке-шешеден балаға, баладан немереге жеткен бұл жол – шәкірт тәрбиесіне адал қызмет етудің жарқын үлгісі.

#ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ

Мас жүргізушіге кешірім жоқ



ШҚО ПД

Көлік тізгінін ұстаған адам бір мезетте өзінің ғана емес, жолдағы ондаған адамның қауіпсіздігіне жауап береді. Сондықтан жүргізуші үшін масаң күйде рөлге отыруды «жеке таңдау» деп қарау қиын. Бір адамның жауапсыздығы кездейсоқ жолайы кездескен өзге жандардың өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Ал бұған дейін көлік басқару құқығынан айырылғанына қарамастан, қайтадан масаң күйде рөлге отыру – ескертудің де, жазаның да нәтиже бермегенін көрсететін аса қауіпті жағдай.

Облысымызда жыл басынан бері осындай 56 жағдай анықталған. Яғни, жүргізуші куәлігінен айырылған азаматтардың өзі мас күйде көлік басқаруды қайта таңдаған.

Қайталанған заң бұзушылықтар бойынша қылмыстық істер қозғалды. Оның ішінде 36 іс бойынша сот айыптау үкімін шығарды. Нәтижесінде жүргізушілер қылмыстық жауапкершілікке тартылып, көлік басқару құқығынан өмір бойына айырылды.

Заңның мұндай қатаңдығы түсінікті. Бұған дейін жүргізуші куәлігінен айырылған адам өз әрекетінің салдарын біледі. Оған рөлге отыруға болмайтыны белгілі. Соған қарамастан масаң күйде қайтадан көлік басқарады.

– Қылмыстық кодекстің 346-шы бабында бұған дейін көлік басқару құқығынан айырылған адамның мас күйде көлік тізгіндегені үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Демек, мұндай әрекеттің салдары әкімшілік шарамен шектелмейді. Сонымен қатар 2025 жылғы 5 сәуірден бастап мопедтер механикалық көлік құралдары санатына жатқызылып, міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады. Осыған байланысты мопед жүргізушілеріне де мас күйде көлік басқаруға қатысты заң талаптары қолданылады, – деп түсіндіреді полиция департаменті.

Кейде адам масаң күйде көлік айдауды «үйге дейін ғана», «жол жақын», «ешкімге кедергі болмаймын» деген секілді сылтаулармен ақтауы мүмкін. Бірақ жолдағы жағдайды алдын ала болжау мүмкін емес. Бір секундта көлік алдынан адам шығуы, қарсы бағыттан басқа автомобиль келуі немесе жүргізушінің өзі басқаруды жоғалтуы ықтимал. Сол сәтте «жол жақын еді» деген уәждің ешбір мәні қалмайды.

#«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Тазалық сенбіліктен емес, әдеттен басталады

ШҚО ПД

Таза көше, жинақы аула, қоқыссыз қоғамдық орын – кез келген елді мекеннің көркі ғана емес, тұрғындардың ортақ мәдениетінің көрінісі. Алайда тазалықты сақтау туралы сөз болғанда, біз көбіне коммуналдық қызметке немесе арнайы акцияларға үміт артамыз. Шын мәнінде, қаланың тазалығы біркүндік сенбіліктен емес, әр адамның күнделікті әдетінен басталады.


Шығыс Қазақстанда «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында бұл мәселеге ерекше назар аударылып отыр. Полиция жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, абаттандыру талаптарының сақталуын бақылау үшін рейдтік іс-шаралар жүргізуде. Негізгі назар қоқыс жиі тасталатын орындарға аударылған.

Рейд барысында ғана емес, бейнебақылау камералары арқылы да көшелерде, аулаларда және басқа да қоғамдық орындарда ірі көлемді заттар мен тұрмыстық қалдықтарды белгіленбеген жерге тастау фактілері анықталады.

Акция басталғалы бері облыста 7368 әкімшілік құқықбұзушылық анықталған. Оның 6171-і абаттандыру қағидаларын бұзуға қатысты болса, 1197 факті қоғамдық орындарды ластауға байланысты тіркелген. Сандардың өзі мәселенің ауқымын аңғартады: тазалық туралы талапты білу бір бөлек те, оны күнделікті орындау бір бөлек.

– Қоқыстың белгіленбеген жерге тасталуы сырт көзге ұсақ тәртіпсіздік болып көрінуі мүмкін. Бірақ бір адамның әрекетін екіншісі қайталаған сайын шағын ғана қалдық үйіндіге, ал үйінді уақыт өте келе тұрақты қоқыс орнына айналады. Мұндай жерлер елді мекеннің санитарлық жағдайына, қоршаған ортаға және тұрғындардың өмір сүру сапасына әсер етеді, – дейді тәртіп сақшылары.

Өңірде рұқсат етілмеген қоқыс орындарын анықтап, жою жұмыстары да қатар жүргізілуде. Бүгінде осындай 164 орын анықталып, оның 143-і жойылған. Бұл – атқарылған жұмыстың нақты нәтижесі. Бірақ жойылған қоқыс орнының қайта пайда болмауы одан да маңызды.



#ҚАУІПСІЗДІК

Лайктың құны тым қымбат болуы мүмкін

ШҚО ПД

Қазір әлеуметтік желіде ерекше кадр түсіру үшін түрлі әрекетке баратындар көбейді. Бірі биік жерге шығып суретке түседі, енді бірі жүріп бара жатқан көлікте қауіпсіздік талаптарын елемей, өзгелердің назарын аударуға тырысады. Алайда әлеуметтік желідегі бірнеше секундтық әсердің артында нақты қауіп тұрғанын ескере бермейміз.



Жуырда әлеуметтік желілерде жолаушылардың жүріп бара жатқан көліктің терезесінен белуардан сыртқа шығып тұрған бейнесі тарады. Көпшілікке қызық көрінуі мүмкін көрініс полицейлер назарын аударды. Тәртіп сақшылары бейнедегі азаматтарды анықтап, заң аясында шара қабылдады.

– Жолдағы көлік – ойыншық емес. Оның жылдамдығы, қозғалыс бағыты, жол жағдайы бір сәтте өзгеруі мүмкін. Көлік күрт тежелсе немесе ойламаған жерден кедергі пайда болса, терезеден сыртқа шығып тұрған адамның өзін қорғауға мүмкіндігі өте аз. Оның үстіне мұндай әрекет жүргізушінің назарын бөліп, жол қозғалысының басқа қатысушыларына да қауіп төндіреді, – дейді полицейлер.

Оқиға бойынша жүргізушілерге ӘҚБтК-тің 593-бабының 1-ші және 3-ші бөліктері бойынша әкімшілік хаттамалар толтырылды. Бұл нормалар жолаушыларды тасымалдау талаптарын, оның ішінде адамдарды көлік құралының салонынан тыс тасымалдау ережелерін бұзуға қатысты.

Ал жолаушылар көлік жүріп келе жатқан кезде оның салонынан тыс болғаны үшін ӘҚБтК-тің 615-ші бабының 5-ші бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Бұл жерде мәселе тек айыппұл немесе әкімшілік жауапкершілікте емес. Ең маңыздысы – адамның өз қауіпсіздігіне деген көзқарасы. Жол ережесі жүргізушіге кедергі жасау үшін емес, әр адамның жолдан аман оралуы үшін белгіленген.

#ЕРЛІК

Полицейлер өртке оранған үйден баланы аман алып шықты

Адам өмірін арашалау кейде бір сәтте шешім қабылдап, қауіпке қарай қадам басуды талап етеді. Алтай қаласында болған өрт кезінде полиция қызметкерлері дәл осындай сын сәтте батылдық танытып, үй ішінде қалған баланы ажалдан арашалап қалды.

Алтай қаласының оңтүстік бөлігін патрульдеп жүрген «Алтай 03» экипажы жеке сектор аумағынан көтерілген қою түтінді байқайды. Түтіннің қайдан шыққанын анықтау үшін тәртіп сақшылары дереу сол бағытқа бет алады. Алтай көшесіндегі №3 үйге жақындағанда, жеке тұрғын үйдің отқа оранғанын көреді.

Өрттің қауіптілігіне қарамастан, полицейлер бірден жағдайды бағалап, адам бар-жоғын анықтауға кіріскен. Сол сәтте үйдің терезесінен баланың жылаған дауысы естіледі. Бұл уақыт жоғалтуға болмайтын сәт еді.

Полиция майоры Азамат Қанапин өрт сөндірушілердің келуін күтпей, балаға қарай ұмтылады. Оған әріптестері – взвод командирі, полиция капитаны Ринат Құниязов пен патрульдік полиция взводы қызметінің инспекторы, полиция аға лейтенанты Абзал Смағұлов көмекке келеді. Үшеуі бірігіп терезені сындырады.

Көп ұзамай майор Қанапин түтін басқан үйдің ішіне кіріп, баланы сыртқа алып шығады.

Оқиға орнында жүрген көршілердің бірі қарап қалмай, шұғыл қызметтерге дереу хабар берген. Осылайша, әркім өз мүмкіндігіне қарай көмек көрсетуге тырысты.



Көп ұзамай оқиға орнына өрт сөндірушілер мен жедел жәрдем бригадасы жетеді. Құтқарылған бала дәрігерлерге тапсырылып, ауруханаға жеткізілді. Қазіргі уақытта оның өмірі мен денсаулығына қауіп жоқ.

Өрт – санаулы минуттың ішінде үлкен қайғыға айналуы мүмкін апат. Мұндай жағдайда адамның әрбір әрекеті, әрбір секунд шешуші мәнге ие. Алтайдағы оқиға соны тағы бір көрсетті. Қауіп ортасында қалған баланың тағдыры сол жерде болған адамдардың шұғыл әрекетіне байланысты болды.

Бетті әзірлеген – Ержан ӘБІШ

#ТУРНИР

Ардагерлер тоғызқұмалақтан бақ сынады

Тайыр САПАРҒАЛИЕВ
Евгений ЩЕТНИКОВ

Өскемендегі Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында облыстың ардагерлері бас қосып, ұлттық зияткерлік ойыннан бақ сынады. Тоғызқұмалақтан өткен турнирге облыстың қалалары мен аудандарындағы ардагерлер ұйымдарының өкілдері қатысты. Жарысты «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Шығыс Қазақстан облыстық филиалы ұйымдастырды.

Тоғызқұмалақ – зердені ұштап, сабыр мен дәлдікті қалаған талап ететін ұлттық ойын. Сондықтан турнирдің мәні жеңімпазды анықтаумен ғана шектелмейді. Ұйымдастырушылар аға буын өкілдерінің белсенділігін арттырып, ұлттық ойынға деген қызығушылықты кеңейтуді көздейді.

Жарыстың ашылуында облыс әкімінің орынбасары Айдар Садырбаев ардагерлерге ізгі тілегін жеткізді. Ол тоғызқұмалақтың соңғы жылдары ел ішінде ғана емес, халықаралық деңгейде де кеңінен танылып келе жатқанын атап өтті.

Құрметті ардагерлер, ұлттық зияткерлік ойын ретінде өзін жақсы танытқан тоғызқұмалақтан турнир өтіп жатыр. Бұл жарыстар арқылы оның танымалдығын арттырғымыз келеді. Жастарымыздың назарын дәл осындай зияткерлік ойындар мен спорт түрлеріне бұру маңызды. Осындай қажет әрі маңызы зор шараны ұйымдастырып отырған облыстық ардагерлер кеңесіне алғысымды білдіремін. Баршаңызға зор денсаулық, табыс тілеймін! – деді Айдар Садырбаев.

Турнирге Ұлан ауданынан келген Бекболат Ақылбаев пен Тарбағатай ауданының өкілі Алмабек Міржақыпұлы да қатысты. Екеуі де тоғызқұмалақ додасында бұған дейін бақ сынаған. Қатысушылардың айтуынша, мұндай жарыстар тәжірибе алмасып, шеберлікті шыңдауға мүмкіндік береді. Ал ұлттық ойынды өскелең ұрпаққа жеткізу аға буынның ортақ міндеті.

– Тоғызқұмалақ сияқты ұлттық ойындардың жастар мен балаларды тәрбиелеуде, салауатты өмір салтын насихаттауда маңызы зор деп ойлаймын. Турнирге қатысушыларға сәттілік, тартысты бәсеке және шеберліктерін шыңдауды тілеймін, – деді Алмабек Міржақыпұлы.



Турнир қорытындысы бойынша жеңімпаздар алғыс хаттар және сыйлықтармен марапатталды.

#АКЦИЯ

Мыңнан астам жас есірткіге қарсы шараға қатысты



Айдос МЫРЗАХМЕТОВ
Евгений ЩЕТНИКОВ

Өскеменде жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттап, есірткінің таралуына жол бермеуге бағытталған «Өскемен – есірткісіз қала» акциясы өтті. Шараға жоғары оқу орындары мен колледждердің мыңнан астам студенті, жастар ұйымдарының өкілдері және құқық қорғау органдарының қызметкерлері қатысты. Акция аясында жастарға есірткінің зияны түсіндіріліп, оның жарнамасы мен насихатына қарсы рейдтік жұмыстар ұйымдастырылмақ.

Есірткі мәселесі тек құқық қорғау органдарының жұмысы аясында қалатын тақырып емес. Оның алдын алу, әсіресе, жастар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту – қоғамның ортақ міндеті.

– Қаламызда маңызды да, қажетті акция өтуде. Нашақорлық қоғамның ең үлкен әрі ауыр дертіне айналған қауіп болып тұр. Бүгінгі таңда есірткіге қарсы күресу қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан Өскеменді таза, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған қала ретінде дамытуға күш салуымыз керек, – дейді Өскемен қаласы әкімінің орынбасары Болатбек Мамырбаев.

Акция барысында профилактикалық жұмыстардың нақты бағыттары да белгіленді. Соның бірі – есірткі жарнамасы мен насихатына қарсы күрес. Қала көшелеріндегі заңсыз граффитилерді анықтап, жою бойынша рейдтер өткізілсе, ойын-сауық орындарында да түсіндіру шаралары жүргізіледі.

– Мақсатымыз – салауатты өмір салтын насихаттау және студент жастар арасында есірткі қылмысы туралы ескерту. Бұдан бөлек, есірткі жарнамасы мен насихатын жою бойынша көшелердегі граффитилерді өшіруге бағытталған рейдтік жұмыстар жүргізіледі. Көңіл көтеру орындарында да есірткіге қарсы ескерту жұмыстарын жүргізу бойынша рейдтік шаралар ұйымдастырылады, – дейді полиция майоры Сағатбек Малтүгелев.

Акцияға жастар ұйымдарының өкілдері де белсенді қатысты. Олардың айтуынша, өрендердің басын қосып, есірткі мәселесін ашық талқылаудың өзі профилактикалық жұмыстың бір тәсілі.

– Акцияның мақсаты – қазіргі таңда өршіп тұрған есірткіге тосқауыл қою, жастарды сол кеселден алшақтатуды көздейді. Барлық жоғары оқу орындары мен колледждерден мыңнан астам студент жиналып отыр. Шараға «Әділет» партиясының жастары, құқық қорғау органдарының қызметкерлері де қатысты, – дейді «Жастар рухы» жастар қанаты төрағасының міндетін атқарушы Эльмира Нұрсейітова.

Жастардың пікірінше, адамның алдында өзін дамытуға, білім алуға, спортпен айналысуға және өз болашағын қалыптастыруға мүмкіндік беретін көптеген жол бар. Есірткі сол мүмкіндіктердің бәрін жоққа шығаратын таңдау болуы мүмкін.

– Бүгінгі өтіп жатқан шараны дұрыс деп қабылдаймын. Заман түзу болса да, кей адамдар есірткіге бой алдырып жатады. Бұны қате деп есептеймін. Өмірде көптеген жақсылықтар жасауға, өзіңді жетілдіруге болады, – дейді жоғары оқу орнының студенті Әлия Мұратова.

Өскеменде өткен шара осы бағыттағы профилактикалық жұмыстардың жалғасы болмақ. Ал қала көшелеріндегі рейдтер мен жастар арасындағы түсіндіру шаралары есірткі жарнамасы мен насихатына қарсы жұмысты күшейтуге бағытталады.

#ХОККЕЙ

«Торпедо» тартысты ойында «Горнякты» жеңді

Айдос МЫРЗАХМЕТОВ
Евгений ЩЕТНИКОВ

Қазақстан чемпионаты аясындағы тартысты кездесуде Өскеменнің «Торпедосы» Рудныйдың «Горняк» командасын 4:3 есебімен жеңді. Ойын басынан соңына дейін шиеленісті өтіп, әсіресе, соңғы минуттарда көрерменге ерекше эмоция сыйлады.

Кездесудің алғашқы кезеңінде командалар бір-біріне бірден басымдық беруге асықпай, алаңдағы әрбір шайба үшін күресті. Дегенмен 11-минутта өскемендік шабуылшы Алексей Прохоров есеп ашып, «Торпедоны» алға шығарды. Шайба соғылған сәтте оған Хорошев пен Гренц нәтижелі пас берді. Осылайша бірінші кезең алаң иелерінің 1:0 есебіндегі басымдығымен аяқталды.

Екінші кезең басталысымен-ақ «Горняк» тарапы есепті теңестірді. 21-минутта Тимур Шингареев шайба салып, матчтағы таразы басын қайта теңестірді. Алайда «Торпедо» бұған жауапты көп күттірген жоқ.

25-минутта өскемендіктер көпшілік басымдықты тиімді пайдаланып, қайтадан алға шықты. Гол авторы – Гусейнов. Шайбаға Мұхаметов пен Бутенконың нәтижелі пасынан кейін қол жеткізілді.

Бұл голдан кейін «Торпедо» қарқынын үдете түсті. 33-минутта Боровиков есепті 3:1-ге жеткізсе, екінші кезең аяқталуға санаулы ғана минут қалғанда Глухих тағы бір шайба салып, алаң иелерінің артықшылығын үш голға жеткізді. Бұл эпизодта Рифель мен Рыжий нәтижелі пас авторлары атанды.

Үшінші кезеңде «Горняк» беріле қойған жоқ. Рудныйлықтар ойын тізгінін қолға алып, есеп айырмасын қысқартуға ұмтылды. 56-минутта Владимир Кротов көпшілік басымдық кезінде шайба соғып, есепті 4:2-ге жеткізді.

Кездесудің аяқталуына небәрі 34 секунд қалғанда Тимур Шингареев тағы да мергендік танытып, есепті 4:3-ке қысқартты. Алайда соңғы секундтарда өскемендік хоккейшілер қарсыластың қысымына төтеп беріп, есепті сақтап қалды. Нәтижесінде «Торпедо» 4:3 есебімен жеңіске жетіп, маңызды үш ұпайды еншіледі.



#ПРОФИЛАКТИКА

Сел қаупі жоғары кезең қалай өтті?

ШҚО ТЖД

Шығыс Қазақстанның таулы өңірлерінде табиғаттың тынысын бақылау – маусымдық емес, тұрақты жұмысты қажет ететін міндет. Көктем мен жаз айларында мол жауын-шашын немесе күшті жер сілкінісі тау бөктеріндегі сел қаупін күшейтуі мүмкін. Биыл өңірдегі сел қаупі кезеңі төтенше жағдайсыз аяқталды.



Шығыс Қазақстанда сел қаупі төрт аудан мен Риддер қаласының аумағындағы 13 өзен бассейнінде бар. Зайсан ауданындағы Кендірлік пен Жеменейден бастап, Риддердегі Громотуха, Ақ Үбі, Быструха, Алтайдағы Тұрғысын, Катонқарағайдағы Сарымсақты, Бұқтырма, Өрел, Берел, Калмачиха, Шыңғыстай және Арасан өзендеріне дейінгі аумақтар мамандардың тұрақты бақылауында.

Таулы өңірлердегі тағы бір қауіп – мореналық көлдер. Облыста олардың саны 144-ке жетеді. Осы көлдер сел қалыптасуы мүмкін 13 ошақты құрайды және 11 елдімекенге қауіп төндіреді. Дегенмен мамандардың айтуынша, сел жүруі үшін ұзақ уақыт бойы мол жауын-шашын немесе күшті жер сілкінісі сияқты табиғи факторлар қажет.

15 мамырдан 15 қыркүйекке дейін өңірде сел қаупі кезеңі жарияланып, арнайы штаб жұмыс істеді. Жағдайды бақылау үшін 10 гидрологиялық бекет іске қосылды. Оның тоғызы маусымдық болса, біреуі жыл бойы жұмыс істейді.

Бұл кезеңде сел қаупі бар аумақтарда 80 жерүсті тексеру жүргізілді. Опырылым қаупі бар учаскелер де назардан тыс қалған жоқ – мұндай 45 тексеру ұйымдастырылды. Сонымен қатар Катонқарағай ауданы мен Риддер қаласының маңындағы қауіпті аумақтарға әуеден екі рет визуалды зерттеу жасалды.

Өңірде опырылым қаупі бар тоғыз учаске анықталған. Олар негізінен өзен жағалауларында және автомобиль жолдары бойындағы тау беткейлерінде орналасқан. Мұндай учаскелер Алтай, Катонқарағай, Зайсан аудандары мен Риддер қаласы аумағындағы Громотуха, Үбі, Черновая, Хамир, Бұқтырма және Кендірлік өзендерінің бассейндерінде кездеседі.

16 қыркүйектен бастап сел қаупі кезеңі аяқталды. Тұрақты бақылаудың нәтижесінде биыл өңірде сел жүру жағдайлары тіркелген жоқ. Ең бастысы маусым төтенше жағдайсыз өтті.

Алайда таудағы қауіп маусыммен бірге ұмытылмайды. Сел қаупі кезеңі аяқталғанымен, «Қазселденқорғау» мекемесі облыстық филиалының мамандары енді қысқы қар көшкіні кезеңіне дайындыққа кірісті. Бір қауіптің артынан екіншісіне дайындалу – таулы өңірде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты талабы.

#ҚАУІПСІЗДІК

Пештен қатер келмесін

ШҚО ТЖД

Күздің салқыны сезіліп, үйлерде пеш жағыла бастағанда өрт қаупі де арта түседі. Шығыс Қазақстанда жылыту маусымы 1 қазанда басталады. Төтенше жағдайлар қызметі бұл кезеңге алдын ала дайындалып, тұрғын үй секторындағы қауіпсіздікке ерекше назар аударып отыр.



Өткен жылыту маусымының статистикасы қауіптің қай жерде көбірек екенін көрсетеді. Облыста 460 өрт тіркелсе, оның 341-і тұрғын үйлерде болған. Бұл – барлық өрттің шамамен 74 пайызы. Жеке тұрғын үй секторындағы өрттен қаза тапқандар саны да өскен. 2025 жылғы 21 адамнан кейін өткен жылы бұл көрсеткіш 22 адамға жетіп, 4,7 пайызға артқан.

Қайғылы жағдайлардың басым бөлігі күрделі техникалық ақаудан емес, қарапайым қауіпсіздік талаптарының сақталмауынан болады. Адам өлімінің 54,5 пайызы отпен абайсыз жұмыс істеуге байланысты болса, 27,2 пайызы мас күйде төсекте темекі шегуден болған. Пешті дұрыс орнатпау және пайдалану талаптарын бұзу да қайғылы жағдайлардың 13,6 пайызына себеп болған.

Жылу маусымындағы тағы бір көзге көрінбейтін қауіп – иіс газы. Жыл басынан бері облыста осы газдан 21 адам зардап шегіп, алты адам қайтыс болды. Түссіз әрі иіссіз газдың қауіптілігі де осында – адам оның тарағанын дер кезінде байқамауы мүмкін.

Сондықтан соңғы жылдары көміртек тотығы датчиктерін орнатуға ерекше мән беріліп келеді. Әсіресе әлеуметтік осал азаматтардың үйлеріне мұндай құрылғылар орнатылуда. Облыстық төтенше жағдай департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Нұржан Өміржановтың айтуынша, соңғы алты жылда облыста 17 мыңнан астам датчик орнатылған. Олар 40 адамның, оның ішінде 32 баланың өмірін сақтап қалуға мүмкіндік берген. Мәселен, Шемонаиха ауданында осындай құрылғының дабылы екі адамның өмірін сақтап қалған.

Алдағы жылыту маусымына дайындық барысында ТЖД тұрғын үй секторын аралап, қауіпсіздік талаптарын түсіндіруде. Қазір атаулы әлеуметтік көмек алатын 2758 азамат есепке алынған. Тамыз айының ортасынан бері әлеуметтік осал отбасыларға кеңес беріліп, өрт қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жұмысы жүргізіліп жатыр. Профилактикалық рейдтер жылыту кезеңі аяқталғанға дейін жалғасады.

Ал үй иелерінің өзіне қойылатын талап қарапайым: пеш мұржасын уақытында тазалау, ақаулы пешті пайдаланбау, оны қараусыз қалдырмау, пеш үстіне киім немесе басқа заттарды кептірмеу, жанғыш сұйықтықтарды қолданбау қажет. Электр жылытқыштарын пайдаланғанда желіге шамадан тыс салмақ түсірмей, тек зауытта шығарылған жарамды құрылғыларды қолданған жөн.

Жылы үй – жайлылықтың ғана емес, қауіпсіздіктің де мекені. Ал оның қауіпсіз болуы ең алдымен әр тұрғынның өз жауапкершілігіне байланысты.

#МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

Әкесінің жолын қуып, құтқарушы атанды



ШҚО ТЖД

Кей мамандық жүрекке бала кезден орныпып, уақыт өте өмірлік жолға айналады. Темірлан Құмарқанов үшін құтқарушы болу – дәл сондай таңдау. Ол әкесі Айдар Бөлекбаевтың жолын жалғап, бір жылдан бері төтенше жағдайлар саласында қызмет етіп жүр.

Темірланның бала күнгі естеліктері өрт сөндіру бөлімімен байланысты. Әкесі жұмысқа асығып бара жатқанда шығарып салып, оның адам өмірін қорғау үшін атқарып жүрген қызметіне қызығатын. Өрт сөндірушілердің бір-біріне сүйеніп, қиын сәтте жұмыла әрекет ететіні де жас Темірланға ерекше әсер ететін. Сөйтіп, әкесінің батылдығына қызыққан бала кейін сол мамандықты өзі де таңдады.

Бүгінде Темірлан Өскемендегі №4 өрт сөндіру бөлімінде қызмет атқарады. Бір жыл ішінде табиғи және тұрмыстық өрттерді сөндіруге қатысып, адамдардың өмірін сақтап қалу ісіне үлес қосып үлгерді. Жас маман үшін әр шақырту – тәжірибе жинайтын сәт қана емес, адам тағдырына жауап беретін жауапты міндет.

Оның батылдығын көрсеткен оқиғалардың бірі биыл мамыр айында болды. Қызметке бара жатқан Темірлан көпір үстінде секіргелі тұрған қызды байқайды. Ол уақыт жоғалтпай жанына барып, қолынан ұстап, қыздың қауіпсіз жерге шығуына көмектескен. Осылайша дер кезінде жасалған шешімді әрекет қайғылы жағдайдың алдын алды.

– Менің жолым болды деп ойлаймын. Өйткені №4 өрт сөндіру бөлімінде қызметімді бастадым. Қарауылдағы әріптестерім әрдайым қолдау көрсетіп, дұрыс бағыт беріп тұрады. Олардың көмегін үнемі сезінемін, – дейді Темірлан.

Жас құтқарушының бұл мамандықты таңдауы – әкесі үшін де үлкен мақтаныш. Айдар Бөлекбаев жиырма жылдан бері азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келеді. Қазір ол – Ұлан ауданының Таврия ауылындағы №12 өрт сөндіру бөлімінің командирі. Қызмет барысында Күршім және Алтай аудандарындағы ірі орман өрттерін сөндіруге қатысты.

– Ол өз мамандығын саналы түрде таңдады, – дейді әкесі.

Әке мен баланың тағдыры бір мамандықта тоғысты. Бірі – жылдар бойы жинаған тәжірибесін кейінгі буынға беріп жүрген аға буын өкілі, екіншісі – сол жолды енді бастап келе жатқан жас құтқарушы. Екеуін біріктіретіні – адамдардың өмірі мен қауіпсіздігіне деген жауапкершілік.

#БІЛІМ

Балаларымыз төтенше жағдайға дайын ба?

Төтенше жағдай кезінде бірнеше секундтың өзі шешуші болуы мүмкін. Ал сол сәтте не істеу керектігін алдын ала білетін бала абдырап қалмай, дұрыс әрекет ете алады. Сондықтан оқу жылының басталуымен Өскеменде оқушыларға қауіпсіздік негіздерін үйретуге бағытталған сабақтар жанданды.

Өскемен қаласы төтенше жағдайлар басқармасының құтқарушылары №29 қосымша білім беру мектеп-орталығындағы «Жас құтқарушы» үйірмесінің педагогтерімен бірлесіп, қала мектептерінде арнайы сабақтар өткізіп жүр. Мұндағы мақсат – балаларға ереже жаттатумен шектелмей, қауіпті жағдайда нақты әрекет ету дағдысын қалыптастыру.

Сабақ барысында оқушылар өрт шыққан кезде, басқа да төтенше жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін үйренеді. Қауіпсіздік талаптарымен қатар «Дабыл чемоданын» қалай дұрыс жинау керектігі де түсіндіріледі. Мұндай қарапайым көрінген білім күтпеген жағдайда аса қажет болуы мүмкін.

Балалар үшін сабақтың тағы бір қызықты тұсы – құтқарушы мамандығымен жақынырақ танысу. Күнделікті өмірде арнайы киімдегі мамандарды сырттай көретін оқушылар олардың жұмысы қаншалықты жауапты екенін осы кездесулер барысында түсінеді. Кейбірі болашақта осы мамандықты таңдауы мүмкін.

«Жас құтқарушы» үйірмесінің жұмысы да осы бағытты толықтырады. Баланың қауіпсіздік мәдениеті бір күнде қалыптаспайды. Ол қарапайым ережелерден басталып, күнделікті дағдыға айналады.

Бетті әзірлеген – Арман САПАРҒАЛИ

ҚАУЛЫ

Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауданындашетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың, ойын мекемесінің жұмыскерлерінің және еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысты ойын мекемесінде болатын өзге де адамдардың ғана кіруіне жол берілетін казино мен ойын автоматтары залдарын орналастыру үшін аумақ шекараларын айқындау туралы

«Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес, «Казино, ойын автоматтары залдары, букмекерлік кеңселер мен тотализаторлар (букмекерлік кеңселердің және (немесе) тотализаторлардың кассалары) орналастырылатын аумақтарды, сондай-ақ шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың, ойын мекемесінің жұмыскерлерінің және еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысты ойын мекемесінде болатын өзге де адамдардың ғана кіруіне жол берілетін казино мен ойын автоматтары залдарын орналастыру үшін жекелеген аумақтардың тізбесін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 26 тамыздағы № 767 қаулысының негізінде Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданы Марқакөл ауылдық округі Ақжайлау ауылының маңында шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың, ойын мекемесінің жұмыскерлерінің және еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысты ойын мекемесінде болатын өзге де адамдардың ғана кіруіне жол берілетін казино мен ойын автоматтары залдарын орналастыру үшін аумақ шекаралары айқындалсын.

2. «Шығыс Қазақстан облысының туризм және инвестиция басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялау үшін «Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.


4. Осы қаулының орындалуын бақылау Шығыс Қазақстан облысы әкімінің туризм мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі **Н. Сақтағанов**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2026 жылғы __ _____
№ _____ қаулысына
қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданы Марқакөл ауылдық округі Ақжайлау ауылының маңында шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың, ойын мекемесінің жұмыскерлерінің және еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысты ойын мекемесінде болатын өзге де адамдардың ғана кіруіне жол берілетін казино мен ойын автоматтары залдарын орналастыру үшін аумақ шекаралары

Шекаралардың бұрылыс нүктелерінің координаттары		
Нүкте №	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
Т1	48.59°10’06.30’’N	85.96°51’23.45’’E
Т2	48.58°83’94.76’’N	85.97°92’95.72’’E
Т3	48.58°20’58.40’’N	85.97°88’49.41’’E
Т4	48.58°22’51.45’’N	85.96°86’18.39’’E
Т5	48.58°45’79.41’’N	85.95°91’08.35’’E



Учаскенің сипаттамасы

Есептік орам – 05-338-049
Жер учаскесінің алаңы – 100 га
Орналасқан жері – Ақжайлау ауылынан оңтүстікке қарай 500 м

Шартты белгілер

- Елді мекендер
- Аудандық маңызы бар жолдар
- Ойын аймағының шекарасы
- Марқакөл ауылдық округінің шекарасы

Аумақ шекарасының сипаттамасы –

солтүстік жағынан Ақжайлау ауылының қолданыстағы аумағымен шектеседі,

оңтүстік жағынан босалқы жерлер аумағымен шектеседі,

батыс жағынан қолданыстағы жол инфрақұрылымымен шектеседі,

шығыс жағынан босалқы жерлер аумағымен шектеседі.

#СПОРТ

Самар ауданында жас балуандар бақ сынасты

Арман САПАРҒАЛИ
Самар ауданының әкімдігі

Самар ауданында 2015–2016 жылы туған ұлдар мен 2013–2014 жылы туған қыздар арасында еркін күрестен ашық турнир өтті.

Жарыс «Заң және тәртіп» қағидатын жүзеге асыру аясында ұйымдастырылды. Аудан әкімінің кубогына арналған турнир жасөспірімдер арасында тәртіп пен жауапкершілікті қалыптастыруға, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды.

Байрақты бәсекеге Өскемен қаласынан, Зайсан, Шемонаиха, Самар, Үлкен Нарын аудандарынан, сондай-ақ Абай облысының Жарма және Көкпекті аудандарынан жас балуандар қатысты.

Жарыс барысында спортшылар шеберліктері мен дайындық деңгейін көрсетіп, жеңіске деген жігерін танытты. Командалық есепте Самар ауданы бірінші орынға ие болды. Екінші орын Өскемен қаласына, үшінші орын Жарма ауданына бұйырды.



– Бұл турнир – жас спортшылардың шеберлігін шыңдап, өзара тәжірибе алмасуына жақсы мүмкіндік. Спортпен айналысқан жас тәртіпке, жауапкершілікке және мақсатқа жетуге ұмтылады. Алдағы уақытта да осындай жарыстар жалғасын тауып, ауданымыздан ел намысын қорғайтын мықты спортшылар шығарына сенемін, – деді Самар ауданының әкімі Серік Жеңісов.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер грамоталармен, медальдармен және ақшалай сертификаттармен марапатталды.

#ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Тәуекелдерді болжай отырып, мал ұрлығының алдын аламыз

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қылмыстық қатерлер мен қоғамдық қауіпсіздік тәуекелдерін анықтау бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді.

Криминогендік жағдайды талдауға және алдын алу шараларын күшейту қажет аумақтарды анықтауға ерекше назар аударылады.

Департамент мал ұрлау фактісі бойынша қылмыстың жай-күйіне талдау жүргізіп, нәтижелері бойынша Ұлан ауданында мал ұрлау фактісі бойынша тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың төмендеуі байқалды.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша Департамент қызметкерлері Ұлан ауданында ауылдарды аралау ұйымдастырды. Аралау барысында мал ұрлығының бұрын тіркелмеген 5 фактісі анықталып, есепке қойылды. Әрқайсысы бойынша полиция органдары заңда көзделген шаралар қабылдауда.

Талдау көрсеткендей, қараусыз қалған, әсіресе қоршаусыз, бақылаусыз жайылымда жүрген мал көбінесе ұрлықтың нысанасына айналады.

Департамент ұсынады:

– малды қараусыз қалдырмау;

– жайылымды тек тексерілген адамдарға тапсыру;

– қоралардың жоғары сапалы құлыпталуы мен жарықтандырылуын қамтамасыз ету;

– чиптеуді (биркалауды) уақтылы жүргізу;

– мал басын тіркеуді қамтамасыз ету.

Жоғалған жағдайда – 102 нөмірі бойынша дереу полицияға хабарлау қажет.

Егер сіздің өтінішіңіз немесе хабарламаңыз тіркелмеген болса немесе қылмыстық құдалау органының қабылдаған шешімімен келіспесеңіз, Департаментке жүгіне аласыз.

Мекенжайы: Өскемен қаласы, Ж.Уәлиев көшесі, 4.
Телефондар: 61-40-58, 8-702-285-12-20.

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ШҚО бойынша департаменті

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Жансат» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Жобалық құжаттаманың атауы: «Аблакетское» кен орнының диориттерін өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары. Әсер ету аймағы: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. а., Өскемен қ. Жер учаскелерінің жалпы ауданы 152 593 м2 (15,2593 га) құрайды.

Координаттар: 1. 49°54′36,1″се, 82°41′13,0″шб; 2. 49°54′41,96″се, 82°41′6,97″шб; 3. 49°54′48,95″се, 82°40′57,99″шб; 4. 49°54′52,9″се, 82°40′55,23″шб; 5. 49°54′53,59″се, 82°40′57,86″шб; 6. 49°54′52,18″се, 82°41′0,51″шб; 7. 49°54′53,22″се, 82°41′2,94″шб; 8. 49°54′49,0″се, 82°41′15,0″шб; 9. 49°54′45,0″се, 82°41′21,0″шб; 10. 49°54′41,0″се, 82°41′23,0″шб.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 30 қазанда сағат 15:00-де мына мекенжай бойынша өтеді: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. а., Өскемен қ., Островский к-сі, 20/1, «Өскемен қаласы әкімдігінің мәдени қызметті және бұқаралық спортты дамыту орталығы» КМҚК. Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта өтеді (ашық жиналыс және ZOOM платформасында бейнеконференция). Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: https://us06web.zoom.us/j/86777008776?pwd=hLrCE2I1K6H5SOi70PS3jov7TuQ2b0.1.

Конференция идентификаторы: 867 7700 8776, кіру коды: 466505. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 15 минут бұрын басталады. Интернет желісіне қосылу мүмкін болмаған жағдайда тыңдаулар офлайн режимінде өткізілетін болады.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында https://ndbecology.gov.kz/, «*қоғамдық тыңдаулар күнтізбесі» бөлімінде* танысуға болады, сондай-ақ ЖАО сайтында «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ e-priroda.gov.kz «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде: https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ Өскемен қаласы, К. Либкнехт көшесі, 19 мекенжайы бойынша «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ қабылданады, тел.: 8 (7232) 25-70-82. Электрондық мекенжайы: d.babakanova@akimvko.gov.kz.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Ұсынылған қызметтің бастамашысы: «Жансат» ЖШС, 070015, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Самар тас жолы, 29- ғимарат, БСН 040840000696, e-mail: tooacc_yur@mail.ru, тел: +7 (777) 301-20-03.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ЭкоПроект және аудит» ЖШС, 070003, ШҚО, Өскемен қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 8/1. Тел: 8 (777) 331-12-00, e-mail: ecoproektaudit@gmail.com, БСН: 180640009674.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: ecoproektaudit@gmail.com және тел: +7 (777) 331-12-00.

МҰРАГЕРЛЕР ІЗДЕЛУДЕ

■ **Садуакасов Ержан Сагдолдинович** (13.01.1968 жылы туған) 19.07.2026 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус И. Е. Смаиловаға ШҚО, Өскемен қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 35/2 мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Телефон: 8-705-527-48-52.

«ALTAI-NEWS» МЕДИА-ОРТАЛЫҒЫ

«DIDAR» ГАЗЕТІНІҢ


PDF-НҰСҚАСЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ!

Электронды нұсқаны өз e-mail поштаңызға алу үшін бірнеше қарапайым қадам жасау қажет:

1) QR-кодты сканерлеңіз немесе интернет-браузер арқылы www.didargazeti.kz сайтына өтіңіз.

2) didargazeti.kz сайтындағы «Газетке жазылу» бөліміне кіріп, ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдаңыз:

12 АЙҒА, 6 АЙҒА, 3 АЙҒА



3) **«СЕБЕТКЕ ҚОСУ»** батырмасын басыңыз.

4) Тауар себетке қосылғаннан кейін **«ТАПСЫРЫСТЫ РӘСІМДЕУГЕ ӨТУ»** батырмасын басыңыз.

5) Бос жолдарға өз деректеріңізді енгізіп, **«ТӨЛЕМГЕ ӨТУ»** батырмасын басыңыз. Жазылым ақысы сіз көрсеткен банк картасының нөмірінен автоматты түрде алынады.

Жазылым рәсімделгеннен кейін көрсетілген электронды поштаға газеттің жақын арадағы саны ғана емес, сонымен қатар ағымдағы айдағы барлық алдыңғы сандары да жіберіледі.

Егер сіз тек соңғы нөмірін сатып алғыңыз келсе, didargazeti.kz сайтының басты бетінде **«PDF ЭЛЕКТРОНДЫ ГАЗЕТ»** батырмасын басып, ұсынылған нұсқалардың бірін таңдаңыз.

Егер сіз электрондық нұсқамен бірге газеттің қағаз нұсқасын да алғыңыз келсе, тапсырыс рәсімдеу кезінде пошта мекенжайыңызды, тегіңізді көрсетіп, «**ТАПСЫРЫСЫҢЫЗҒА ЕСКЕРТПЕ ҚОСЫҢЫЗ**» батырмасын басыңыз. Ашылған терезеге «Қағаз нұсқаны менің пошта мекенжайыма жеткізу» деп жазыңыз.



	«Қазпошта» АҚ арқылы				Редакция арқылы				
Индекс	1 ай , теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге	Индекс	1 ай , теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге
19071 (жеке)	872	2616	5232	10464	19071 (жеке)	686	2058	4116	8232
19073 (жеңілдік)	832	2496	4992	9984	19073 (жеңілдік)	616	1848	3696	7392
19072 (мекеме)			8003	16006	19072 (мекеме)			5520	11040

Жұлдыз-жорамал (28 қыркүйек – 4 қазан)

ТОҚТЫ *Бұл апта Тоқтылар үшін жаңа бастамалар мен маңызды шешімдер кезеңі болады. Айдың соңында аяқталмай қалған жұмыстарды ретке келтіріп, қазан айына нақты жоспар құруға мүмкіндік туады. Қарым-қатынаста өз мінезіңізді бақылаған жөн.*

ТОРПАҚ *Торпақтар үшін бұл апта тұрақтылық пен қаржылық мәселелерге көбірек көңіл бөлуді талап етеді. Айдың соңында кейбір жоспарларыңыз өзгеруі мүмкін, бірақ бұл өзгерістер кейін сізге пайдалы болып шығуы ықтимал.*

ЕГІЗДЕР *Егіздер үшін бұл апта қарым-қатынас пен жаңа ақпаратқа толы болады. Сізге бірнеше адамнан ұсыныс немесе маңызды хабар келуі мүмкін. Бір уақытта бірнеше жұмысты орындауға тырысқаннан гөрі, оларды ретімен аяқтаған дұрыс.*

ШАЯН *Шаяндар үшін жаңа апта отбасы, жақын адамдар және ішкі тыныштыққа байланысты болады. Соңғы уақытта жиналып қалған шаршау өзіңізге көбірек көңіл бөлу керектігін көрсетеді. Махаббатта сезімдеріңізді жасырмай айту қарым-қатынасты жақсартады.*

АРЫСТАН *Арыстандар үшін бұл апта жетістікке ұмтылу және өз мүмкіндіктерін көрсету кезеңі болады. Сізге көпшілік алдында сөйлеу, өз идеяңызды қорғау немесе маңызды тапсырманы басқару қажет болуы мүмкін. Жеке өмірде романтикалық көңіл-күй басым болады.*

БИКЕШ *Бикештер үшін бұл апта жоспарлау мен тәртіпті қажет етеді. Қыркүйектің соңында аяқталмаған істерді ретке келтіріп, жаңа айға дайындалу маңызды. Жұмыста немесе оқуда ұсақ детальдарға назар аударуыңыз сізді қателіктен сақтайды.*

ТАРАЗЫ *Таразылар үшін бұл апта таңдау мен жаңа бағыттардың аптасы болады. Бірнеше нұсқаның арасынан шешім қабылдауға тура келуі мүмкін. Басқалардың пікірін тыңдаңыз, бірақ соңғы шешімді өз қалауыңызға қарай қабылдаған жөн.*

САРЫШАЯН *Сарышаяндар үшін бұл апта ішкі күш пен табандылықты талап етеді. Кейбір мәселелер бірден шешілмей, сізден шыдамдылықты қажет етеді. Бірақ қиындықтарға қарамастан, бастаған ісіңізді аяқтауға мүмкіндік бар.*

МЕРГЕН *Мергендер үшін жаңа апта қозғалыс пен жаңа мүмкіндіктерге толы болады. Қазан айын жаңа мақсатпен бастауға мүмкіндік аласыз. Аптаның ортасында достарыңызбен немесе әріптестеріңізбен байланысты маңызды кездесу болуы мүмкін.*

ТАУЕШКІ *Тауешкілер үшін бұл апта еңбек пен нақты нәтижелерге бағытталады. Сіз ұзақ уақыт бойы жасаған жұмысыңыздың нәтижесін көре бастайсыз. Жұмыста немесе оқуда сізге сеніп тапсырылған маңызды міндет болуы мүмкін.*

СУҚҰЙҒЫШ *Суқұйғыштар үшін бұл апта шығармашылық пен ерекше идеялар кезеңі болады. Сізде бұрын ойламаған жаңа жоспар пайда болуы мүмкін. Оны бірден жүзеге асыру қиын болғанымен, алғашқы қадамды жасауға дәл осы апта қолайлы.*

БАЛЫҚ *Балықтар үшін бұл апта эмоциялық жаңару мен жаңа жоспарларға толы болады. Қыркүйектің соңында өзіңізге есеп беріп, қандай мақсаттарға қол жеткізгеніңізді бағалайсыз. Жақын адамдармен қарым-қатынас жылы әрі жағымды болады.*

БАҚ-тың меншік иесі:
«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС

«**DIDAR**» газеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеліп, 2025 жылғы 26 наурыздағы №KZ11VPY00115455 куәлігі берілген.
«**DIDAR**» газеті – ҚР Президенті грантының және Қазақстан журналистика академиясы «Алтын жұлдыз» сыйлығының иегері.
Мекенжай: 070003, Өскемен қаласы, Гоголь көшесі, 36.

«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС
Бас директоры
Арсений ДҮЙСЕНОВ

Контент-редактор
Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 8(7232)75-17-97
Жарнама бөлімі:
8-777-239-76-82,
8(7232) 75-28-22,
e-mail: marketing@altaynews.kz

«DIDAR» газетінің сайты:
www.didargazeti.kz
+7 777 239 7682

Жарияланған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді.
® белгісі қойылған материалдар коммерциялық негізде жарияланады.
Материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым салынады.

Газет «Дом печати» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143.

Көлемі 6 баспа табақ.
Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 3700
Тапсырыс №39

Altainews MEDIA CENTRE
2000125790822>